



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДІН ІСТЕРІ АГЕНТТІГІ**

**ДІН САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР
БОЙЫНША МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ КӨМЕК РЕТІНДЕ



УДК
ББК
С

**Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі
Төрағасының орынбасары, саяси.ғ.к. Ғ.Н.Шойкиннің
жалпы редакторлығымен**

Дін саласындағы негізгі мәселелер бойынша материалдар жинағы: Мемлекеттік қызметкерлерге көмек ретінде / Құраст. Ж.Ж. Қарашолақов, Е.Е. Ибраев. Қазақшаға аударған: Г.М.Тоқтарова, Е.Е.Ибраев. – Астана, ҚР Дін істері агенттігі, 2014. – 162 б.

ISBN –

Жинаққа Қазақстан Республикасының дін және мемлекеттік-конфессионалдық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатының маңызды аспектілері көрсетілетін материалдар енгізілген.

Басылым мемлекеттік қызметкерлердің республиканың түрлі топтағы тұрғындарымен дін саласындағы мәселелер бойынша жұмысы барысында қолдануына арналған.

© ҚР Дін істері агенттігі, 2014

МАЗМҰНЫ

§1. Мемлекеттің конфессионалдық саясатының негізгі міндеттері мен ұстанымдары.....	4
§2. Дін саласындағы мемлекеттік органдар қызметінің басымдықтары.....	7
§3. Діни сенім бостандығы және мемлекеттің зайырлылық принциптері.....	12
§4. Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың ұйымдастырушылық-институттық негізі.....	17
§5. Қазақстан Республикасының конфессионалдық кеңістігі.....	25
§6. Конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету – Қазақстанның үдемелі дамуының басты шарты.....	30
§7. Қазақстандағы экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл.....	35
§8. Қазақстан Республикасының халықаралық бастамалары, олардың бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз етудегі рөлі.....	43
§9. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың конфессионалдық саясат туралы сөйлеген сөздерінен.....	48
Қосымша.....	58

§1. МЕМЛЕКЕТТІҢ КОНФЕССИОНАЛДЫҚ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҰСТАНЫМДАРЫ

Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім – біздің басты құндылығымыз. Көп этносты еліміздегі татулық пен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі әлемдік эталон ретінде танылған. Қазақстан жаһандық конфессияаралық үнқатысу орталығы болып саналады деп көрсетеді.

Қазіргі таңда Қазақстанда 130 этностық және 18 конфессионалдық топ өкілдері тіршілік етеді, елде олардың арасында бейбіт қатар өмір сүруі мен дамуы үшін қолайлы жағдай жасалған.

Қазақстандағы діндердің дамуы діни сенім бостандығы, рухани даму, елдегі азаматтық татулық пен конфессияаралық келісімді сақтау мен нығайтуға бағытталған мемлекеттің жүйелі саясатының нәтижесі болып саналады.

Соңғы екі онжылдықта дін мен конфессияаралық қатынас аясындағы жағдай айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Діни ахуалдың жай-күйі, өсу қарқынына жасалған талдау өскелең ұрпақ өкілдерінде діндарлықтың артқандығын байқатады. Және де бұл жеке тұлғаның табиғи рухани қажеттілігі тұрғысында ғана емес, қоғамда қалыптасқан мәдени және рухани дәстүрге нұқсан келтіруге талпынатын жалған діни ұйымдар қызметі арқылы да өсуде.

2009 жылы жүргізілген ұлттық халық санағының мәліметі бойынша Қазақстан тұрғындарының 70%-дан астамы өздерін мұсылман санаса, 25%-ы христиан, 0,3%-ы иудей, 0,1% – буддист санайтындығын көрсеткен.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратындығы көрсетілген. Нақты осы негізде бүгінгі таңда мемлекет дін аясындағы өз саясатын жүзеге асыруда.

Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері:

1. Азаматтардың діни сенім бостандығына құқығын жүзеге асыруды қамтамасыз ету және діни бірлестіктермен өзара әрекеттестік орнату.

2. Қазақстандық қоғамда конфессияаралық келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз ету, конфессияаралық диалогты ұйымдастыру және қолдау.

3. Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл, дін саласындағы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Көрсетілген міндеттер орталық мемлекеттік органдармен қатар жергілікті атқарушы органдар саясаты ретінде жүзеге асырылады.

Қазақстандағы конфессионалдық саясаттың құрылуына негіз болатын басты ұстанымдар:

1. Елдің Конституциясы мен заңдары азаматтардың ар-ұждан және діни сенім бостандығына кепілдік береді. Конституция конфессионалдық, этникалық және өзге де белгілердегі кемсітушіліктің кез келген формасына тыйым салады. ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы діни бірлестіктердің еркін қызмет етуі үшін құқықтық негізді нығайтты. Қазақстан адам құқығы аясындағы маңызды халықаралық келісімдер мен шарттарға, оның ішінде осы саладағы БҰҰ-ның іргелі пактілеріне қосылды.

2. Қазақстан зайырлы және құқықтық мемлекет саналатындықтан, мемлекет конфессиялардың өз қызметтері мен құқықтарын жүзеге асыруға тең және қолайлы жағдай жасайды.

Аталған ұстанымдар діни бірлестіктер санының айтарлықтай артуына және конфессиялар арасында достық байланыстың нығаюына себепші болды. Қазақстан тұрғындарының басым көпшілігі өздерін мұсылман санауы өзге діни сенімдердің толыққанды қызмет етуіне кедергі жасамайды. Мұсылман емес діни бірлестіктер санының артуы осыған дәлел бола алады. Тәуелсіздік алған кезеңнен бері православиелік, католиктік, протестанттық қауым саны бірнеше есеге өсті.

Азаматтық қоғам институттарының – үкіметтік емес ұйымдар, Қазақстан халқы Ассамблеясы, сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарының дін саласындағы мемлекеттік саясаттың жүзеге асуына белсенді қатысуы Қазақстандағы конфессиялық тұрақтылықтың нығаюында маңызды рөл атқарады. Бүгінгі таңда халықтың түрлі деструктивтік, оның ішінде жалған діни идеяларды мойындамаудағы нақты азаматтық ұстанымын қалыптастыру маңызды саналады.

Діндердің бейбіт қатар өмір сүруі, экстремизмнің таралуына қарсы іс-қимыл, жалпы алғанда Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының басым міндеттері болып табылады. Діни және этникалық негіздегі қақтығыстар, мәдени, әлеуметтік, саяси құқықтардың шектелуі, этникалық немесе конфессионалдық белгілердің, діни экстремизм мен терроризмнің мемлекеттің саяси жүйесінің тұрақсыздығына, халықаралық қатынастардың шиеленісуіне себеп болуы мүмкін екендігін есте сақтау қажет.

Қорыта келе, қазіргі таңда Қазақстанда діни бірлестіктердің ішкі ісіне араласпауға, діни сенімдерге құрметпен қарауға, заң алдында түрлі дін өкілдері тең дәрежеге ие болуына негізделген мемлекет пен діндер арасында бірегей үлгі орнағандығын айта кету керек.

2013 жылғы әлеуметтанулық сауалнаманың мәліметтері бойынша дін саласындағы мемлекет саясатын ел азаматтарының

89%-ы қолдайды. Осыған сәйкес, дін саласындағы мемлекет саясатын, осы саладағы мемлекеттік бастамалардың қоғамдық қолдауға ие болғандығын есепке ала отырып, толықтай жетістікке ие деп атауға болады.

Біздің еліміздің түрлі конфессиялармен өзара әрекеттестік орнату тәжірибесін халықаралық ұйымдар мен шетелдік серіктестер, оның қатарында БҰҰ, ЮНЕСКО, ЕҚЫҰ зерттеп, зерделеуде.

§2. ДІН САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ

Дін саласындағы мемлекеттік органдар қызметінің ақпараттық-түсіндіру жұмысындағы басымдықтары болып азаматтардың бұқаралық сана-сезімінде келесі 4 маңызды идеологиялық құндылықтар мен қағидаларды қалыптастыру болып табылады.

Бірінші идеологиялық қағида: «Зайырлы қоғам және жоғары руханилық – біздің басты құндылықтарымыз».

Қоғамдағы зайырлылық сана-сезімін нығайту керек. Азаматтар мен қоғамды сыртқы рухани агрессиядан қорғауды қамтамасыз ету және халық санасында еліміздің болашағын зайырлылық қағидаларына негізделген индустриялық-инновациялық дамушы Қазақстан ретінде қалыптастыру. Осы контексте келесі ойды халыққа жеткізу өте маңызды: **«рухани және діни құндылықтар еліміздің көркеюіне, еліміздің барлық салаларының дамуына қолайлы жағдайлар қалыптастыруға себептесуі қажет».**

Бұл идея Қазақстанның экономикалық өзгерісі рухани құндылықтардың өзгерісімен қатар жүретіндігін көрсетеді. Рухани құндылықтар еліміздің одан әрі даму үдерісіне белгілі бір идеологиялық негіз қалыптастырады. Оған сәйкес, рухани-діни құндылықтар қоғамда толеранттықты қалыптастырып және әртүрлі конфессия адамдарының арасында сыйластықты қамтамасыз ете отырып, Қазақстанның дамуына байланысты 2050 жылға дейін қойылған мақсаттардың негізін қалыптастыру және біздің еліміздің дамыған 30 елдің құрамына кіруі үшін жағдай жасауы керек.

Осыған байланысты, халыққа архаикалық құндылықтарға бағдарланған радикалды-діни сипаттағы идеялар Қазақстандағы прогрессивті үдерісті тежейтіндігі туралы ойды жеткізу аса маңызды.

Екінші идеологиялық қағида: «Бірлік және келісім – Қазақстан дамуының негізі».

Халықты Қазақстандағы конфессияаралық келісімнің арқасында қамтамасыз етілетін, ел тәуелсіздігінің табыстарының сақталуы мен дамуына бағдарлау қажет. Идеологиялық құндылықтар, тұрақтылық, бірлік пен келісім еліміз бен әр қазақстандық отбасының одан әрі көркеюінің негізгі шарты екеніне азаматтардың назарын аудару қажет.

Үшінші идеологиялық қағида: «Отан сүйгіштік, ұлттық дәстүр мен мәдениет – бұл ұлтымыздың рухани іргетасы».

Тарихи сананың құрамдас бөлігі және азаматтардың болашаққа рухани-өнегелік бағдарлары ретінде отан сүйгіштік, ұлттық дәстүр, мәдениет пен дәстүрлі діни құндылықтарды қоғамда біртіндеп насихаттау маңызды.

Төртінші идеологиялық қағида: «Радикализм және экстремизммен күресу – бүкіл қоғамның міндеті».

Қоғам назарын радикализм, экстремизм мен терроризмнің барлық түрлері мен көріністеріне қарсы мемлекет пен азаматтар ортақ шеп құра отырып күресулері тиіс екендігіне аударту қажет. Қоғамды экстремизм мен терроризмнің қаупінен сақтандыруға қоғамның барлық мүшелерінің қатысуының маңыздылығына ерекше көңіл аудару керек, сонымен қатар, ең бастысы зиялылар, үкіметтік емес ұйымдар, БАҚ өкілдері белсенді түрде қатысуы тиіс екенін түсіну маңызды болып табылады.

Осы орайда, дінбасылары өкілдерінің, этностық-мәдени орталықтар, үкіметтік емес және жастар ұйымдары, әртүрлі саладағы беделді азаматтардың әлеуеттерін діни экстремизмге қарсы түсіндіру жұмыстарына қолдану қажет. Қоғам өкілдері экстремизм мен терроризмнің барлық түрлері мен көріністеріне қарсы шығып қана қоймай, сонымен қатар, оларға принциптік бағалау мен кез келген деструктивті ағымдарды айыптауларын көрсетулері тиіс.

Жалпы алғанда, экстремистік доктриналар мен ілімдерді жою мен дін атын жамылған радикалды және деструктивті идеологиялардан өзіндік қорғануға бағытталған қоғамдық бастамаларды жандандыруға күш салу қажет.

Барлық аталған қағидалар мемлекеттік органдар мен діни саладағы азаматтық қоғам институттарының ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының басты идеологиясына айналуы тиіс.

Ақпараттық-түсіндіру жұмысы – мемлекеттік саясаттың түрлі аспектілері бойынша қоғамдық пікір қалыптастыру мақсатында мемлекеттік мекемелердің халықпен жұмыс жүргізу формасының бірі.

Дін мәселелері жөніндегі ақпараттық-насихаттық топтар (әрі қарай - АНТ) елдегі үйлесімді конфессияаралық қарым-қатынасты қалыптастыруға және нығайтуға, халықтың діни сауаттылығын арттыруға және діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға бағытталған ақпараттық-насихаттық жұмыстарды іске асыру тәсілінің бірі болып табылады.

Дін мәселелері жөніндегі АНТ азаматтардың мемлекеттік құрылымдардың және дәстүрлі діндердің құзыретті өкілдерінен, дінтанушылар мен теологтардан дін мәселелері жөнінде толыққанды да шынайы ақпарат алудағы конституциялық құқығын іске асыру мақсатында құрылады.

АНТ жұмысының басты бағыттары келесілер болып табылады:

- 1) конфессияаралық келісімді насихаттау;
- 2) тұрғындардың діни және құқықтық сауаттылығын көтеру;
- 3) діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу.

АНТ облыстық, аудандық және қалалық деңгейлерде құрылады. АНТ жұмысы дін саласындағы мемлекеттік саясатқа халық сенімінің негізін қалайды және қоғамдық келісім мен қоғамдағы тұрақтылықты нығайтуға белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастырады.

АНТ құрамына дінтанушы-мамандар, теологтар, ғалымдар, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, заңгерлер, психологтар, жергілікті атқарушы және құқық қорғаушы органдардың қызметкерлері енеді. Өзінің жұмысы барысында АНТ тұрғындардың мақсатты әлеуметтік топтарын қамтып, оларға діннің шынайы адамгершілік бастауларын жеткізіп, дәстүрлі рухани құндылықтарды сіңіреді және радикалды, деструктивті діни қауымдардың қатарына өту қауіптері туралы ескертеді.

Дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмысындағы мақсатты топтар қатарына келесілер енеді: 1) жастар, соның ішінде колледж, ЖОО студенттері, сондай-ақ, жоғарғы сыныптағы мектеп оқушылары; 2) халықтың дін ұстанушы бөлігі; 3) мемлекеттік қызметкерлер, мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері; 4) халықтың басым бөлігі, соның ішінде, жұмысшылар мен ауыл тұрғындары.

Жоғарыда көрсетілген міндеттерді шешу және қоғамға аталған идеологиялық қағидаттарды жеткізу мақсатында келесідей сатылы және кешенді ақпараттық-түсіндіру шараларын іске асыру қажет:

– тұрғындардың түрлі топтарында дін саласына қатысты негізгі білімді қалыптастыру, азаматтардың ақпараттылығын арттыру және мемлекеттің Қазақстандағы конфессияаралық келісім және дінаралық қатынастар саласындағы саясатына халықтың қолдауын қамтамасыз ету;

– құқықтық сауаттылықты арттыру арқылы азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру;

– конфессияаралық және ішкі конфессиялық негізде мүмкін болатын әлеуметтік шиеленістерді ескерту және алдын алу;

– азаматтар арасында толеранттылық және қазақстандық қоғамның рухани бірлігі идеяларын қалыптастыру және тарату;

– халықты Қазақстандағы діни бірлестіктердің және ағымдардың қызметімен ақпараттандыру, сондай-ақ, дәстүрлі діндердің қызметтерінің мәнін ашып көрсету;

– қоғамда жалған діни ағымдар мен радикалды ұйымдардың таралуының алдын алу;

– қоғамда діни экстремизм мен терроризмді насихаттайтын идеологиялардың таралуының алдын алу;

– радикалды діни идеологияны ұстанатындар, сонымен қатар қылмыстық-атқарушы жүйенің мекемелерінде жазасын өтеушілердің арасында, оларды дәстүрлі діни құндылықтарға оралту, әрі қарай қоғамға бейімдеу мақсатында түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

АНТ-ның жұмыстарының ең тиімді түрлері келесілер:

– интерактивті семинар-тренингтер;

– баспасөз-мәслихаттары;

– дәрістер;

– алдын алу сипатындағы ақпараттық материалдарды тарату (буклеттер, брошюралар және т.б.);

– қоғамдық-саяси, спорттық іс-шараларға қатысу;
– белгілі бір әлеуметтік санаттағылармен өмірде болған нақты оқиға/«оқиғалар қатары» негізінде ресми және бейресми кездесулер (нақты жұмыс) өткізу.

АНТ-ның нақты аудиториямен жұмысының тиімділігін көтеру бойынша негізгі талаптар:

1) арнаулылық. Жас, кәсібилік, этникалық және аудиторияның өзге де ерекшеліктеріне сай идеологиялық әсер етудің формалары мен әдістерін саралау;

2) біртіндеп іске асырушылық. Ұзақ мерзімде іске асуға негізделген насихаттау қызметі ойластыру мен сатылап жүзеге асыру;

3) реттілік. Күнделікті жұмыс тұрғындардың әртүрлі топтарының қалыпты мінезі мен психологиялық жай-күйіне назар аудару;

4) жаңашылдық. Тыңдаушыларға әсер ету мен жұмыстың жаңа формаларын іздестіруді тұрақты түрде жүргізу;

5) айқындылық және бейнелілік. Эмоционалды әсер ету жолдарын, тыңдаушылардың көп бөлігіне ұғынықты, таныс үндеулерді қолдану;

6) қолжетімділік және түсініктілік. Түсініктер аппараты қабылдауға оңай және мағынасы бірегей болуы тиіс. Өмірде бар өзекті мәселелер мен оларды шешудің жолдары дәл, нақты көрсетілуі керек.

Ақпараттық іс-шараларды жүзеге асыру барысында бұқаралық ақпарат құралдары атқарылған іс-шаралардың субъектісі ретінде де, оларды жүзеге асыру құралы ретінде де қатысады. Осыған байланысты жұмыстарды дін мәселелерін жариялайтын баспа беттері мен электронды масс-медиа, ақпараттық интернет-ресурстар журналистерімен өзара әрекеттестікте атқарылуына баса назар аударылуы қажет.

Осыған байланысты баспа және электрондық масс-медиа журналистерімен, сонымен қатар дін мәселелерін баяндауға маманданған ақпараттық интернет-ресурстармен өзара ықпалдасу бойынша жұмыстарға маңызды басымдық жасау керек.

Тұрғындармен жұмыс істеуге бұқаралық ақпарат құралдарын тарту мақсатында орталықта және аймақтарда журналистердің арнайы пулы құрылды, сонымен бірге діни салада ақпараттық-ағартушылық жұмыстарды жүргізу үшін спикерлердің тізімі жасалды.

Дін істері агенттігі жанынан Бұқаралық ақпарат құралдарында діни тақырыптарды жариялау бойынша Әдістемелік Кеңес жұмыс істейді. Дін саласында мемлекеттік саясаттың әртүрлі аспектілерін ақпараттық қолдауға арналған бірқатар медиа-жоспарлар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді.

Дін істері агенттігінің ұйымдастырушылық-әдіснамалық қолдауымен аймақтық деңгейде дін мәселелері бойынша 500-ден астам ақпараттық топтардың жұмыстары ұйымдастырылды. 2013 жылы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарымен 1,3 млн. астам адам

қамтылды, дін саласының өзекті мәселелер бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында 7 мыңнан астам әртүрлі жарияланымдар мен сөз сөйлеу ұйымдастырылды.

Жалпы алғанда, дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыруда АНТ-ның құрылуы және қызмет ету тәртібінің бағыты, қызмет ету формалары мен әдістері, әдіснамалық қамтамасыз ету мен ақпараттық қолдау мәселелері мен АНТ қызметінің тиімділігін бағалауды анықтайтын Дін істері агенттігі дайындаған бірыңғай әдістемелік ұсынымдарды жетекшілікке алған жөн.

§3. ДІНИ СЕНІМ БОСТАНДЫҒЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІҢ ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ

Қазақстан Республикасы – әрбір азаматқа ар-ұждан бостандығына кепілдік берілген және барлық конфессиялар ұстанушыларының заң алдында теңдігі қамтамасыз етілген зайырлы, демократиялық мемлекет.

Мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара қарым-қатынастарының принциптері діни сенім бостандығы деңгейі мен мемлекет зайырлылығының көрнекті көрсеткіші болып табылады.

2010 жылдың 26 мамырында Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің отырысына төрағалық ете отырып, былай дейді: *«Қазақстанда қоғам діннен бөлінбеген, сондықтан мемлекет бұл салада қоғамдық қатынастарды реттеуден тыс қала алмайды. Бұған қоса, діни сенім адамгершілік бастауларға негізделетінін және қоғамның рухани құндылықтарын дамыту үшін, қазақстандық патриотизмді, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді күшейтуге және діни экстремизмнің алдын-алу үшін пайдалануға қажетті үлкен гуманистік әлеуеті бар екенін ескеру қажет».*

Діни сенім бостандығы – дінді ұстану немесе ұстанбау құқығы. Діни сенім мұраттары барша әлемде аса кеңінен мойындалған, бүгінде ең маңызды халықаралық декларациялармен және адам құқықтары жөніндегі пактілермен, сонымен бірге әлемнің көптеген елдерінің конституцияларымен бекітілген. Діни төзімділік – өзге дінге деген шыдамдылық таныту, оның өмір сүруіне құқықтарын мойындау.

Қазіргі уақытта діни сенім бостандығы кез келген демократиялық қоғамның қажетті, әрі ажырамас шарты болып табылады және адамның құқықтары мен бостандықтары жүйесінің негізгі элементтерінің бірі.

Қазақстан өзінің қызметінде адам құқықтары саласындағы жалпы мойындалған халықаралық актілерге сүйенеді. Осыған байланысты дін және діни сенім бостандығын қамтамасыз ету саласындағы қазақстандық нормативтік база жалпы алғанда, жалпы еуропалық және әлемдік демократиялық стандарттарға сәйкес келеді. Сонымен бірге, Қазақстан мемлекет пен конфессиялар арасындағы құрылымды өзара қарым-қатынастарды нығайтуға бағытталған діни қызмет жөніндегі заңнаманы жетілдіруге барынша күшін жұмсап келеді.

Діни сенім бостандығына азаматтардың құқықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету оның одан әрі демократиялық және құқықтық дамуының негізгі құрамдас бөлігі болып табылады.

Конституцияның 1-бабының 1-тармағына сәйкес - Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және

әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 22-бабында анық бекітілген: «әркімнің ар-ұждан бостандығына құқығы бар». Ар-ұждан бостандығы – ең алдымен жеке адамның кез келген идеологиялық бақылаудан бостандығын білдіретін адамның негізгі жеке құқықтарының бірі, әркімнің рухани құндылықтар жүйесін өз еркімен таңдау құқығы. Ар-ұждан бостандығы адамның абсолюттік құқығы болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы әрбір адамның ар-ұждан және діни сенім бостандығына кепілдік береді, сондай-ақ, конфессиялық, этникалық және басқа да белгілері бойынша кемсітушіліктің кез келген түріне тыйым салады.

Діни сенім бостандығына деген құқық қоғамдық және діни мүдделердің теңдігіне қол жеткізу арқылы діни сенім бостандығының конституциялық принциптерін қамтамасыз етуге, сонымен бірге мемлекет пен діни бірлестіктердің арасындағы әріптестік пен өзара түсіністік қатынастарын дамытуға бағытталған 2011 жылдың 11 қазанындағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында бекітілген.

Сондай-ақ, осы Заңда Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерді өзінің діни наным себептері бойынша орындаудан бас тартуға ешкімнің құқығы жоқ екендігі айрықша белгіленген.

Діни сенім бостандығы негізінен зайырлы мемлекеттерге тән.

Зайырлылық – бұл мемлекеттік атеизмнен және бір дінді жалпыға бірдей немесе ресми ретінде мойындаудан бір мезгілде бас тарту арқылы сенім мен ар-ұждан бостандығы мәселелерінде азаматтардың толық теңдігін қамтамасыз етуші мемлекеттің сипаттамасы.

Зайырлы мемлекет дінге қатысы бойынша бейтарап, ресми идеология ретінде кез келген дүниетанымдық жүйені қабылдамайды, сондай-ақ, азаматтарға дүниетанымдық немесе діни сенім таңдауын еркін жасауға мүмкіндік бере отырып, өзінің заңнамалық қызметі мен тәжірибелік саясатында кез келген діннің ұйғарымына сүйенбейді.

Қазақстан Президенті қоғамда зайырлы сананы нығайту қажеттілігін әрдайым айрықша айтып келеді. Осы жайында Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясында біз мұсылман үмбетінен екенімізді мақтан тұтамыз деп атап өтеді. Бұл біздің дәстүріміз. Бірақ бізде зайырлы қоғамның дәстүрлері бар, **Қазақстан – зайырлы мемлекет** екенін естен шығармауымыз қажет.

Президент тапсырмаларына сәйкес, мемлекет азаматтар мен қоғамды сыртқы рухани агрессиядан қорғауды қамтамасыз етеді және индустриалдық-инновациялық Қазақстанның зайырлы принциптерде дамушы ретінде болашақты біздің елдің нақты түсінігін қалыптастырады. Сонымен қатар, мемлекет елдің гүлденуіне ықпал

ететін дәстүрлі рухани және діни құндылықтарды қолдайды, қоғамдық өмірдің барлық салаларының дамуы үшін қолайлы жағдай жасайды.

Қазақстан Республикасындағы заңнамаға сәйкес **зайырлы мемлекеттің негізін құраушы принциптер** мыналар болып табылады:

1) мемлекет пен оның институттарының зайырлы, конфессионалдық бейтарап сипаты;

2) дінге қатынасы, діни немесе зайырлы бірлестіктерге қатыстылығына қарамастан адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының теңдігі;

3) Заң алдында діни бірлестіктердің теңдігі;

4) тұрғындардың ұлттық дәстүрлерін, ділін құрметтеу, ұлттық әдет-ғұрыптар, дәстүрлер мен діни жоралардың өзара байланысын есепке алу;

5) ар-ұждан және дін ұстану еркіндігі саласындағы конституциялық құрылымның негіздерін, адамгершілікті, адам мен азаматтың денсаулығын, құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, елдің қорғанысы мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігімен айтылатын осындай шектеулерге рұқсат ету.

Аталған принциптер мемлекеттегі конфессиялық қатынастарға қатысты немесе соны реттеуші елдің барлық заңдарында және Конституциясында анық белгіленген.

Қазақстандағы мемлекеттің зайырлы сипаты мен діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлектенуі діни бірлестіктердің мемлекет істеріне араласпайтындығын, ешқандай мемлекеттік функцияларды атқармайтындығын, саяси қызметпен айналыспайтындығын білдіреді. Діни негізде саяси партия құруға тыйым салынады. Діни ілімдермен байланысты діни рәсімдерді, діни іс-шараларды атқару мемлекеттік органдармен немесе мемлекеттік қызметпен сүйемелденбейді.

Мемлекет діни бірлестіктердің ішкі заңдарын құрметтейді және сол заңдарға сәйкес әрекет етуге оларға мүмкіндік береді, діни ережелер мен нормаларға сәйкес ұйымдасуға және басқаруға олардың құқықтарын, сонымен бірге дін қызметкерлерін тағайындауға, сайлауға, шақыруға олардың құқықтарын мойындайды.

Қазақстан Республикасының заңнамасы діни нормалармен байланысты емес, дегенмен олардың жалпыадамзаттық гуманистік бағыттылығын есепке алады. Діни бірлестіктердің актілері қазақстандағы құқықтың қайнар көзі бола алмайды. Сондай-ақ, елдің соттық жүйесі діннің ықпалынан еркін және діни бірлестіктер құзыретінің құрамдас бөлігіне ене алмайды.

Мемлекет діни білім алумен, ғимараттарды, діни заттар мен діни әдебиеттерді пайдаланумен, қайырымдылық алумен, елдің ішінде және шетелде бір діндестермен байланыс орнатумен және

ұстаумен байланысты азаматтар мен діни бірлестіктердің құқықтарының жүзеге асуына ықпал етеді.

Атап кететін жайт, діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлектену принципі діни бірлестіктер мен дінге сенушілердің қоғамдық өмірден шеттетілгенін білдірмейді. Мемлекет дінге сенушілерді Қазақстанның толық құқықты азаматтары ретінде, ал діни бірлестіктер мен дінге сенушілерді - әлеуметтік пайдалы қызметтерді: қайырымдылық көрсетушілік, мәдени-ағартушылық, гуманитарлық жүзеге асырудың маңызды қатысушылары ретінде есептейді және осындай қызметті атқаруда олармен әріптестік орнатады.

Оның үстіне мемлекет маскүнемдік пен нашақорлық, қылмыстың алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру, жанұяны нығайту, қоғамда жоғары рухани және адамгершілік ахуалды құру сияқты әлеуметтік мәселелерді шешуге діни бірлестіктерді жұмылдыруға тырысады.

Діни бірлестіктерді тікелей қаржыландыруды жүзеге асырмай, мемлекет ең басты мәдени және тарихи құнды діни ғимараттар мен құрылыстарды қайта құру мен жөндеуде көмек көрсетеді.

Мемлекеттік органдарда діни іс-шараларды жүргізуге тыйым сала отырып, мемлекет сол мезгілде діни рәсімдерді атқаруда объективті түрде қиындық туғызатын жекелеген мемлекеттік органдарда: түрмелерде, бас бостандығынан айыру орындарында, әскери бөлімшелерде, медициналық мекемелерде діни сенім бостандығы құқығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Мемлекет мемлекеттік және басқа да білім беру мекемелерінде білім берудің зайырлы сипатын қамтамасыз етеді.

Діни бірлестіктердің ішкі істеріне араласпауды және діни автономияны мойындай отырып, мемлекет олардың Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған жағдайда, азаматтардың, ұйымдардың және жалпы алғанда, мемлекеттің заңды мүдделеріне нұқсан келтіргенде дінге сенушілер мен діни бірлестіктердің қызметіне орай әрекет ету құқығына ие.

Дегенмен мұндай әрекет ету заң негізінде және барлық қажетті құқықтық шараларды сақтағанда ғана мүмкін болады.

Осылайша, діни бірлестіктер мен мемлекет әркім өз саласында автономды (сәйкесінше, діни рәсімдерді атқаруда және мемлекеттік билікті жүзеге асыруда) және бір-бірінің қызметіне араласпайды.

Бірақ олардың әріптестігін қажет ететін кейбір ортақ міндеттері бар.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы Заң жақын тұратын тұлғалардың құқықтары мен мүдделерінің ескерілген жағдайда қоғамдық тамақтану объектілерінде, пәтер-үйлерде, зираттар мен крематорийлерде, діни бірлестіктердің мекемелері мен ғимараттарында, ғибадат ету орындарында, оларға тағайындалған территориялар мен діни ғимараттарда құдайға құлшылық етуді, діни

әдет-ғұрыптарды, рәсімдерді және (немесе) еш кедергісіз өткізуге (жасауға) құқық береді.

Атап кететін жайт, әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі заңнамада қарастырылған талаптардың бұзылғаны үшін жауапкершілік шаралары мен қоғамдық қауіпсіздіктің дәрежесін анықтайды, сонымен бірге дінді ұстану еркіндігіне азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына шек қоймайды.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның талаптарын бұзғаны үшін ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстегі қарастырылған жауапкершілік шаралары ең алдымен, «Қазақстан Республикасы өзін құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады» деп айтылған ҚР Конституциясының негізін құраушы нормадан туындайды.

Құқықтық мемлекеттің басты принципі қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамтитын заңның үстемдік етуші принципі және тұлғаның бостандығын ұйымдастыру мен қорғаудың жоғары формасы болып табылады. Бұл барлық мемлекеттік органдар, діни бірлестіктер, лауазымды тұлғалар мен азаматтардың заңдардың орындалуына сәйкес негізде әрекет етуге міндетті екендігін білдіреді. Сәйкесінше, Заңды бұзғаны үшін қолданылатын шаралар діни қызмет саласындағы құқықтық қатынастардың барлық қатысушыларына теңдей дәрежеде таралады.

§4. ДІН САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТ САЯСАТТЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ИНСТИТУТТЫҚ НЕГІЗІ

Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығы негізінде 2011 жылдың 18 мамырында құрылған **Қазақстан Республикасының Дін істері агенттігі** дін саласында өз деңгейінде қызмет атқарып келеді.

Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі конфессияаралық келісім, азаматтардың дін ұстану бостандығын қамтамасыз ету және діни бірлестіктермен өзара іс-әрекеттестік саласындағы мемлекеттік басқаруды, сондай-ақ, заңмен көрсетілген межеде салааралық үйлестіру жұмыстарын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады.

Агенттіктің негізгі міндеттері:

- азаматтардың дін ұстану бостандығы құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету және діни бірлестіктермен өзара іс-әрекеттестік саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру бойынша ұсыныстар жасау;

- елімізде азаматтардың дін ұстану бостандығы құқықтары және діни бірлестіктердің, миссионерлердің қызметі саласында болып жатқан үрдістерді жан-жақты және объективті түрде зерделеу, жалпы қорытынды және талдау жасау.

Дін істері агенттігі өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес келесідей функцияларды жүзеге асырады:

- діни бірлестіктермен өзара іс-әрекеттестік саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыру мен іске асыру;

- діни ахуалдың дамуын, Қазақстан Республикасы аумағында құрылған діни бірлестіктердің, миссионерлердің, қызметін зерделеу мен талдау;

- ақпараттық-насихат іс-шаралары мен түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

- дінтану сараптамасын жүргізуді қамтамасыз ету;

- облыстық жергілікті атқару мекемелері мен республикалық қала мен астаналық деңгейдегі діни қызмет және олардың діни бірлестіктерімен байланыстарын реттеу;

- өз құзыретіне қатысты мәселелерге ресми түрде мәлімдеме жасау;

- мемлекеттік қызмет көрсету барысында тұтынушылардың құқығын қорғауды Агенттік өз құзыретіне сәйкес жүзеге асырады;

- Қазақстан Республикасының заңына сәйкес өзге де міндеттерді атқара отырып, дін саласына қатысты қызметке шетелдік уәкілетті орталықтарымен ынтымақтастықта болуды, өз құзыреті шеңберінде діни қызмет және діни бірлестіктер туралы нормативтік құқықтық

актілерді жетілдіру және бекітуді, сонымен қатар Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзатын жеке және заңды тұлғалардың қызметіне тыйым салуды қарастырады.

Дін істері агенттігінің және дін саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын келесі тұжырымдамалық құжаттар айқындайды:

1. 2011 жылдың 11 қазанында қабылданған Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы;

2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы;

3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы;

4. 2013 жылғы 24 қыркүйекте қабылданған «Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жж. арналған мемлекеттік бағдарлама»;

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары және Дін істері агенттігінің басқа да нормативтік актілері (*Қараңыз: Қосымша 3*).

Дін істері агенттігі келесідей мемлекеттік қызмет түрін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді:

1. Республика аумағындағы шетелдік діни бірлестіктердің қызметтерін, шетелдік діни орталықтар тарапынан Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктердің жетекшілерін бекітуді келістіру;

2. Дінтанулық сараптама жүргізу.

Облыстардағы, Астана және Алматы ққ. Әкімдіктері жанындағы өңірлік дін істері басқармалары түріндегі жергілікті атқарушы органдар жергілікті деңгейдегі дін саласындағы мемлекеттік саясат пен діни сенім бостандығын қамтамасыз ету қызметін жүзеге асырады.

Жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) төмендегідей қызметтерді жүзеге асырады:

- жергілікті деңгейде дін саласы бойынша мемлекет саясатын жүзеге асырады;

- аймақтың діни ахуалына зерттеу және талдау жұмыстарын жүргізеді;

- өз құзыретіне сәйкес аймақтық деңгейде дін мәселесіне қатысты түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

- құзыретті органға Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын жетілдіру туралы ұсыныстар әзірлейді;

- құқық қорғау органдарына Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңын бұзушы жеке және заңды тұлғалардың іс-әрекеттеріне тыйым салу туралы ұсыныстар әзірлейді;

- Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасының бұзылуына қатысты жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын қарастыру;

- миссионерлік қызметпен айналысушы тұлғаларды тіркеу;

- Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде мемлекеттік басқару органдарының сұранысына сай жергілікті атқару органдарына жүктелген өзге де міндеттерді атқарады.

Жергілікті атқару органдары мемлекеттік қызметтерді келесідей 4 бағытта жүзеге асырады:

1. Миссионерлік қызмет атқарушы тұлғаларды тіркеу және қайта тіркеу;

2. Ғибадаттық мәнге ие мекемелерді (құрылыстарды) салуға рұқсат беру және олардың орналасатын жерін анықтау, сонымен қатар, мекемені (құрылысты) қайта салаландыруды (қызмет ету мәнін өзгерту) жүзеге асыру;

3. Діни әдебиеттер мен діни мазмұндағы өзге де материалдар, діни мақсатта қолданылатын заттарды таратуға арналған стационарлық ғимараттарды бекіту туралы шешімдерді беру;

4. Ғибадаттық мекеме (құрылыс) аумағынан тыс жерде діни іс-шараларды өткізуге арналған ғимаратты белгілеу туралы шешімдерді беру.

Дін істері агенттігінің жанынан жүйелі мониторинг және талдау жасау, дін саласы бойынша зерттеу жүргізу мақсатында құрылған **«Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы» РММ** қызмет атқаруда (әрі қарай - ҒЗТО).

ҒЗТО мақсаты дін мәселелері жөнінде мемлекет органдарының қызметіне ғылыми-әдіснамалық және ақпараттық-талдау жұмыстары бойынша қолдау көрсету болып табылады.

Ғылыми-зерттеу жұмысы ҒЗТО қызметінің басты бағыты болып табылады. Қазақстандағы діни ахуалдың жай-күйі мен динамикасын талдау аясында ҒЗТО-да бірқатар талдау құжаттары дайындалды. Сонымен қатар, ҒЗТО қызметкерлері Дін істері агенттігінің іс-шараларын – конференциялар, дөңгелек үстелдерді ұйымдастыру мен өткізу жұмыстарына белсенді түрде қатысады.

Орталықтың құрамында кешенді және ұсыныс беру сипатына ие ғылыми-зерттеу және сараптау-талдау қызметі мәселелерін қарастыратын Ғылыми-сараптау кеңесі (ҒСК) жұмыс істейді. ҒЗТО дін мәселелері жөніндегі мемлекеттік органдар шығаратын және жолдайтын ақпараттық материалдарға дінтанулық сараптама жұмыстарын жүргізеді.

Агенттіктің жанынан құрылған **«Мәдениеттер мен діндердің халықаралақ орталығы» РММ** (әрі қарай - МДХО) қызмет атқарады.

МДХО мақсаты еліміздің конфессияаралық келісімінің нығаюы мен халқымыздың өзара ынтымақта өмір сүруінің бірегей үлгісін халықаралық деңгейде насихаттау болып табылады.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің III Съезінде сөйлеген сөзінде *«Орталық бейбітшіліктің, келісім мен әділдіктің интеллектуалдық зертханасына айналып, жаһандық күн тәртібіне ұсыныстар әзірлеп ұсынуы тиіс. Ол Съездің жұмысшы құрылымы болып, оның барлық қатысушыларын жаңа идеялармен және ұсыныстармен нәрлендіруі керек»* деген болатын.

МДХО басты міндеттерінің біріне жақын әрі алыс шетелдермен халықаралық байланыс орнату, өзге елдердің дін саласындағы тәжірибелерін зерттеу және пайдалану және ел тұрғындарының рухани-мәдени деңгейін көтеруге атсалысу жатады.

Қазақстандағы және шетелдегі діни жағдайды зерттеу мақсатында Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы Қазақстандағы конфессияаралық саясаттың әр түрлі аспектілері бойынша сараптамалық-талдау жұмыстарын жүйелі түрде жүзеге асырады. МДХО елдегі және әлемдегі діни ахуал туралы тұрақты түрде әр түрлі талдаулық шолуларды дайындайды.

МДХО жанынан Бұқаралық ақпарат құралдарында діни тақырыптарды жариялау бойынша Әдістемелік Кеңес жұмыс істейді. Әдістемелік кеңес журналистік пул өкілдерімен кездесулер, журналистерге арналған семинарлар мен тренингтер ұйымдастырып тұрады. Жекелей алғанда, Әдістемелік Кеңес журналистерге арналған: «Діни терминдер мен ұғымдардың анықтамалығы», «Діни экстремизм мен терроризм көріністеріне байланысты оқиғаларды жариялау жөніндегі әдістемелік ұсыныстар» атты екі әдістемелік құралдарды дайындап, шығарды.

Қазақстан Республикасы Үкіметі жанынан құрылған діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі Кеңесі (әрі қарай – Кеңес) **қызмет етеді.**

Кеңес консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Кеңестің мақсаты діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-әрекеттестік саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыру және іске асыру, қоғамдағы діни келісімді нығайту және конфессияаралық қатынастарды үйлестіру мәселелері жөніндегі ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Кеңестің негізгі міндеттері:

- елдегі діни жағдайды және оның даму үрдістерін жан-жақты және объективті зерттеу, жинақтап қорыту және талдау;

- діни бірлестіктермен өзара ықпалдастық пен діни қызмет саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын

республикадағы діни ахуалдың жай-күйі және Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын сақтау туралы хабардар ету;

- діни бірлестіктермен байланыс бойынша аймақтық Кеңестердің жұмыстарын үйлестіру;

- діни бірлестіктер арасындағы өзара түсіністік пен төзімділікті нығайту және оларға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес консультативтік көмек көрсету болып табылады.

ҚР Дін істері агенттігі Кеңестің жұмыс органы болып табылады. Кеңес өз қызметін республиканың мемлекеттік органдарымен, діни, өзге де қоғамдық бірлестіктерімен, сондай-ақ халықаралық ұйымдармен өзара әрекеттестікте жүзеге асырады. Кеңестің шешімдері ұсынымдық сипатқа ие.

Кеңес Қазақстан Республикасы қоғам қайраткерлері мен мемлекеттік басқару органдарының жұмысшыларынан, дінтанушы – ғалымдардан, жетекші конфессиялардың басшыларынан құралады. Кеңес мүшелері өздерінің міндеттерін қоғамдық бастамаларда жүзеге асырады.

Кеңес өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес келесідей қызметтерді атқарады:

- діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыруға қатысады;

- діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру үшін ұсыныстар әзірлеу;

- діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау саласындағы мемлекеттік саясат мәселелері бойынша консультативтік жұмыс жүргізеді;

- шет мемлекеттердің тиісті ұйымдарымен халықаралық байланыстар орнатады және оны жолға қояды.

Облыс әкімдігі, Астана және Алматы қалалары әкімдігі жанынан құрылған **Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі Кеңес** қызмет атқарады. Кеңес құрамына мемлекеттік орган қызметкерлерінен тыс діни бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдардың жетекшілері де енеді.

Діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі Кеңес діни бірлестіктердің қызметіне қатысты күн тәртібіндегі мәселелерді жүйелі әрі тұрақты түрде шешумен айналысады. Отырыс барысында қарастырылатын мәселелер және оларға қатысты шешімдер мен сәйкесті қызметтер аймақтағы діни ахуал мен әлеуметтік-саяси жағдайдың жақсаруына оң ықпалын тигізеді.

Өңірлік Кеңестердің негізгі жұмысшы органы облыстардың, Астана және Алматы ққ. дін істері басқармалары болып табылады.

Кеңестің қалалық және аудандық деңгейдегі қызметін әкімдіктердің ішкі саясат бөлімдері атқарады.

Дін істері агенттігі жанынан құрылған **Қазақстандағы діни ахуал мәселелері жөніндегі консультациялық-сараптамалық кеңесі** (әрі қарай - Кеңес) ҚР Дін істері агенттігі жанындағы үнемі қызмет атқаратын консультативтік-сараптамалық орган болып табылады.

Кеңес төмендегідей қызметтерді жүзеге асырады:

- діни қызметке байланысты мемлекеттік реттеу жұмысын жүзеге асыру мәселесі мен діни қызмет саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

- діни ахуалды зерделеу саласында тәжірибе алмасу мақсатында шетел сарапшыларымен, халықаралық ұйымдармен өзара әрекет етеді.

Кеңес құрамы дінтану, саясаттану, әлеуметтану, философия, мәдениеттану, құқықтану саласындағы жетекші мамандар мен ғалымдардан, мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінен тұрады.

«Дінтанушылар конгресі» қоғамдық бірлестігі (әрі қарай - Конгресс).

Конгресс қызметінің негізгі бағыттары төмендегідей:

- республикалық және өңірлік ауқымда діни ахуалды зерделеу бойынша зерттеу жобаларына қатысу;

- дін саласындағы сарапшылар туралы мәліметтер базасын құру;

- мемлекеттік органдар, діни бірлестіктер мен сараптамалық қауымдастық арасындағы өзара іс-әрекет етуді ұйымдастыру;

- мемлекеттік қызметкерлер мен педагогикалық жұмыскерлер кадрларын дайындауға және олардың біліктілігін арттыруға дінтанушы сарапшыларды тарту (арнайы курстар оқу, семинарлар, тренингтер, конференциялар өткізу);

- орта және жоғары оқу орындарында дінтануды оқыту тәжірибесін зерттеу;

- ақпараттық және ағартушылық сипаттағы іс-шараларды жүргізу.

Қазіргі таңда Қазақстанның бүкіл аумағы бойынша 160 жетекші дінтанушылар, теологтар, исламтанушылар мен ғалымдар Конгресс мүшелері болып табылады.

Конгресс діни бірлестіктердің құрылтай құжаттары мен діни мақсаттағы әдебиетке дінтанулық сараптама жүргізуге тікелей қатысады.

Дінтану сараптамасын жүргізу барысында сарапшылар материал мазмұнында:

- әлеуметтік, діни, нәсілдік, ұлтаралық және дінаралық қақтығыстарды өрбітуге бағытталған үндеулердің;

- діни, саяси және ұлттық экстремизм мен терроризм белгілерінің;

- әлеуметтік, діни, нәсілдік, ұлттық қатыстылығына қарай адамның құқығын, бостандықтары мен заңдық мүдделерін бұзуға шақыратын белгілердің бар-жоқтығын тексереді.

Дінтанушылар конгресі жыл сайынғы Қазақстан дінтанушылары

Форумын ұйымдастыруға және өткізуге белсенді түрде қатысады.

Конгресс жанында мұсылмандардың және ислам мәселелеріне қызығушылық танытатын басқа да тұлғалардың танымдық, рухани және діни қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған «E-Islam» атты ақпараттық-ағартушылық Интернет-порталы жұмыс істейді.

Дін істері агенттігі жанындағы Үкіметтік емес ұйымдармен өзара байланыстар кеңесі (әрі қарай - Кеңес).

Кеңестің мақсаты дін және діни сенім бостандығы саласындағы, атап айтқанда, үйлесімді конфессияаралық қарым-қатынасты, толерантты сананы, қоғамдық бейбітшілік пен келісімді дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асыру үшін мемлекеттік емес секторды және азаматтық қоғам институттарын тарту болып табылады.

Кеңес азаматтық секторды қамтитын 40-тан астам ҮЕҰ біріктіреді, соның ішінде 28 ҮЕҰ діни қатынас саласы бойынша қызметтер көрсетумен тікелей айналысады (*Қараңыз: Қосымша 4*).

Сонымен қатар, Кеңес құрамына дін саласында әртүрлі қызмет атқарып жүрген 28 үкіметтік емес ұйымдар кіреді.

Олардың ішіндегі 6 ҮЕҰ радикалды діни топтардың идеологиялық әсеріне ұшыраған азаматтарға кешенді сауықтыру көмегін көрсетуге мамандандырылған. 25 орталық деструктивті діни бірлестіктер мен ағымдардан зардап шеккен тұлғаларға кеңес берумен және психологиялық көмек көрсетумен айналысады.

14 орталық «Деструктивті діни ағымдардан зардап шеккендерге көмек көрсету орталықтарының қауымдастығының» құрамына кіреді, ал 8 орталық өз алдына қызмет көрсетеді.

Деструктивті діни ағымдардан зардап шеккендерге көмек көрсету және сауықтыру орталықтар түрінде қызмет ететін ҮЕҰ арасындағы келесі ҮЕҰ-ды ерекше атап өтуге болады: «Деструктивті діни ағымдардан зардап шеккендерге көмек көрсету орталықтарының қауымдастығы», «Аңсар» кеңес беру-сауықтыру орталығы», «Сана» дінтанулық ақпараттық-кеңес беру орталығы», «Виктория» деструктивті секталардан зардап шеккендерге әлеуметтік-психологиялық және құқықтық көмек көрсету орталығы» және «Әлеуметтік бастама орталығы».

Дін саласында қызмет атқаратын кейбір орталықтар тек оңалту қызметімен ғана шектеліп қана қоймай, әлеуметтік-тұрмыстық мәселелері бойынша мұқтаж азаматтарға кеңес берумен де айналысады. Мұндай ҮЕҰ қатарында, Қызылорда облысында орналасқан адам құқықтары мен бостандықтарын шектеуден зардап шеккендерге, діни экстремизм құрбандарына және діни экстремистік ұйымдардың ықпалынан шыққан тұлғаларға арналған «Қамқорлық» дағдарыс орталығының орны ерекше.

Бір қатар ҮЕҰ, соның ішінде, қоғамда адамдардың құқықтарын бұзатын, олардың денсаулықтарымен әлеуметтік салауаттылығына зиян

келтіретін, Конституция мен Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін әрекеттермен айналысатын ұйымдар мен адамдар тобы туралы және олардың адамға деструктивті ықпалдары туралы объективті ақпараттар таратуға маманданған Алматы қаласының «Перспектива» ақпараттық-кеңес беру тобы» қоғамдық қорын атап өтуге болады.

Аталмыш ҮЕҰ қызметтері 2012 жылғы 27 қаңтардағы Еуропа Кеңесінің «ұлттық немесе аймақтық деңгейде діни, эзотерикалық немесе рухани сипаттағы ақпараттық орталықтарын құру» туралы Ұсыныстарына, сонымен қатар, Парламент Ассамблеясының (1999ж №1412) «Секталардың заңсыз қызметі» және (1992ж. №1178) «Секталар мен жаңа діни қозғалыстар туралы» Ұсыныстарына сәйкес келеді. Сондай-ақ, бұл Ұсыныстар «секталар мен дәстүрлі емес діни топтардың азаматтардың бостандықтарына негізгі құқықтарын, әсіресе, денсаулық сақтау, білім беру, жеке өмір мен отбасын құрметтеу құқықтарын қорғауға бағытталған».

Барлық деструктивті діни ағымдардан зардап шеккендер мен оңалту орталықтарының қызметтері әртүрлі конфессиялардың деструктивті діни ағымдарынан зардап шеккендерге психолог, теолог, дінтанушы және заңгер мамандардың қызметтерін біріктіре отырып көмек көрсетуге бағытталады.

§5. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНФЕССИОНАЛДЫҚ КЕҢІСТІГІ

Қазақстан Республикасында қоғам негізінен екі дәстүрлі дінге тарихи және мәдени тұрғыда бағдарланған: сунниттік ислам (Ханафи мазхабы) және православиелік христиан діні. Саны жағынан ең басым діни бірлестік Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы болып табылады, оның қарамағында 15 аймақтық филиалдар, сондай-ақ 2381 ғибадат ететін мешіттері бар. Аталған мешіттердің жамағаты болып табылатын мұсылмандардың саны елдегі барлық дінге сенушілер санының үштен екі бөлігін құрайды.

Қазақстандағы дін ұстанушыларының саны жағынан екінші орында Қазақстанның Православиелік шіркеуі (ҚПШ), олардың 289 діни объектілері бар.

Қазақстандағы келесі көп тараған діни бағыт Рим-католиктік шіркеуі, оның 84 діни ғимараттары бар.

Қазақстанның конфессиялық кеңістігінде протестанттық діни бірлестік ауқымды орын алып отыр, қазіргі уақытта оның 500-ден астам шіркеулері мен діни ғибадатханалары бар.

Жоғарыда көрсетілген діни бірлестіктерден басқа елімізде 7 иудейлік жамағат, буддизмнің 2 діни бірлестігі, сонымен қатар Қазақстан үшін дәстүрлі емес 18 діни бірлестіктер («Мормондар», «Кришнаиттер», «Бахаи», «Муниттер» және т.б.) қызмет атқарады.

Қазақстандағы Ислам

Қазақстан тарихы көптеген ғасырлар бойы Ислам дінімен тығыз байланысты. Ислам діні қазақ халқының өзіндік діни және мәдени қалыптасуының негізгі қайнарының бірі болды. Қазақ халқының ата-бабалары, ежелгі түркілер Ислам өркениетінің қалыптасуына тікелей қомақты үлес қосқанын және оның көптеген жеңістеріне қатысы бар екенін атап өткен жөн.

Орталық Азия мен Қазақстан аумағына мұсылмандықтың таралуы шамамен б.э. VII-VIII ғасырына тура келеді.

Қазіргі Қазақстандағы Ислам, әлеуеті жоғары, ол қоғамда руханилықты дамытатын және қолдайтын дін ретінде сипатталады.

Мұхаммед Пайғамбар шарифатының зорлық-зомбылықты қабылдамайтын бейбітшілік болмысы, сондай-ақ ұлтаралық төзімсіздікті қабылдамауы еліміздегі тұрақтылықты нығайту мен күшейтуге оң әсерін беруде.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Сындарлы он жыл» атты кітабында *«Бізге, қазақтар үшін ислам – ең әуелі біздің дүниетанымымызды анықтайтын жоғары мұрат пен фактор, толықтай ұмытылу қаупі туындаған бай мұсылмандық мәдениеті мен ата-бабаларымыздың атын тиісінше*

бағалауға мүмкіндік беретін өз алдына нышан», - деп жазды.

Қазақстандағы дәстүрлі ислам елдің әр өңірлерінде филиалдары бар республикалық исламдық діни бірлестік мәртебесіне ие Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы арқылы басқарылады.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін жарияламастан бұрын 1990 жылы ҚМДБ өз алдына жеке ұйым ретінде құрылды. 1941 жылдан бері Республикамыздағы ислам жамағаты Орта Азия және Қазақстан мұсылмандар діни басқарамының құрамында болғанын атап өткен жөн.

2013 жылғы 19 ақпанда Астана қаласында өткен Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының кезектен тыс VII құрылтайында Қазақстан Республикасының жоғарғы мүфтиі болып Ержан Малғажыұлы Маямеров сайланды.

Ислам діни өнегелік ағарту мен тәрбиенің маңызды факторына айналуда. ҚМДБ Қазақстандағы ислам дінін қайта жаңғыртуды жүзеге асырудың маңызды тетіктерінің бірі болып отыр. Отандық мұсылман қоғамының дамуын қамтамасыз ете отырып, біздің қоғамның рухани негізін қалпына келтіруге Мүфтият белсенді қатысуда. Астана қаласында өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Съезін өткізу мен ұйымдастыру жұмыстарында ҚМДБ белсенді қатысып, жұмыс атқарғанын атап өтуге болады. Мүфтият дінаралық диалог мәселесі бойынша ғылыми конференциялар мен семинарлар ұйымдастыруда.

Мұсылмандар жамағаттарының саны өсуде, мысалы: 1991 жылы олардың саны 68-70 құраса, 2000 жылдардың басында 1500 болды, ал 2014 жылы ислам бірлестіктерінің саны 2389 жетті.

Мешіттер мен тарихи-мәдени ескерткіштер қалпына келтіріліп, жөндеулерден өтті; жаңа ғибадат ғимараттары мен медреселер тұрғызылды. Қазіргі уақытта елімізде 2381 мұсылман ғибадат ғимараттары жұмыс істеуде.

Мүфтият үлкен ағартушылық және тәрбиелік қызмет жүргізуде, газеттер мен журналдар шығаруда, интернетте діни басқарманың www.muftyat.kz веб-сайты жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2012 жылдың мамырында өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің IV Съезінің ашылуында сөйлеген сөзінде: *«Ислам – бұл адамзаттың мәдени және материалдық мұраларының орасан зор және өсіп келе жатқан қатпары. Қазіргі заманғы және болашақтағы жаһандық қоғамдастықты Ислам әлемінсіз көзге елестету мүмкін емес. Оған тосқауыл қоюдың кез келген түрі көрегенділік емес, тіпті қатерлі де. Үлкен де көп бейнелі әлемнің осынау бөлігінде болып жатқан оқиғаларға түсіністікпен қарау қажет. Қазақстан – мұсылман тұрғындары басымдыққа ие ел. Ислам діні – біздің халқымыздың рухани тіректерінің бірі.*

«Біз олардың қандай дінге және этномәдениетке жататынына

қарамастан барлық қазақстандықтардың жалпыұлттық бірлігі мен келісімінің ерекше формуласын қалыптастырдық», – деп атап өтті.

Қазақстанның православиелік шіркеуі

Қазақстандағы православие дін ұстанушыларының саны жағынан Исламнан кейінгі екінші діни бағыт болып табылады.

Еліміздегі православие дінінің пайда болу тарихы бастапқы кезде Қазақстанның Ресейге қосылуы негізінде пайда болған әскери қоныстармен байланысты. Оңтүстікте алғашқы әскери тұрақтар (шағын шіркеу, ғибадатханалар) 1866 жылы Түркістан және Шымкент қалаларында пайда болды. 1871 жылы Түркістан епархиясы құрылды.

1917 жылы Кеңес үкіметінің құрылуы 70 жылға жалғасқан ауқымды атеистік шаралардың басталуына алып келді. Бұл шаралар ғибадатханаларды қирату, дін басыларды қуғындау, шіркеулердің мүліктерін тәркілеумен қатар жүрді. 1920-1930 жылдар аралығында көптеген діни қызметкерлер ату жазасына тартылды немесе ұзақ мерзімге тұтқынға алынды.

XX ғасырдың 30-ы жылдары Қазақстан Орыс православие шіркеуінің діни қызметкерлері мен дін ұстанушыларының қоныс аудару орны болды. Бұл кезең ұжымдастыру үдерісінің бастауымен тұспа-тұс келді. Нәтижесінде қазақтардың көшпенді тұрмысы жойылды, қазақ ауылдары мен жер аударып келген орыстардың шаруа қожалықтары кедейленді. Мұның салдары миллиондаған адамдар құрбан болған тарихта болмаған жұтқа айналды.

Қазақстанның тәуелсіздігімен бірге православиелік христиандар өздерінің рухани-мәдени құндылықтарын қайта жаңғырта бастады.

Соңғы жылдары Республикада Православиенің құрылымдық реформасы жүргізілді. 2010 жылдан бастап Қазақстан және Астана Метрополиті Александр Могилев болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда 289 діни қауым мен 268 православиелік ғибадат ғимараттары қызмет атқарады.

Сонымен қатар, мемлекетте Армян апостолдық шіркеуі мен 8 ескіғұрыптық шіркеулер қызмет атқарады.

Қазақстандағы Рим-католиктік шіркеуі

Қазақстандағы алғашқы католик миссионері францискандық монахтар болды. Римдік жоғарғы дінбасының тапсырмасы бойынша 1245 ж. Ұлы хандарға Джованни дель Плано Карпинидің миссиясы аттандырылды. 1253-1255 жж. тағы бір францискандық Гильом Рубрук Константинополден Қарақорымға сапар шекті, ол жүріп өткен жолдардың біразы қазіргі Қазақстан аумағына жатады. XVIII ғасырдан бастап Қазақстанда католик діні өзінің дамуын бастады.

Қазақстанда католик шіркеуінің провинциясы (Метрополия) жұмыс істейді, оның орталығы Астана қаласындағы Қасиетті Мәриям Архиепархиясы. Елімізде 84 католик қауымдастық жұмыс істейді, оның 5 Қазақстандағы Грек-католик шіркеуінің бір тармағын құрайды.

1998 жылы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Ватиканға жасаған ресми

сапары барысында Қазақстан мен Қасиетті Тақ арасында қарым-қатынастар жөніндегі келісім қабылданды, оған 1998 жылғы 24 қыркүйегінде қол қойылып, 1999 жылдың 19 мамырында №141 Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен бекітілді.

2003 жылдың 19 мамырынан бастап Қазақстан Епископтар Конференциясының төрағасы, Астана қаласында орналасқан Қасиетті Мәриям Архиепархиясының архиепископ-митрополиті Томаш Бернад Пэта болып табылады.

Қазақстандағы протестантизм

Протестантизм өзіндік діни ілімі бойынша біртұтас болып табылмайды және діни бірлестіктерінің үнемі көбейіп отырумен сипатталады.

Қазақстанда кейбір протестанттық ағымдар Қазақстанның Ресейге қосылған кезеңінен бастап (лютерандар), ал жаңа протестанттық ағымдар 1991 жылдан кейін пайда болды. 2013 жылғы қаңтар айына берілген ақпарат бойынша Қазақстанда протестанттық бағыттағы 500 діни бірлестіктер тіркеуден өткен.

Протестанттық қауымдардың арасынан ең ірісі әрі елдің барлық өңірлерінде тарағаны елуіншілер шіркеуі болып табылады. Олардың діни ілімінің өзіндік ерекшелігі адамдардың өз бетімен рухани қайта жаңару сыйына ие болу және «Қасиетті Рухпен шоқыну» мүмкіндігіне деген сенімнен құралатын шіркеуді мистикалық-индивидуалдық тұрғыдан түсінуден тұрады.

Қазақстанда олар 1990 жылдардың басында құрылып, харизматикалық шіркеулерге бастама болды. Олардың ең ірілері мыналар: «Жаңа өмір» ЖДБ (38 бірлестік), «Агапе» ЖДБ (22 бірлестік), «Өмірдің қайнар көзі» ЖДБ (28 бірлестік).

Келесі орында бірлестіктері мен дін ұстанушылары саны жағынан Евангелді христиан-баптистер болып табылады (105 бірлестіктер). Олардың ішінде Евангелді Христиан-Баптистер Шіркеулер Одағы сынды орталықтанған құрылымдар бар, барлығы 68 діни бірлестіктер және 27 автономды баптистік шіркеулер. Евангелді Христиан-Баптистердің басым бөлігі Алматы облысында (24 бірлестіктер), Алматы қ. (15 бірлістіктер), Оңтүстік Қазақстан (13 бірлістіктер) және Қарағанды облыстарында (53 бірлестіктерінде, соның ішінде, 43 филиалдар) орналасқан Пресвитериандық шіркеулер 99 бірлестіктен тұрады.

Қазақстан аймақтарында XIX-XX ғасырларда пайда болған діни ағымдар жұмыс істейді. Бұлар «Иегова Куәгерлері» (60 бірлестік), «Жетінші күн Адвентистері» (42 бірлестік) және «Жаңаапостол шіркеулері» (11 бірлестік) жергілікті діни бірлестіктері.

Евангелді-лютерандық шіркеуі Алматы, Ақмола, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Павлодар Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Астана және Алматы қалаларындағы 13 жергілікті бірлестіктерден тұрады.

Қазіргі уақытта Евангелді-лютерандық шіркеуінің епископы Юрий Тимофеевич Новгородов болып табылады.

Бүгінде республикада методистердің 13 діни бірлестіктері қызмет етеді. Алғашқы Методистік шіркеу республикада 1991 жылы Алматы қ. тіркелген. Олардың пайда болуына Корей методистік шіркеулері мен Ресейдің біріккен методистік шіркеулерінің миссионерлері секілді шетелдік уағызшылардың белсенді қызметтері әсер етті.

Қазақстандағы иудаизм

Еврей халқының Қазақстан Республикасына жаппай ағылуы ХХ ғ. 30-40 жж. байқала бастады. Ресми түрде Қазақстанның еврей қауымы 1994 жылдан бастап қызмет етеді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда 7 еврей жергілікті діни бірлестігі жұмыс істейді. Барлық қауымдастықтың Астана, Алматы, Павлодар, Шымкент және Өскемен қалаларында орналасқан арнайы діни ғимараттары бар.

1994 жылдан бастап Қазақстандағы Бас раввин Ешая Элазар Коген болып табылады.

Қазақстандағы буддизм

Қазақстан аумағына буддизм V-VI ғғ. Кушан империясының ықпалының артуына байланысты тарала бастады. Бүгінде Қазақстанда Алматы және Батыс Қазақстан облыстарында орналасқан 2 будда діни бірлестігі қызмет атқарады.

Меннониттер

Меннониттер Қазақстанда XVIII ғасырдың соңында пайда болды. Қазір Қазақстанда Қарағанды обылысында меннониттердің 3 филиалы мен 4 діни ғимараттан тұратын 1 жергілікті діни бірлестігі жұмыс істейді.

Мәдениеттер мен дәстүрлердің және көптеген көзқарастардың әралуандылығына қарамастан, Қазақстан діни негізде қақтығыстар орын алмаған мемлекет болып қала береді.

Қазақстанның діни оқу орындары

Қазіргі уақытта республика аумағында барлығы 15 діни оқу орындары қызмет атқарады, олардың ішінде христиандық бағытта – 2, исламдық бағытта – 13.

Бастапқы курстар мен жексенбілік мектептердің жалпы саны – 400 (исламдық бағытта – 334, православиелік – 47, протестанттық – 15, католиктік – 4).

§6. КОНФЕССИЯРАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮДЕМЕЛІ ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ ШАРТЫ

Қазақ халқының өзге дін өкілдеріне деген құрметі, төзімділігі және өзара түсіністігі елдегі қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз ету мен мемлекеттіліктің тұрақты дамуының басты шартына, нығайтушы факторына айналды. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің I съезінде: *«Дінаралық келіссөз қоғамдық дамудың және барлық халықтардың игілігін арттыру және толеранттылықты, түрлі мәдениеттер мен діндер арасында өзара түсіністік пен үйлесімділікті қолдаудың маңызды тәсілдердің бірі болып табылады...»* деген еді.

Жоғары мәдениеті мен руханилығы бар қоғаммен мемлекет, конфессионалды біріккен халқымен ғана болашаққа ұзақ мерзімді жоспар құра алады, бұл берік және орнықты тұжырым.

Ұлт көшбасшысының 2014 жылғы ақпан айындағы Қазақстан халқына Жолдауындағы - **бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ** тұжырымдамасы Қазақстан – 2050 жолындағы таңдалған бағытқа әділ баға берді:

«Біріншіден, бұл – Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы.

Екіншіден, бұл – қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім.

Үшіншіден, бұл – **зайырлы қоғам және жоғары руханият.**

Төртіншіден, бұл – индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім.

Бесіншіден, бұл – Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы.

Алтыншыдан, бұл – тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы.

Жетіншіден, бұл – еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

Осы құндылықтар арқасында біз әрдайым жеңіске жеттік, елімізді нығайттық, ұлы жетістіктерімізді еселедік. Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің идеялық негізі осы мемлекет құраушы, жалпыұлттық құндылықтарда жатыр» - деп атап өтіледі.

«Қазақстан – 2050» Стратегиясының идеялары қазақстандық қоғамның отан сүйгіштігі мен руханилығы, жастардың адамгершілік және моральдық қалыптасуы, ұлттық мәдениеттің дамуы мен білім сияқты іргелі бағыттарды дамытады және қамтиды.

Еліміздегі қалыптасқан діни жағдайда Қазақстандағы әлеуметтік үдерістердің тұрақтылық факторына айналған конфессияаралық келісім саласындағы жетістіктерді атап өткен жөн. Мұндай келісімнің бір формасы – конфессияаралық үнқатысу, түрлі діни қауымдастықтардың өзара әрекеттестігі.

Конфессияаралық диалогтың мақсаты конфессионалды қауымдастықтардың арасындағы толерантты өзара қарым-

қатынастарды қалыптастыру, діндер мен діни бірлестіктердің бейбіт өмір сүруін қамтамасыз ету, біздің қоғам мен мемлекетті толғандыратын түрлі мәселелер бойынша ынтымақтастықты ұйымдастыру.

Конфессияаралық сұхбаттастық келесідей басым бағыттар бойынша дамиды:

- мемлекеттік және азаматтық деңгейлердегі бітімгерлік;
- барлық азаматтардың мүдделерін қозғайтын мәселелер бойынша мемлекеттік билік органдарымен өзара әрекеттестік;
- жаһандану жағдайында қоғамдағы рухани-адамгершілік қағидалардың сақталуына қамқорлық жасау;
- мәдени сан алуандықты сақтау мен дамыту, халықтардың рухани мұраларын игеру арқылы елдің мәдени әлеуетінің дамуына ықпал ету.

Еліміздегі және халықаралық деңгейде конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету контекстінде Астана қаласында өтетін **Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі** (әрі қарай – Съез) айрықша орын алады.

Президент Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен Астана қаласында әр үш жыл сайын Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі өтіп тұрады. I Съез 2003 ж. 23-24 қыркүйекте; II Съез – 2006 ж. 12-13 қыркүйекте; III Съез – 2009 ж. 1-2 шілдеде; IV Съез – 2012 ж. 30-31 мамырда өткізілді.

Дінаралық форумдардың қатысушылары әлемнің ірі конфессияларының басшылары, белгілі саясаткерлер мен халықаралық ұйымдардың өкілдері болды. Қазақстан басшысының шақыртуын ислам, православие, католицизм, протестантизм, буддизм, индуизм, конфуциандық, иудаизм және басқа да көптеген діндердің өкілдері қабыл алды.

Қазақстанда Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін өткізу, бұл – Қазақстанның ғаламдық және аймақтық қауіпсіздікті қолдау механизмдерінің бірі ретіндегі өркениетаралық және мәдениаралық диалогтың ғаламдық үдерісіне қосқан елеулі үлесі болып айғақталады.

Конфессияаралық үнқатысу идеясы осы жылдар ішінде кең қолдау мен өркендеуге ие болды. Егер 2003 ж. I Съезге 17 делегация қатысса, 2006 ж. форумның қатысушылары 20 елден келген 43 делегацияға жетті, 2009 ж. әлемнің 35 елінен 77 делегация болса, ал 2012 ж. съез жұмысына 40 елден келген 85 делегация қатысты.

Съездердің маңызды ерекшеліктерінің бірі – оның жұмысына әлемнің ірі конфессияларының өкілдерінен басқа, көрнекті саясаткерлер, ықпалды халықаралық ұйымдар мен мемлекет басшылары да қатысады. Бұл әлемдегі қауіпсіздікті нығайтып, мәдениеттер мен өркениеттерді жақындастыруға тікелей ықпал ететін тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Форумға қатысушы беделді халықаралық институттар қатары кеңеюде. Олардың қатарында Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ), Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет жөніндегі Ұйымы (ЮНЕСКО), Ислам ынтымақтастық ұйымы (ИЫҰ) бар.

Сондай-ақ, Съез жұмысына бұрын соңды қатыспаған елдердің дінбасылары, жаңа діни конфессиялардың өкілдері қосылуда.

Съез қызметі діни негізде туындайтын өткір мәселелерді бірлесе талқылау мен шешуге, түрлі халықтардың діндері мен мәдениетінің үнқатысуын ұйымдастыруға, тәжірибе алмасуға және діни төзімділік рухын тәрбиелеуге, бейбіт діндердің оң имидждерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің кездесулері зорлық-зомбылықты, діни фанатизмді, экстремизм мен терроризмнің алдын-алуға кең мүмкіндіктер ашады. Олар адамдарға діни экстремизм мен терроризмнің діни негіздері жоқ екендігін көрсетеді. Әлемдік діндердің діни ілімдері фанатизм, зорлық-зомбылық және төзімсіздікке қарсы, ал дін атын жамылған адамзатқа қарсы істерді істеп жүргендер дінге қарсы қылмыс жасағандар.

Сан алуан діндердің бейбіт қатар өмір сүруін ұйымдастыру Қазақстандағы дін лидерлері форумдарының басты тақырыбына айналды.

2003 ж. I Съез жұмысының барысында діни-саяси экстремизм мен терроризм, діни негіздегі шиеленістер мен кемсітушілік, заңсыздық пен зорлық мәселелері қозғалды.

Форум қорытындылары бойынша діни лидерлер дінаралық үйлесімділікті, өзара түсіністікті жетілдіру, өшпенділік, қастық пен ксенофобияны болдырмау, діндер мен мәдениеттерге жағымды көзқарастарды таратуға арналған білім алу бағдарламалары мен әлеуметтік қатынасу құралдарын құру қажеттілігі туралы ортақ пікірге келді. Әлемнің сақталуын, келешекте адамзатқа тұрақтылық пен прогрессті қамтамасыз ету бойынша бірлескен әрекет ету туралы Декларацияның қабылдануы Съез қорытындысы болды.

I Съез дүниежүзі адамдары бейбіт және лайықты өмір сүру үшін түрлі дін өкілдерінің ынтымақтастығы мен бірігу идеяларын жүзеге асырудың уақтылығы мен қажеттілігін әлемге паш еткен бірегей әрі есте қаларлық оқиға болды. Съез идеясы К. Аннан, Дж. Буш, М. Тэтчер, Цзянь Цземинь, Н. Манделла, Ж.д'Эстен және т.б. сияқты көрнекті қайраткерлер мен саясаткерлер тарапынан қолдау тапты.

II Съез 2006 жылы «Дін, қоғам және халықаралық қауіпсіздік» жалпы тақырыбы бойынша өтті. Съезде қатысушылар ұстанатын «Дінаралық диалог қағидалары» қабылданды. Екінші Съездің қорытынды құжатында «қарсы тұру идеологиясын» «әлем мәдениетіне» ауыстырудың жаһандық қажеттілігі ауқымды түрде көрініс тапты.

III Съез 2009 жылы «Толеранттылыққа, өзара құрмет пен ынтымақтастыққа негізделген әлем құрудағы дін лидерлерінің рөлі» атты тақырыпта БҰҰ жүйесі тарапының қатысуымен және техникалық көмегімен өтті. Съез барысында келесі маңызды мәселелер қозғалды: «Адамгершілік және рухани құндылықтар, әлемдік этика», «Диалог және ынтымақтастық», «Ынтымақтастық, әсіресе дағдарыс кезінде».

IV Съез 2012 жылы «Бейбітшілік және келісім – адамзат таңдауы» атты тақырыпта өтті. Форумның маңызды ерекшелігі оның бүгінгі күні қоғамда көкейкесті болып отырған тақырыптарды қамтитын төрт секциалық отырыстан құрылуы: «Діни лидерлердің тұрақты дамуға қол жеткізудегі рөлі», «Дін және мультикультурализм», «Дін және әйел: рухани құндылықтар мен қазіргі заманғы сын-тегеуріндер», «Дін және жастар», сондай-ақ Дін лидерлері Кеңесінің құрылуы.

Халықаралық қауымдастыққа Съез тәжірибесін ұсынуда 2013 жылы ұйымдастырылған Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің бірінші съезінің 10 жылдығына орай өткізілген іс-шаралар қомақты үлесін қосты. Съез тәжірибесіне арналған тұсаукесерлік іс-шаралар әлемнің 10 мемлекетінде өтті.

Жалпы алғанда, жаһандық дінаралық диалогтың дамуына қосқан үлесі ұлттар қауымдастығында Қазақстанның беделін арттырды. Астана Съездің тұрақты сұхбаттастық алаңына айналды және жалпыәлемдік дінаралық үнқатысуда өз орнын тапты. Қазақстан халықаралық құрылымдарда өзінің интеграциялық бастамаларымен ғана емес, сондай-ақ түрлі этностар мен діндердің өзара түсіністігі мен құрметіне негізделген серпінді дамушы экономикасы мен қоғамы бар ел ретінде танымал болды.

Атап өтетін жайт, этносаралық және конфессияаралық келісімді, азаматтық бірлікті қамтамасыз ету елдің әлеуметтік-экономикалық және саяси жаңаруының стратегиялық міндеттерін жүзеге асырудағы Қазақстанның дамуының маңызды шарты болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: *«Этникалық, мәдени және діни әралуандыққа қарамастан, елімізде бейбітшілік пен саяси тұрақтылықты сақтадық. Қазақстан 140 этнос пен 17 конфессияның өкілдері үшін туған шаңырағына айналды.*

Азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім – біздің басты құндылығымыз. Көпұлтты еліміздегі татулық пен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі әлемдік эталон ретінде танылған. Қазақстан халқы Ассамблеясы мәдениеттер үндесуінің бірегей еуразиялық үлгісі болды. Қазақстан жаһандық конфессияаралық үнқатысу орталығына айналды» - деп атап өткен еді.

Діни толеранттылық конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету шарттарының бірі болып табылады. Діни толеранттылық бүгінде

Қазақстанның тұрақтылығы мен экономикалық дамуын, сондай-ақ, бейбітшілікті қамтамасыз етуіндегі шешуші факторға айналды. Қазақстандықтар үшін толеранттылық қағидасы тек саяси мәдениеттің өлшемі ғана емес, ол сондай-ақ, мемлекетті нақты қолдайтын және нығайтатын ең негізгі қағидаттардың бірі болып табылады.

§7. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

Экстремизм (лат. «шеттеу») – бұл адамның қандай да бір сенімге немесе идеяға шектен тыс берілуі, ол өзге сенімдерді, ұстанымдарды, дәстүрлер мен құндылықтарды мойындамаушылықты туындатады.

XX ғ. француз заңгері М. Лерой экстремистер ретінде «өз жақтастарынан саяси идеяларға деген абсолютті берілгендікті» талап ететін, яғни, өздерінің саяси идеяларына сөзсіз, фанаттық деңгейде сенуді талап ететін саяси ағымдарды атаған. Сол кездегі саяси аренада белсенді саяси экстремистік күштердің ішінен М. Лерой большевиктерді «қызыл экстремистер» деп, монархистерді «ақ экстремистер» деп көрсеткен.

Осылайша, экстремизм бірінші кезекте саяси қызметке байланысты аталған.

Қазіргі таңдағы экстремизмнің даму кезеңінде (2000ж. – қазірге дейін) келесідей сипаттық белгілері анықталады:

- экстремистік әрекет түсінігінің (экстремизм) құқықта заңды белгіленуі;
- экстремистік әрекетке заң жүзінде жауап беру;
- заңға қайшы құбылыс ретінде экстремизмге қарсы жүйе дайындау;
- экстремизм көрінісінің көптүрлілігі және экстремизмнің жаңа формаларының пайда болуы;
- заманауи экстремизм көрінісінің жаһандануы;
- экстремистік әрекет субъектілерінің әртүрлілігі – жеке тұлғалар мен топтардан қоғамдық ұйымдарға дейін (діни және зайырлы) және тұтас мемлекеттер мен олардың одақтары.

2001 жылдың 15 маусымындағы «Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы» Шанхай конвенциясының 1-бабы бойынша **экстремизм**:

- билікті күшпен басып алуға немесе күшпен ұстап тұруға;
- мемлекеттің конституциялық құрылысын күшпен өзгертуге;
- мемлекеттің конституциялық құрылысын күшпен өзгертуге пара пар, қоғамдық қауіпсіздікке күштеп араласуға, оның ішінде жоғарыда көрсетілген мақсаттарда заңсыз қарулы құрылымдар ұйымдастыруға немесе оларға қатысуға бағытталған, және ұлттық заңдарға сәйкес қылмыс ретінде қуғындалушы қандай да болсын әрекетті білдіреді.

ҚР 2005 жылдың 18 ақпандағы: «Экстремистік әрекетке қарсы іс-қимыл туралы» Заңы бойынша

Экстремизм – жеке және (немесе) заңды тұлғаның, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдардың атынан іс-әрекеттер

ұйымдастыруы және (немесе) жасауы; жеке және (немесе) заңды тұлғаның, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің мынадай экстремистік мақсаттарды:

– Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен өзгертуді, егемендігін, оның аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін бұзуды, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіруді, өкіметті күшпен басып алуды немесе өкіметті күшпен ұстап тұруды, заңсыз әскерилендірілген құралымдарды құруды, оған басшылық жасауды және қатысуды, қарулы бүлік ұйымдастыруды және оған қатысуды, әлеуметтік, тектік-топтық алауыздықты қоздыруды (саяси экстремизмді);

– нәсілдік, ұлттық және рулық алауыздықты, соның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды (ұлттық экстремизмді) көрсетеді.

Діни экстремизм – діни өшпенділікті немесе алауыздықты, соның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдануды (діни экстремизмді) көздейтін іс-әрекет ұйымдастыруы және (немесе) жасауы.

Діни экстремизм тар мағынасында діндегі шектен шыққан көзқарастар мен әрекеттерге берілгендік. Мұндай экстремизмнің негізін демагогиямен байланысқан зорлық, агрессия және шектен шыққан қаталдық құрайды.

Кең мағынасында бұл ұғым мемлекеттік құрылысты күштеп өзгерту немесе билікті басып алу, мемлекеттің егемендігі мен аумақтық тұтастығын бұзуға бағытталған діни мотивацияланған немесе діни безендірілген әрекет және осы мақсатта діни жеккөрушілік пен араздықты қоздыру.

Терроризм (лат. «қорқыныш, үрей») – экстремизмнің шектен шыққан көрінісі. Терроризм ерекше қатал, қорқыту формалары мен зорлық көрсету әдістері арқылы саяси мақсаттарға қол жеткізу.

Бұл қазіргі заманда қауіпті әрі болжануы мүмкін емес құбылыс және ол әртүрлі формалар мен ауқымды қатерлерге ие болуда. Террористік актілер адамдардың жаппай қырылуына әкеледі және бұқара халықтың басым бөлігіне психологиялық қысым көрсетеді, материалдық және рухани құндылықтардың бұзылуына, кейде мұндай зардаптардың салдары қалпына келтірілмейтіндей деңгейде орын алады, мемлекеттер арасында алауыздықтар туындату арқылы соғыстардың тұтануына ықпал етеді, әлеуметтік және ұлттық топтар арасында сенімсіздік пен жеккөрушіліктердің пайда болуына әкеледі.

Терроризм – қазіргі жаһанданушы заман қатерлерінің бірі, ол өзінің формалары мен көріністерінің ауқымдылығы және жиілігінен, адамзатқа қарсылығы мен қаталдығы тұрғысынан әлемдік

қауымдастық алдындағы түйткілді мәселеге айналды. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі «Терроризмге қарсы күрес» заңының 1 және 5 баптарына сәйкес:

Терроризм – мемлекеттің стратегиялық және өмірлік маңызы бар объектілері мен коммуникацияларын, халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жүйесін, мүлікті және басқа да материалдық объектілерді жою (зақымдау) немесе жоюға (зақымдауға) қатер төндіру, мемлекет немесе қоғам қайраткерінің мемлекеттік немесе өзге де саяси қызметін тоқтату не осындай қызметі үшін кек алу үшін өміріне қауіп төндіру.

Террорлық акт – егер іс-қимыл терроршылдықтың мақсаттарына қол жеткізу үшін жасалса, адамдардың қаза табуы, едәуір мөлшерде мүліктік залал келтіру қаупін туғызатын тікелей қастандық, жарылыс, кепілге адамдар ұстау, өрт салу немесе өзге де іс-қимыл жасау не өзге де қоғамға қауіпті зардаптардың тууы, сондай-ақ нақ сондай мақсатта аталған іс-қимылдарды жасау қаупін төндіру.

Экстремизмге қарсы іс-қимыл – мемлекеттік органдардың адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылыс негіздерін экстремизмнен қорғауға, тұтастығы мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, экстремизмді болғызбауға, анықтауға, оның жолын кесуге және зардаптарын жоюға, сондай-ақ экстремизмді жүзеге асыруға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға бағытталған қызметі.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауында мемлекет пен азаматтар **радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің** барлық түрлері мен бой көрсетулеріне қарсы **біртұтас шеп** құруға тиіс деп атап көрсеткен.

Діни экстремизм қаупі ерекше алаңдаушылық тудырып отыр. Дінбасылар да ортақ алаңдаушылық білдіруде.

Осыған байланысты, Мемлекет Басшысы Президент Әкімшілігі мен ҚР Үкіметіне келесідей тапсырмаларды қойды:

– діни радикализм мен экстремизмнің пайда болуын бейтараптандыру мақсатында заңдарды жетілдіру қажет. Терроризмге қарсы заңдарды да жетілдіру қажет. Мемлекет қайдан бой көтерсе де, радикализм мен экстремизмнің жолын кесу керек;

– әлеуметтік, этникалық және діни қысымдар мен шиеленістерді болдырмау механизмдерінің жаңа сенімді формаларын қалыптастыру;

– қоғамда, әсіресе, жастар арасында діни экстремизм профилактикасын күшейту;

– Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі беретін артықшылықтарды да пайдалану. Осы сұхбат алаңының

базасында діни ыңғайдағы дауларды шешудің жаңа платформасын жасау қажет;

– діни және этностық дауларды шешу үшін аймақтағы ыстық нүктелерде, Үлкен Таяу Шығыс аясында, тіпті одан да ауқымды деңгейде араағайындық жасауға дайын болу;

– мемлекетіміздің зайырлы келбеті – Қазақстанның табысты дамуының маңызды шарты екенін естен шығармау;

– **Діни экстремизм және терроризммен күрес жөніндегі мемлекеттік бағдарлама** дайындау.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: *«Дін мәселелерінде ойластырылған қадам және өте мұқияттылық қажет. Мемлекет діни бірлестіктердің ішкі ісіне араласпауға тиіс. Біз ұят, толеранттылық және төзімділік еркіндігі принциптерін қастер тұтуымыз керек»* деп атап өтеді.

Елбасының тапсырмаларын орындау аясында 2013 жылдың қыркүйегінде **«Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 - 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»** – маңызды құжат дайындалып, қабылданды.

Мемлекеттік Бағдарламаның негізгі мақсаты діни экстремизм көріністерінің алдын алу және терроризм қатерлеріне жол бермеу арқылы адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Мемлекеттік Бағдарлама діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша мемлекеттік органдар қызметін ұйымдастырудың жаңа формалары мен әдістерінен, соның ішінде, тұрғындардың діни сауаттылығын арттыру шараларынан тұрады.

Соңғы жылдары экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл Қазақстанның ұлттық және рухани қауіпсіздігін сақтаудағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттары болып табылады. Осыған байланысты, экстремизм мен терроризмнің барлық түрлеріне қарсы іс-қимылға қатысты ауқымды жұмыстар жүргізеді.

Діни экстремизмге қарсы күрестің маңыздылығын ескере отырып, терроризмге қарсы қызметті үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында Елбасы 2013 жылдың 24 маусымында «Қазақстан Республикасының антитеррористік орталығын бекітетін Ереже туралы» № 588 Жарлыққа қол қойды.

Жаңа форматта қалыптасқан **Қазақстан Республикасының Антитеррористік орталығы** мемлекеттің басты ұлттық қауіптері терроризм мен экстремизмге қарсы мемлекет пен қоғамның қызметтерін басқару және үйлестірумен айналысады.

АТО жоспарлы негізде ведомстволар арасындағы өзара әрекеттестік және терроризм мен экстремизмге қарсы жалпы мемлекеттік жүйені одан әрі нығайтуға бағытталған шараларды қабылдауға арналған отырыстарды өткізеді.

АТО терроризм мен экстремизм көріністеріне құқықтық тосқауылдар жасауға тікелей қатысады. Қазіргі уақытта террористік қауіптерге қарсы іс-қимылдардың барлық аспектілері заңмен бекітілген.

2011 және 2012 жж. елімізде орын алған экстремизм мен терроризм көріністерін ескере отырып, еліміздің антитеррористік құрылымдарының жұмыстарына сәйкесті өзгертулер енгізілді. Осы мақсатта, терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша кейбір заңдарға өзгерістер енгізілді. Мысалы, терроризмге қарсы іс-қимыл қызметтерінің негіздері қайта қарастырылды. Қарулы құрылымдардан өзге, терроризмнің салдарын азайтуда терроризм профилактикасы маңызды басымдылық ретінде айқындалды. Сонымен қатар, саяси-экономикалық, құқықтық, әлеуметтік, тәрбиелік, насихаттық және мемлекеттік органдар тарапынан жүзеге асырылатын өзге де шараларды жандандыру мәселесіне ерекше назар аударылды.

Антитеррористік қызметте оның ақпараттық және насихаттық құрамына ерекше көңіл бөлінеді. Осыған байланысты, Дін істері агенттігінің де қызметтері қоғамда толерантты діни сана мен радикалды идеологияға қарсы иммунитетті қалыптастыруға бағытталған.

Агенттік тұрақты түрде діни мазмұндағы интернет-сайттарға мониторинг пен талдау жүргізеді және олар бойынша дінтанулық сараптама өткізеді. Деструктивті мазмұндағы сайттардың сараптамасының нәтижелері прокуратура органдарына шешімдер қабылдау үшін жіберіледі. 2013 жылдан 2014 жылдың 1 тоқсаны аралығында 2,1 мың діни интернет-ресурстардың мазмұнына сараптамалар жасалды. Прокуратура органдарына жіберілген материалдардағы 227 сайттар мен 167 видеоматериалдар бойынша теріс сараптамалық қорытындылар жасалды.

Дін саласында әрекет ететін Заң ережелерін жүзеге асыру үшін Дін істері агенттігі 15 заңға қосымша актілер дайындап қабылдады, соның ішінде, 7 Үкімет қаулылары және дін саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттары бойынша мемлекеттік қызметтердің стандарттары мен тәртіптерін бекітетін Агенттік бұйрықтары.

Дінтанулық сараптаманы жүзеге асыру үшін 6 заңға қосымша актілерге негізделетін, сараптама жүргізу мен ұйымдастырудың стандарттары мен тәртіптерінен, кезеңдері мен механизмдерінен тұратын нормативтік-құқықтық база жасалды. Бұл экстремистік әдебиеттердің енуіне салмақты тосқауыл қоюға мүмкіндік береді. Агенттік қызмет атқарған мерзім ішінде 24 мың 664 діни кітаптар мен өзге де ақпараттық материалдарға сараптама жүргізілді. Олардың 279 бойынша теріс қорытындылар берілді.

Қазақстандық соттар шешімдерінің негізінде бірқатар діни ұйымдар экстремистік деп танылып, олардың қызметтеріне тыйым салынды. *(Қараңыз: Қосымша 5).*

2013 жылы діни мәселелер бойынша ақпараттар қабылдау мен азаматтарға консультациялар беру Орталығы құрылды. Оның базасында тәулік бойы тегін қызмет атқаратын - «**Қауырт желі - 114**» қызметі ұйымдастырылды. Қауырт желі қызметінің мәні – азаматтарды дін мәселесі бойынша тәулік бойы тегін ақпараттандыру мен дін саласындағы заңдардың бұзылуы туралы мәліметтерді жинақтау мен оларды құқыққорғау органдарына жолдау болып табылады.

Сондай-ақ, 2013 жылы исламның дәстүрлі негіздерін түсіндіру мен Интернет кеңістігінде діни экстремизмнің алдын-алу үшін «E-islam» толық сапалы ақпараттық-ағартушылық Интернет-порталы құрылды.

Дін істері агенттігі **діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл мен алдын алу бойынша жұмыстарды келесі маңызды бағыттар бойынша** жалғастыруды жоспарлап отыр:

- мемлекетіміздің зайырлы қағидаттарын және қоғамымыздың ұлттық құндылықтарын кеңінен насихаттау бойынша сапалы ақпараттық жұмыстарды іске асыру;

- Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 - 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын одан әрі жүзеге асыруға қатысу;

- қолданыстағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заң нормаларының мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету.

Өңірлердегі дін істері басқармалары мен әкімдіктің өзге де құрылымдарының басты міндеттері келесілер болып табылады:

- жергілікті жерлердегі діни ахуалға тиімді талдау жүргізу, соның ішінде, діни ахуалға қатысты болжамдар жасау мен оны жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу;

- экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша мақсатты ақпараттық-насихаттық жұмыстарды ұйымдастыру;

- жергілікті деңгейдегі дін саласындағы мемлекеттік саясаттың барлық мәселелер кешенін әдістемелік және әдіснамалық тұрғыдан қолдау.

Осы тапсырмаларды сапалы жүзеге асыру мақсатында облыстардағы, Астана және Алматы ққ. Дін істері басқармаларының жанынан **коммуналды мемлекеттік мекеме түріндегі Дін мәселелерін зеттеу орталықтары құрылуда (одан әрі – Орталықтар)**, олар дін істері басқармалары арқылы әкімдіктердің қызмет ету аясы мен мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Орталықтардың жұмыстары өңірлік АТК, діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі кеңестермен бірыңғай байланыста және ортақ ұйымдастырушылық негізде жүзеге асуы тиіс.

Орталықтардың жергілікті жерлердегі діни экстремизмге қарсы іс-қимыл мен алдын алу шаралары бойынша негізгі қызметтері келесілер болып табылады;

– жергілікті және орталық атқару органдары, сондай-ақ, өңірлік антитеррористік комиссиялардың жұмыстарында, сонымен қатар, дін және экстремизм мен терроризмнің алдын алу саласындағы мақсатты ақпараттық-насихаттық жұмыстарды жетілдіру үшін өңірдегі діни ахуал туралы талдаулық базаны қалыптастыру. Бұл бағыт түрлі талдаулық материалдарға негіз болатын талдаулық және әлеуметтанулық зерттеулер, сарапшылар сауалнамасын, БАҚ-қа мониторинг пен контент-талдауды жүргізуді ұйымдастыруды қамтиды;

– ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру. АНТ ұйымдастыру, мақсатты топтар мен тақырыптарына сәйкес қызметтерін жоспарлау, сондай-ақ, АНТ жұмысын бақылау және ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру. Бұл бағыт дәрістер, акциялар, кездесулер, консультациялар, баспасөз-мәслихаттарын ұйымдастыру, медиа-жоспарлауды жүзеге асыру, баспа және электронды БАҚ-пен өзара әрекеттестік, Интернеттегі жұмыстарды қамтиды;

– ақпараттық-насихаттық қызметте қолдану, сонымен қатар, өңірлік деңгейдегі АНТ мүшелерінің біліктілігін арттыру үшін АНТ-ны қажетті әдістемелік және әдіснамалық қамтамасыз ету, ол ақпараттық және әдістемелік материалдар, құралдар, кітапшалар, бүктемелер, бейнематериалдар және өзге де үлестіру мен таныстыру материалдарын дайындау мен шығарудан тұрады;

– ақпараттық-құқықтық және психологиялық консультацияларды, сондай-ақ, деструктивті діни ағымдардан зардап шеккендерді оңалту жұмыстарын ұйымдастыру. Бұл мақсатта Орталықтар өңірлерде дін мәселесі бойынша қызмет ететін консультативті-оңалту орталықтары мен деструктивті діни ағымдардан зардап шеккендерге көмек көрсету орталықтарының қызметтерін үйлестіреді;

– деструктивті діни ағымдардың мүшелерін оңалту жұмыстарын ұйымдастыру, деструктивті діни ағымдардан зардап шеккендерді оңалту орталықтары мен көмек көрсету орталықтарының қызметтерін үйлестіру.

Бұл бағыт теологтарды тарта отырып, орталықтың оңалту бойынша мамандандырылған арнайы бөлімін құруды қамтиды, ол дәстүрлі емес исламдық ағымдардың өкілдерін дәстүрлі дінге оралту бойынша идеологиялық, сондай-ақ, өңірлердегі деструктивті діни ағымдардан зардап шеккендерге көмек көрсету орталықтарының қызметтерін мақсатты түрде үйлестіру және республикалық «114 – Қауырт желісімен» өзара әрекеттестікті ұйымдастырумен айналысуы тиіс.

§8. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫ, ОЛАРДЫҢ БЕЙБІТШІЛІК ПЕН КЕЛІСІМДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ РӨЛІ

Қазіргі таңда Қазақстан әлемге мәдениетаралық және конфессияаралық диалогтың орталығы ретінде танылады.

Қазақстан ислам мен христиандықтың, Шығыс пен Батыстың өзара қатынасы мен диалогының сенімді көпірі болды.

Ресми Астана өз диалог алаңында әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының төрт Съезінің қатысушыларын қабылдады.

Дін көшбасшылығының форумдарының өткізілуі, Қазақстанның ИЫҰ мен ЕҚЫҰ-дағы төрағалығы аясындағы іс-шаралары, толеранттылыққа қатысты конференциялар этносаралық және конфессияаралық келісімнің Қазақстандық бірегей үлгісі ғаламдық деңгейде қажет екендігінің дәлелі болып табылады.

Конституцияға сәйкес, Қазақстан мемлекетінің сыртқы саясаты Қазақстан Республикасының Президентімен анықталады және сыртқы істер Министрлігімен жүзеге асырылады.

Егеменді Қазақстан қазіргі таңда халықаралық қатынастардың заңды жеке субъектісі болып табылады және әлемдік экономикалық, саяси кеңістікте белсенді әрекет етеді.

Қазақстан әлемнің 139 мемлекетімен дипломатиялық қатынастар орнатты, сонымен қоса 70 шетелдік өкілдіктерін ашты.

Қазақстанда 100-ден астам шетел мемлекеттерінің дипломаттары, халықаралық және аймақтық ұйымдардың өкілдері аккредиттелген.

Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның толық құқылы мүшесі және ШЫҰ, ТМД, ЕҚЫҰ, ИЫҰ, ҰҚШҰ сияқты басқа да ірі халықаралық және мемлекетаралық ұйымдардың мүшесі болып табылады.

1992 жылдың 2 наурызында Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның мүшесі болды. Қазіргі таңда өмірлік іс-әрекеттің әртүрлі салаларында Бүгінгі күні Қазақстанның түрлі өмір салаларында БҰҰ-ның 15 өкілдігі, соның ішінде ЮНЕСКО, ДДСҰ, БҰҰДБ, ЮНИСЕФ және т.б. нәтижелі қызмет атқаруда.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап ұлт Көшбасшысы – Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев, әлемде мемлекеттің ұстанымын нығайтуға, сондай-ақ, әлем қауымдастықтарының істеріне дәйектілікпен және мақсатты түрде қатыса отырып, бірқатар институционалдық және конструктивтік халықаралық бастамаларды ұсынып, әлемнің басқа да мемлекеттерінің көшбасшыларының прогрессивті ойларына қолдау танытты.

Тәуелсіздік алған сәтінен бастап Қазақстан мемлекетте, сондай-ақ, халықаралық алаңда, тұрақтылық, диалог, бейбітшілікті нығайтуға бағытталған бірқатар халықаралық бастамаларды ұсынды.

Жалпы, Орталық Азия мен Еуразиялық құрлық үшін, Қазақстанның бейбітшілік пен келісімді нығайтуға бағытталған бастамалары үлкен мәнге ие.

Қазақстанның этносаралық және конфессияаралық келісімді қолдау тәжірибесін әртүрлі мемлекеттер мен БҰҰ, ЕҚЫҰ, ИЫҰ және ЮНЕСКО секілді халықаралық ұйымдар қызығушылықпен зерттеуде, оған дәлел шетелдік үкімет көшбасшыларының, қоғам қайраткерлері мен діни ұйымдардың көптеген қолдау сөздері болып табылады.

Диалог пен толеранттылық идеялары, мәдениеттер мен өркениеттердің ынтымақтастығы Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы ауқымды бастамаларының лейтмотиві болды.

Әлемдік қауымдастықтың Қазақстанға Азия мен Еуропа, Ислам әлемінің ірі халықаралық ұйымдарын басқаруды сеніп тапсыруы, Президент Н.Ә. Назарбаевтың саясатына жоғары сенімді дәлелі болып табылады.

Қазақстан және ЕҚЫҰ

Қазақстан, әлемдегі қауіпсіздік пен бейбітшілікті орнатуға ұмтылысын дәлелдей отырып, 1992 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық (әрі қарай – ЕҚЫҰ) жөніндегі ұйымға кірді.

ЕҚЫҰ-ның қатысушы-мемлекеттердің басшыларының көбі Қазақстанның ядролық қару мен басқа да жаппай қырып-жою құралдарды таратпау жөнінде қызметінің рөлі мен үлесіне жоғары баға беріп, осы салада біздің мемлекетіміздің саясатын алдағы уақытта қолдайтындықтарын білдірді.

Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ-ның құрамындағы басты міндеті Орта Азиядағы тұрақтылықты сақтап қалу мен аймақтың үдемелі дамуы үшін аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Қазақстан үшін әлем сахнасында ең маңызды оқиғалардың бірі – еліміздің 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі, ол халықаралық қауымның біздің мемлекетке деген жоғары сенімін көрсетеді.

Қазақстан төрағалық еткен кезең ішінде бірқатар жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Олардың ең бастысы 11-жылдық үзілістен кейін ЕҚЫҰ саммитін Қазақстанның астанасы Астана қаласында өткізу болды.

Ауқымды Саммиттің қорытындысы бойынша – **«Жалпыға ортақ қауіпсіздік»** Астаналық декларациясы қабылданды. Қазақстанның ЕҚЫҰ-дағы төрағалығының ұраны төрт «Т» әрпі болды:

- 1) Trust (сенім);
- 2) Tradition (дәстүр);

3) Transparency (транспаренттілік);

4) Tolerance (толеранттылық).

Толеранттылық – бұл мәдениеттер және өркениеттер арасындағы диалогтың барған сайын артып отырған маңызын сезіну.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев «ЕҚЫҰ тағдырымен келешегі» атты: «Қазақстан мәдениетаралық және өркениетаралық үнқатысу идеясын ұстанған көп ұлтты және поликонфессионалды мемлекет ретінде ұлтшылдық, діни тағатсыздық, нәсілшілдік, ксенофобия және семитизмге қарсы күресуде Ұйымның мықты әлеуетін пайдалануға ұмтылады».

Еліміздің төрағалық ету кезеңінде көптеген мемлекеттер мен үкіметтердің басшылары Қазақстанның экономикалық жетістіктерін оның Астанасы арқылы көре алды.

Қазақстан және ИЫҰ

Түрік және араб мемлекеттерімен ынтымақтастықты дамыта отырып, Қазақстан 1995 жылы Ислам Конференциясы Ұйымының мүшесі болды.

Мұсылман мемлекеттерімен өзара қатынас орнату Республиканың сыртқы саясатындағы басымдылықтардың бірі болып табылады. Ислам әлемі өз тарапынан Қазақстанды мұсылман қауымының ажырамас бөлігі ретінде қарастырады.

Қазақстанның 20 жылдық тәуелсіздігіндегі жемісті дамуы мен мұсылман қауымдастығындағы алатын ерекше орнын жоғары бағалап, ИЫҰ-ға қатысушы-мемлекеттер Қазақстанның бұл ұйымға төрағалық ету ұмтылысына қолдау білдірді.

Астанада 2011 жылғы 28-30 маусымда Ислам ынтымақтастығы ұйымы Сыртқы істер министрлері кеңесінің (СІМК) 38-ші сессиясы өтті.

Аталған шараға әлемнің 57 мемлекетінен 1000-нан астам шетелдік қонақтар қатысты. Сессияда қабылданған маңызды шешім болып – ребрендинг, ИЫҰ атауын – Ислам Ынтымақтастық Ұйымына (ИЫҰ) өзгерту, сонымен қоса Ұйымның жаңа таным белгісін қабылдау болды.

Еліміздің өзге де ауқымды аймақтық және әлемдік ұйымдармен бірге ИЫҰ қызметіне белсенді араласуы жаһандану үдерісіндегі әлемнің қазіргі кезеңінде маңыздылыққа ие болып отыр.

Сонымен қатар, ИЫҰ төрағалығы кезінде Қазақстан ұйымның күн тәртібіне: саяси, гуманитарлық және экономикалық ынтымақтастық, терроризм, діни тағатсыздық, гендерлік теңсіздікпен күресу сияқты маңызды мәселелерді қосуға атсалысты.

Қазақстан және АӨСШК

1992 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясының 47-сессиясында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев

Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесті (АӨСШК) құру бастамасын ұсынғаны баршаға мәлім.

Қазақстан көшбасшысының ұсынысы азиялық, сондай-ақ еуропалық мемлекеттер тарапынан қолдау табуы, оны жүзеге асырудың жоғары деңгейін анықтады.

Сол уақытта Азияның басым бөлігінде жоғарыда аталған мәселелерді қарастыратын және бейбітшілік, тұрақтылық пен қауіпсіздік идеяларын насихаттайтын қандайда бір жалпықұрлықтық құрылым болмады.

Ұлт көшбасшысы әлемге, Азия құрлығындағы мемлекеттерді біріктіретін, аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін, Азия мемлекеттерінің ынтымақтастығы мен қарым-қатынасын нығайтуға бағытталған халықаралық форум құруға ұсыныс білдірді.

Азияның алдыңғы қатарлы 10-нан астам мемлекеттері АӨСШК құрудағы Қазақстанның бастамасына толық қолдау көрсетіп, оның құрамына қосылуға дайындықтары туралы жариялады. Сонымен қатар, Кеңестің қатысушыларының арасындағы қарым-қатынас қағидаларын, оның құрылымын, ішкі ережелері мен тәртібін белгілейтін негізгі құжаттардың жобасы қаралды.

АӨСШК-нің бірінші Саммиті Алматыда 2002 жылдың 4 маусымында өтті, мұнда аталған бірлестіктің жұмыс істеу механизмі мен негізгі қағидалары анықталды, сонымен бірге, өркениеттер арасындағы диалогқа жәрдемдесу мен терроризмді жою туралы АӨСШК Декларациясы қабылданды.

Қазіргі таңда АӨСШК халықаралық қатынастардың негізгі факторы мен жалпыазиялық тиімді диалог алаңына айналды.

АӨСШК құрылған күннен бастап қатысушылар саны ұлғайып 24 мемлекетті біріктірді, бақылаушылар саны артып, Кеңестің институттарының қалыптасу үдерісі аяқталды. 2007 жылдың 12 қарашада АӨСШК БҰҰ-ның бақылаушы мәртебесіне ие болды, бұл жағдай Кеңестің тарихында маңызды шаралардың бірі болып қалды.

Қазіргі күні Қазақстан жаһандық деңгейдегі діндер мен өркениеттер диалогы ұстанымын бекіту туралы мәселені көтере отырып, Шығыс пен Батыс арасындағы «көпірге» айналып отыр. Елде қалыптасқан этносаралық және конфессияаралық келісім үлгісі әлемдік бағаға ие болды.

Қазақстан үшін толеранттылық қағидасы – тек саяси мәдениеттің нормасы емес, ол мемлекеттік қағида. Ол 22 жыл ішінде жүзеге асырылған түрлі этнос және конфессия өкілдері арасында өзара түсінушілік пен келісімді сақтау, жасампаздықты дамыту мен тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясаттың жетістіктерін көрсетеді.

Әлемдегі этносарлық және конфессияаралық шиеленістер жағдайында дінаралық диалогты нығайту туралы Қазақстанның бірегей тәжірибесі ғаламдық деңгейде өзекті болып отыр. Осы орайда,

Қазақстанның елордасы – Астана дін көшбасшылары үшін қажетті диалогтық алаңға айналды.

Әлемнің діни лидерлерінің диалогында діннің рухани құндылықтары маңызды әрі шешуші орын алады. Ол ақиқат нәрсе. Сәйкесінше, әр адам жынысына, ұлтына, дініне қарамастан өз отбасынан алған құндылықтар мен білімнің иесі болып табылады.

§9. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ КОНФЕССИОНАЛДЫҚ САЯСАТ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕГЕН СӨЗДЕРІНЕН

«Бүгінгі таңда адамды оның дамуы үшін материалдық қана емес, рухани көтермелеу қай кездегіден де маңызды. Адамгершілік арқауы ескі идеологиялық жүйенің күйреуіне, қоғамдық формацияның ауысуының салдарынан құндылықтарды қайта парықтауға байланысты босаңсыған тұста біздің мәдениет органдарының адамдардың бойына асқақ ой-ниет нәрін сіңіруге, жас ұрпақты халықтың, бүкіл әлемдік өркениеттің сан ғасырлық рухани және мәдени мұрасының қазыналарынан сусындата білуге қабілетті болуының маңызы ерекше зор».

(Н.Ә.Назарбаевтың «Тәуелсіздігіміздің бес жылы» атты кітабынан, 1996 ж.).

«Қазақстан тек формалды түрде ғана зайырлы мемлекет емес, сонымен қатар, қазақстандық халықтардың тарихи діни сеніміне негізделетін табиғаты мен рухында да зайырлық сипат алады».

«Біз, қазақтар үшін ислам – біздің дүниетанымымызды анықтайтын ең алдымен жоғары идеал мен факторы, бұрындары ұмытылып кете жаздаған бай мұсылмандық мәдениеті мен ата-бабаларымыздың рухына деген тиісінше баға берудің рәмізі іспеттес».

(Н.Ә.Назарбаевтың «Сындарлы он жыл» атты кітабынан, 2003 ж.).

«Себебі, дін - ғаламиландыру дәуірі орнағанға дейін де ізгілік пен мәдени диалог идеясын сақтап қалған жалғыз ғалами құбылыс».

(Қазақстан Республикасы Президентінің Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің I съезінің ашылуында сөйлеген сөзі, 2003 ж. 23 қыркүйек).

«Біз Қазақстанда 40-тан астам конфессияның өкілдері бейбіт қатар өмір сүруде деп жиі қайталаймыз. Және бұл жай айтылған сөз емес - соңғы 15 жылда сіздер бір де бір қазақстандық газеттен немесе телеарнадан белгілі бір дінді ұстанушылардың сезімдерін қорлауды көре алмайсыз. Бұған ел Конституциясы тыйым салады. Бұл ретте осы жылдары ешкімді жазалауға тура келген жоқ. Жауабы мен түсініктемесі қарапайым ғана - қоғамда тұтастай алғанда барлық діндарларға төзімділік пен түсіністік ахуалы қалыптасты».

«Конституция деңгейінде конфессиялық және баска да әлеуметтік белгілері бойынша кемсітудің кез келген түріне тыйым салынады. «Қазақстан Республикасындағы ар-ұждан және діни сенім бостандығы туралы» Заң діни бірлестіктердің емін-еркін қызмет етуі үшін барлық құқықтық негіздерді қалыптастырып берді. Еліміз адам құқығын қорғау

саласында қырықтан астам халықаралық келісімдер мен шарттарға қосылды, олардың арасында БҰҰ-ның осы саладағы іргелі пактілері де бар».

«Ұлтаралық және дінаралық келісімнің бізде қалыптасқан үлгісі - Қазақстанның әртүрлі конфессиялардың өзара іс-әрекет етуінің жалпыәлемдік үрдісіне қосқан үлесі. Бізді халықаралық ауқымда дәл осылай танығанын қалаймыз».

(Қазақстан Республикасы Президентінің Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің II съезінде сөйлеген сөзі, 2006 ж. 12 қыркүйек).

«Болмай қоймайтын “өркениеттер қақтығысы” туралы даңғаза болжамдардың көпшілігі, бақытымызға қарай, әзірге іске асқан жоқ. Алайда, конфессияаралық шиеленіс халықаралық лаңкестік пен діни экстремизмнің әлеуметтік базасын нәрлендіретінін айқын түсінген жөн. Діндердің келісімін, этностық топтардың бейбіт қатар өмір сүруін қамтамасыз ету жаһандық қауіпсіздікті сақтау үдерісінде аса маңызды басымдық болып табылады деп есептеймін.

130 ұлт пен 45 діни конфессияның өкілдері өмір сүретін Қазақстан толеранттылықтың үлгісін көрсетіп отыр, ал ол Қазақстанда бейбітшілікті, тұрақтылық пен экономикалық ілгерілеуді қамтамасыз етудің шешуші факторына айналған. Әлемдік конфессиялар арасында осы заманғы дүние құрылымының түйінді мәселелері бойынша үнқатысуды жолға қою қағидаттық тұрғыда маңызды деп санай отырып, Қазақстан 2003 және 2006 жылдары Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің форумдарын өткізудің ордасы болды, бұл форумдарда діни мәртебелі тұлғалар өзара түсіністіктің тілін ғана емес, сонымен бірге планетаның “отты нүктелеріндегі” дінаралық шиеленісті тоқтату тетіктерін іздестірді.

2009 жылы болатын Діни лидерлердің 3-ші съезі Біріккен Ұлттар Ұйымының құзырымен өтуін ұсынғым келеді. Сондай-ақ, таяудағы жылдардың бірін Біріккен Ұлттар Ұйымы Мәдениеттер мен діндер жақындасуының халықаралық жылы деп жариялауын ұсынамын».

(Қазақстан Республикасы Президентінің БҰҰ Бас Ассамблеясының 62-ші сессиясында сөйлеген сөзі, 2007 ж. 26 қыркүйек).

«Қазақстан бүгінде мәдениетаралық және конфессияаралық үнқатысудың маңызды халықаралық орталықтары бірінің міндетін атқарады. Біз әлемдік және дәстүрлі діндер съездерін өткізудеміз. Сондықтан Қазақстанның бұл миссиясы басқа елдер мен халықаралық ұйымдардың, атап айтқанда Біріккен Ұлттар ұйымының тарапынан кең қолдау тауып отыр».

(«Қазақстан-2030 стратегиясы» іс үстінде: табыстың 10 жылы атты конференциясында сөйлеген сөзі, 2007 ж. 12 қазан).

«Астана - бұл конфессияаралық келісімнің қаласы. Бейбітшілік және келісім сарайы, мешіттердің мұнаралары, христиандық храмдар мен синагогалардың күмбездері, басқа дін өкілдерінің ғибадат үйлері қала архитектуралық ансамблінің және оның рухани өмірінің ажырағысыз бөлігіне айналып келеді».

«Қазақстанның бастамасы бойынша шақырылған Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі де осы заманғы діндер арасындағы жаһандық үнқатысудың құрамдас та ықпалды бөлігіне айналды. Ол елеулі рөл атқарып, діни лидерлердің, діндер мен халықтардың арасындағы өзара түсіністіктің өсуіне жәрдемдесуде».

(Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің III съезінде сөйлеген сөзі, 2009 ж. 1 шілде).

«Қазақстанда қоғам діннен бөлінбеген, сондықтан да мемлекет осы саладағы қоғамдық қатынастарды реттеуден бойын аулақ сала алмайды. Бұл ретте, діни сенімдердің өнегелі-рухани бастауларға негізделетіндігін және орасан зор гуманистік әлеуетке ие екендігін есепке алу маңызды. Бей-жай қарауға, осынау мол әлеуетті қазақстандық қоғамның рухани құндылықтарын дамыту, қазақстандық патриотизмді нығайту, ұлтаралық және дінаралық келісімді бекіту және діни экстремизмнің алдын алу ісіне пайдаланбауға енді болмайды».

(Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында сөйлеген сөзі, 2010 ж. 26 мамыр).

«Қазақстанның төзімділік үлгісі ЕҚЫҰ-ның бүкіл ел кеңістігінде бейімделуі мүмкін.

Біріншіден, бұл үлгінің негізіне қазақ халқының көп ғасырлық тарихына тән төзімділік пен шыдамдылық, қонақжайлылық, өзге халықтарға, мәдениеттерге, діндерге сый көрсету сияқты сипаттар берілген. Қазақстан түрлі діндердің тоғысқан жерінде болып шықты және де осының бәрін тиісінше түсініп, өзге этностар мен халықтардың мұқтаждықтарын түсініспеншілікпен қабылдады».

Екіншіден, егеменді Қазақстан шарттарында төзімділік тек саяси мәдениеттің нысаны ғана емес, сондай-ақ саяси мемлекеттің түйінді қағидасы да болып табылады. Осы жағдайдың арқасында Қазақстан саясаты төзімділік мәселелерінде екі жақты стандарттардан дәйекті, болжамды және еркін болып табылады. ЕҚЫҰ-ның көптеген мемлекеттерімен Қазақстанды қабылдауы кездейсоқ емес, тыйым салынған қақтығыстар шешімінде делдал бола алады».

(ЕҚЫҰ-ның Жоғары деңгейдегі Толеранттылық пен кемсітпеушілік жөніндегі конференциясында сөйлеген сөзі, 2010 ж. 29 маусым).

«Төзімділік Қазақстанды табысты да сенімді дамытудың маңызды факторына айналды».

«Тұрақтылық пен келісім - бұл күн сайынғы үлкен жұмыс, оны жылдан жылға, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп жалғастыру қажет. Келісім мен бірлікті қандай бір этносқа қатыстылығына қарамастан әрбір қазақстандық сақтауы керек: - біздің Отанымыздың мызғымай тұруы, әрбір қазақстандықтың аман-саулығы мен болашағы осыған байланысты».

(Қазақстан халқы Ассамблеясының XVI сессиясында сөйлеген сөзі, 2010 ж. 20 қазан).

«Біздің алдымызға екі ең шешуші міндет қойылған. Біріншісі – исламды дін ретінде өзәзілдеушіліксіз саяси идеология сияқты діни фундаментализмге қарсы тұруды үйрену. Екінші міндет – батыс және мұсылман әлемі арасындағы ашық әрі адал диалогты жақсарту. Қазақстанның «Ислам конференциясы» Ұйымындағы Төрағалығы осы ізгі мақсаттарға қызмет етеді»

(«Жаңа оңжылдықта төзімділікке» атты Euronews телеарнасына берген сұхбатында, 2010 ж. 10 қараша).

«Қазақстан – әлемдегі мұсылмандар, православтер, католиктер, протестандар, буддистер, иудеилер сияқты көптеген дін өкілдерінің бірлікте, бейбітшілікте, конфессияаралық келісімде өмір сүріп келе жатқан мемлекет. Бұл олардың бірге жинала алатын және барлық өздерінің мәселелері жөнінде сөйлесе алатын жалғыз жер».

(Қазақстан халқы Ассамблеясының XVII сессиясында сөйлеген сөзі, 2011 ж. 18 сәуір).

«Қазақстан мұсылман тұрғындары басым болып саналатын зайырлы мемлекет. Біз барлық мұсылмандардың бір-біріне және өзге діннің барлығына деген төзімділігі, байыптылығы және танымдылығы негізінде бірігуін жақтаймыз. Біз мәдени-діни дәстүрлерді және әртүрлі этностардың ерекшеліктерін сақтай отырып, әлеуметтік-экономикалық жаңғыруға және халықтың әлеуетін одан әрі көтеруге бірінші кезекте басымдық береміз. Мұсылман мемлекеттері неғұрлым табысты болса, солғұрлым әлемде Ислам бейнесі тартымды болмақ.

Әлемдік саясаттың өте күрделі проблемаларының бірі мұсылман әлемінің басқа әлеммен, бірінші кезекте Батыспен күрделі қарым-қатынасы болып отыр. Мұсылман әлемінің бүгінде батыстық пайым бойынша бірінші кезекте радикалды бөлігі басымдылық алып, әлем жұртшылығы көзқарасы бойынша негізсіз үрей туғызады. Бұл ретте исламның бірінші кезекте жалпы адамзаттық құндылықтарды адамгершілік, төзімділік және әділеттілік қасиеттерді насихаттайтындығын атап көрсету керек.

Ислам дінінің негізгі тұғыры экстремистікті, оның ішінде діни танымдарды жамылатын лаңкестік құрылымдар-мен ешқандай байланысы жоқ. Лаңкестіктің салдарынан ең бірінші ислам мемлекеттерінің азаматтары зардап шегетіндігі белгілі. Мұхаммед пайғамбардың хадистерінде былай делінеді: «Дін - зорлық-

зомбылықтан бас тарту. Ешқандай мұсылман баласы зорлық-зомбылықты қолдауға тиісті емес».

Біздің алдымызда екі өте маңызды міндет тұр. Бірінші - саяси идеология ретінде діни фундаментализмге қарсы тұруды үйрену. Біз Исламның саяси зорлық-зомбылықпен, экстремизммен және лаңкестікпен ешқандай байланысы жоқ екен-дігін үзілді-кесілді мәлімдеуге тиістіміз. Бүкіләлемдік Жетінші Ислам экономикалық форумында мен біртұтас медиялық ислам жобасын жасау жөнінде ұсыныс жасадым.

Қазір осы жобаға қарсы Интернетте «жаңа медиялық» қуатты қарсылықтар қарқын алуда. Осыған байланысты мен мұсылмандық рухани құндылықтарды тарататын, жастардың Ислам діні мен мәдениетіне деген қызығушылығын арттыратын, біздің ұйымымыздың қызметін насихаттайтын «e-ISLAM» Интернет-ресурсын құруды ұсынамын.

«Тарихи тұрғыдан ислам, христиан және иудаизм өзара бір-бірімен жақын, біздің діндеріміз өзара тәуелді және бірін-бірі толықтырып отырады. Біз бір ғана Құдайды мойындаймыз, біздің діндерімізде бір ғана ыбырайымдылық - абрамдық негіз бар. Біз «өркениеттер қақтығысының» орнына «өркениеттер бірлестігін» ұсынамыз. Біз өзара қақтығыстың орнына барлық әлем еститіндей мұсылман және христиан әлемі арасындағы ашық та әділетті үнқатысуға шақырамыз. Мұндай қадам Умма тарапынан Исламға деген құрмет пен сенімділікті арттырады.

Қазақстанда мұсылман мешіттерінің мұнаралары, христиан храмдары мен иудейлік синагогалардың күмбездері бейбіт қатар өмір сүреді, сіздердің оларға баруға және көруге мүмкіндіктеріңіз бар. Бізде 130-дан астам этностың өкілдері бейбіт қатар өмір сүреді. Бұл іс жүзінде біздің еліміздің бейбітшілік және толеранттылықты насихаттауға қосқан үлесі болып табылады».

(ИЫҰ СІМК 38-сессиясындағы сөйлеген сөзі, 2011 ж. 29 маусым).

«Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ. Мен барша қазақстандықтарды ұлтаралық және конфессияаралық келісімді одан әрі нығайтуға шақырамын. Олар біздің мәңгілік құндылықтарымыз. Осынау бұлжымас ақиқатты сақтай отырып қана, біз мәңгілік халық, мәңгілік елорда және мәңгілік мемлекет туралы айта аламыз».

(Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі, 2011 ж. 15 желтоқсан).

Бүгінде кез келген этностық немесе діни ұстанымдағы қазақстандық өз елінің тең құқықты азаматы.

Мемлекеттің зайырлылық қағидаттарын берік ұстану біздің қоғамымыздың тұрақты дамуының берік кепілі болып табылады.

Дін - адам жаны мен моралінің саласы. Әрбір дін уағыздайтын жоғары құндылықтар - Исламның, Православиенің, Католицизмнің, Протестанттықтың діни ілімдері әркезде де мемлекеттен қолдау табатын болады.

Бір айдан соң біз Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Төртінші Съезін қабылдайтын боламыз.

Оны өткізу ХХІ ғасырдағы әлемді қалыптастырудың маңызды қағидаты ретіндегі жаһандық толеранттылықты орнықтыру ісіне қосқан Қазақстанның ең ұлы сыйы.

Бүкіл діни бірлестіктермен өзара байланыстарды нығайту үшін Қазақстанда Дін істері агенттігі құрылды.

Жастарды жалған діни топтар ықпалынан қорғау жөнінен тиімді шаралар кешенін қалыптастыру қажет.

(Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының ХІХ сессиясында сөйлеген сөзі. 27.04.2012 ж.).

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі халықаралық диалогтың өзегіне айналды.

Дін – руханисыздық пен ашкөздіктің алдындағы аса берік қорғаушы бөгеттердің бірі. Көптеген кезеңдерде дәл осы дін халықтық даналықтың, мәдениеттер мен дәстүрлердің кей жағдайда тіпті бірден-бір сақтаушысы болып келді.

Кез келген этносқа және дінге жататын қазақстандық – ол тең құқылы азамат, біртұтас азаматтық қоғамның ажырамас бөлігі.

Біз әрбір адамның өз дінін еркін ұстануы, туған тілін оқып және пайдалануы, өз этносының мәдениеті мен дәстүрлерін дамытуы үшін барлық жағдайларды жасау дамыз.

Әрбір дін – ислам, православие, католицизм, протестанттық діни ілім, иудаизм, буддизм және басқалар уағыздайтын жоғары құндылықтар – әркезде де Қазақстан мемлекетінен қолдау тауып келеді.

Біз олардың қандай дінге және этномәдениетке жататынына қарамастан барлық қазақстандықтардың жалпыұлттық бірлігі мен келісімінің ерекше формуласын қалыптастырдық.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі – бұл Қазақстанның бүкіл әлемге парасатты сыйы.

(Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің ІV Съезінің ашылуында сөйлеген сөзі, 2012 ж. 30 мамыр).

Тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз ететін этносаралық және дінаралық қатынастар институттарын дамыту өте маңызды. Діни және этностық кемсітушілік, сондай-ақ осы негіздегі қылмыстар үшін жазалаудың заңнамалық шараларын қатаңдату қажет. Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін одан әрі жоғарылатқан жөн.

Қазақстандықтар экстремизм мен радикализмді қабылдамайды.

Біздің азаматтарымыз қашанда саяси боссөзділік пен әлеуметтік алауыздыққа қарсы шығады.

Біз сіздермен бірге әлемнің түрлі түкпірлерінде саяси, ұлтаралық, діни жанжалдар болып жатқанын көріп отырмыз. ХХІ ғасырда олардан ешкім де сақтанбаған. Және бұл жерде жеңімпаздар жоқ. Мұндай жанжалдарда тек қайыршылыққа, күйзеліске, аштыққа, созылмалы азамат соғысы мен орта ғасырларға кері кетуге алып келетін жамандық қана жеңеді.

Мен біздің халықтық игілігіміз болып табылатын қазақстандық табыстың үш кілті туралы еске сала кеткім келеді.

Бірінші. 140 этностың басын құрайтын барлық қазақстандықтардың бірлігі – бұл ғаламат құндылық. Біздің міндетіміз – оны қорғау, сақтау және байыту. Біз әлемдік мұхитта өз бағытымен аман-есен жүзіп келе жатқан қайығымызды ешкімнің шайқауына жол бермейміз.

Екінші. Біздің барлығымызға және әрқайсымызға тән тағаттылық.

Этностық және діни айырмашылықты байыппен түсіну және құрметпен қабылдау. Осының арқасында біздің әралуандығымыз біздерді бөлмейді, қайта біріктіреді. Егер біздің тағаттылығымыз болмаса, онда біздің қайығымыз бағытынан ауытқып кетуі ықтимал және әрі қарай апаттан қорғалмайтын болады. Біз апатқа ұшырап, «SOS» белгісін беретін теңіз саяхатшыларына айналамыз.

Үшінші. Бұл тарихи тағдырымыздың ортақтығы. Біздің мақсатымыз – өзгермелі әлемдегі жаңа жағдайларда тек тірі қалу емес, сондай-ақ, бұрынғы табыстарымызды нығайта, осы жаңа әлемге өзіміздің ықпал ету мүмкіндігімізді кеңейте отырып, дамуымызды жалғастыру. Тек осы біздің құндылықтарымызды нығайта және көбейте отырып қана біз әр қазақстандық отбасы үшін қауіпсіз және бақытты болашақ құра аламыз.

(Қазақстан Президентінің Назарбаев Университеті студенттері алдында сөйлеген сөзі. 2012 ж. 5 қыркүйек).

«Ұлтаралық және дінаралық келісім қашанда халықтықтың игілігі болады».

(«Жас Отан» Жастар қанатының ІІ съезінде сөйлеген сөзі. 2012 ж. 16 қараша).

Түрлі әлеуметтік, этникалық және діни топтардың келісімі мен татулығы. Біз қазақ халқына, біздің мәдениетіміз бен тілімізге қатысты тарихи әділдікті қалпына келтірдік. Этникалық, мәдени және діни әралуандыққа қарамастан, елімізде бейбітшілік пен саяси тұрақтылықты сақтадық.

Азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім – біздің басты құндылығымыз. Көпұлтты еліміздегі татулық пен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі әлемдік эталон ретінде танылған.

Біз мәдениеттер мен діндердің қатар өмір сүруі жағдайында өмір сүріп үйренуіміз керек. Біз мәдениеттер мен өркениеттер диалогына бейілді болуға тиіспіз. Тек басқа ұлттармен жарастықта ғана біздің еліміз болашақта табыс пен ықпалға қол жеткізе алады. ХХІ ғасырда Қазақстан өзінің өңірлік көшбасшылық ұстанымын нығайтып, Шығыс пен Батыстың үндестігі мен өзара іс-қимылы үшін көпір болуға тиіс. Бүгінде әртүрлі ұлт пен дін өкілі саналатын қазақстандық – ол өз елінің тең құқықты азаматы болып табылады.

Біз елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек.

Дін мәселелерінде ойластырылған қадам және өте мұқияттылық қажет. Мемлекет діни бірлестіктердің ішкі ісіне араласпауға тиіс. Біз ұят, толеранттылық және төзімділік еркіндігі принциптерін қастер тұтуымыз керек.

Біз бірлік пен татулық құндылықтарын қоғамның іргетасына, қазақстандық ерекше толеранттылықтың негізіне айналдырдық.

Біздің жастарымыз мемлекеттің игілігі үшін ар-намыс, борышына адал, әдептілік құндылықтарын бойларына сіңіріп өсулері керек. Өзіне деген талапкершілік, қоршаған ортаға деген құрмет, елге деген адалдық – келешек ұрпақ тәрбиесінің өзегі.

Қазақстан патриотизмінің іргетасы – барлық азаматтардың тең құқылығы және олардың Отан намысы алдындағы жалпы жауапкершілігі.

Жаңа қазақстандық патриотизм барлық қоғамды, барлық этностық әркелкіліктерді біріктіруге тиіс.

Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпдіндер қоғамының негізгі табысы.

(Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 ж. 14 желтоқсан).

2050 жылы Қазақстанның жұдырықтай жұмылған біртұтас халық, үлгілі ұлттық мемлекет болатынына мен сенімдімін. Қоғамдық келісім біртұтас полиэтностық халық, мемлекет пен азаматтық қоғам институттары, саяси партиялар, діни конфессиялар өмірінің басты ерекшелігі болуы тиіс.

Қазіргі заманғы қазақтар, ата-баба дәстүрлерін ұстана отырып, бірліктің, толеранттылық пен патриотизмнің, мемлекет пен қоғамға қалтқысыз қызмет етудің үлгісін көрсетуі тиіс.

Толеранттылық біздің ұлттық құндылығымыз және Қазақстан халқының игілігі болып табылады. Ол көп ғасырлық дәстүр мен қазақ халқының мәдени үлгісіне негізделген.

Қазақтардың ұлттық тарихы, олардың этногенезі мыңдаған жылдарға созылған бірегей ажырамайтын үдеріс ретінде қарастырылуы тиіс.

Біздің тарихи таңдауымыз – зайырлы мемлекет пен қоғам. Бірақ зайырлы деген атеистік дегенді білдірмейді. Зайырлы дегеніміз – ілгерішіл, бейбіт сүйгіш, толерантты, ашық қоғам.

Біз дәстүрлі діндерді қолдаймыз, бірақ кез-келген экстремизмді үзілді-кесілді теріске шығарамыз. Жастарды біздер үшін бөгде радикалды діни ағымдардан қорғау қажеттігіне менің сенімім мол. Біздің Ұлы Дала мыңдаған жылдар бойы толерантты, яғни тағатты болды. Сонымен бірге мен толеранттылықтың, кейбіреулер ойлайтындай, ойыңа келгенді істеу емес екенін де атап көрсеткім келеді. Толеранттылық – өзіміз нығайтып, сақтайтын және бүкіл ұрпақты тәрбиелейтін біздің қоғамымыздың парасаттылық қалыбы.

(Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы ассамблеясының XX сессиясында сөйлеген сөзі, 24 сәуір 2013ж.).

«Ислам және Православия діндері біздің рухани негізіміз болып табылады».

(Успенсктік кафедралдық соборда Пасха күнінде сөйлеген сөзі, Астана қаласы, 2013 ж. 5 мамыр).

Біздің Астанамызға Қазақстанның бүгінгі таңдағы рухани орталығы болуды тағдырдың өзі жазған.

Мен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізу идеясын осы жерде туып және осы жерде жүзеге асырылғандығын кездейсоқтық емес деп санаймын. Өртүрлі діндердің рухани көшбасшылары мен жетекшілерінің әрбір үш жыл сайын басын қосып отыратын бұдан басқа елорда бүгінгі әлемде жоқ. Олардың Қазақстанға бейбітшілік және өркендеу тілеген батасымен осымен төртінші рет Астананың қасиетті топырағы мен ауасы дәріптелді.

Астанада мұсылман әлемінің беделді имамдары мен дін сөзін ұстаушылары бірнеше рет болды. Мәскеу және Бүкіл Ресей Патриархы Кирилл біздің астанамызға екі рет келді. Біз Рим Католик шіркеуінің понтифигі Иоанн Павел Екіншіні, Константинополь Патриархы Варфоломейді, Армян апостол шіркеуінің католикосы Гарегин Екіншіні, сонымен бірге, басқа да көптеген конфессиялардың өкілдерін қонақжайлылықпен қабылдадық.

Астанада аз уақыттың ішінде – «Нұр Астана» және «Әзірет Сұлтан» мешіттері, православиелік Успен Кафедралдық Соборы, католиктік Құдай Ананың Тынбайтын Көмек Соборы, «Бейт Рахель – Хаббад Любавич» синагогасы сияқты тамаша діни-рухани нысандар салынып, жұмыс істеп тұр.

Менің бастамаммен Астанада бүгінде бүкіл қазақстандықтар үшін нағыз архитектура киесіне айналған біздің халқымыздың бірлігінің тұғыры ретіндегі Бейбітшілік және келісім сарайы салынды.

(Астана – Қазақстанның ұлы дәуірі және стратегиялық векторы мақаласынан, 2013 ж.7 шілде).

Егеменді дамудың 22 жылында барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалды. Олар көктен түскен жоқ. Бұл құндылықтар – уақыт сынынан өткен Қазақстандық жол тәжірибесі.

Біріншіден, бұл – Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы. Екіншіден, бұл – қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім. Үшіншіден, бұл – зайырлы қоғам және жоғары руханият. Төртіншіден, бұл – индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім. Бесіншіден, бұл – Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы. Алтыншыдан, бұл – тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы. Жетіншіден, бұл – еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы. Осы құндылықтар арқасында біз әрдайым жеңіске жеттік, елімізді нығайттық, ұлы жетістіктерімізді еселедік. Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің идеялық негізі осы мемлекет құраушы, жалпыұлттық құндылықтарда жатыр.

(Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. 2014 ж.18 қаңтар).

Мемлекеттің зайырлылығы Қазақстанда бар барлық діндердің ұлы рухани мұраларына құрмет көрсетуден, әркімнің таңдау еркіндігінен арқаулық табады. Конфессияаралық толеранттылықтың мұндай ахуалы, сірә, әлемде еш жерде жоқ. Сонымен бірге, біздің еліміз зайырлы және дін мемлекеттен бөлінген. Біз сондай-ақ діни ұрандар ұстанған экстремизмді, діни ілімдерді сырттан саясиландыруға деген талпыныстарды, біздің халқымызға біз үшін бөгде діни көзқарастар мен идеяларды күштеп таңуды барынша теріске шығарамыз.

Бүгінде біздің бірлігіміз – ол жаңа 2050 Стратегиясын жүзеге асырудың шешуші факторы. Ең дамыған мемлекеттердің 30-на ену – ол біздің мақсатымыз және барлық қазақстандықтардың ортақ тағдыры. Стратегияда біздің ұлы көпэтносты халқымыздың даналығы көрініс тапқан. Ол біздің бітімнің, рухани келісімнің айрықша мәдениетінің жоғары қағидаттарынан арқаулық табады.

(Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының ХХІ сессиясында сөйлеген сөзі. 18 сәуір 2014 ж.).

«Әрбір қазақ бір-біріне деген төзімділік пен құрметті берік сақтау керек».

(Қасиетті-Вознесенски кафедралді соборында сөйлеген сөзі. Алматы қаласы, 20 сәуір 2014 ж.).

ГЛОССАРИЙ

Аббат (арамей тіл. – «әке») – католик монастырының басшысы.

Аватара (индуизм мен буддизмде) – құдайдың түрлі адамдар, батырлар кейпінде болуы.

Авеста–зороастризмдегі киелі канондық мәтіндер жинағы.

Автокефалия (грек. тіл. – «бас») – өзін-өзі басқару, православ шіркеулерінің тәуелсіздігі. Бүгінгі таңда православие шіркеуінің он бес автокефалиялық шіркеуі танылған.

Адат (араб тіл.- «әдет-ғұрып») – исламды қабылдаған халықтардың дәстүрлі наным-сенімі, құқығы. Тәжірибеде адат нормаларын қолдану шарифатпен тығыз байланысты. Шарифатта Құран аяттары мен пайғамбар хадистеріне теріс келмейтін жергілікті халықтың әдет-ғұрыптарын шарифатқа сіндіріп, қабыл етіледі.

Адвентизм (лат.тіл. – «келу») – 1831 ж. Америкада Виллиам Миллер құрған протестант сенімі. Бұл ағым Исаның қайта тірілуі туралы сенім негізінде құрылған.

Адепт – белгілі ілімнің (оның ішінде дін саласында) ізбасары, жақтаушысы.

Азан (араб тіл. – «хабар беру», «білдіру») – арнайы сөздермен намаз уақытының кіргенін білдіру және намазға шақыру.

Ақида (араб тіл. – «байланыстыру») – етістігінен шығады және сенім-наным, дүниетаным, идеология мағыналарын білдіреді. «Ақида» сөзінің шарифаттық түсінігі адамның ұстанатын дүниетанымына байланысты. «Ақида» ұғымы сенім жүйесі ретінде қолданылуымен бірге, белгілі бір мәзһабтың немесе бір мәзһабты құрған имамның иман негіздеріне қатысты айтқан пікірлері мен түсінігін білдіру үшін де қолданылады.

Анимизм (лат. тіл. – «рух», «жан») – рухтар мен жандардың бар болуына сену. Бүкіл табиғаттың жаны бар деп есептеу.

Антропоморфизм (грек тіл. – «адам» және «түр») – адамға тән қадір-қасиеттерді табиғаттағы нәрселер мен құбылыстарға, жануарларға да тән деп қарау. Құдайды адам бейнесінде елестету.

Апостол (грек тіл. – «елші») – Жаңа өсиетте осылай дүниежүзінің барлық жақтарына Евангелиені уағыздап таратқан Иса Мәсіхтің (Иисус Христос) ең жақын шәкірттерін атайды. «Апостол» деп жұртқа тарату үшін Құдайдан жарлық алғандарды осылай атайды. Сонымен қатар Апостолдар деп Иисустың 12 шәкіртін де атайды.

Апостолдық мұрагерлік – үздіксіз мұрагерлік. Қандай да бір апостолдың мұрагері ретінде епископ лауазымына тағайындау.

Араньяктар (санскрит тіл. – «*Орман кітаптары*») – тақуа жандардың мінез-құлық ережелері сипатталған индуизм мәтіндері.

Архат (санскрит тіл. – «*лайықты*») – буддизмде рухани жетілу жолымен жүріп, оның биік сатысына жете білген адам.

Архидиакон (грек тіл.– «*бас*», «*жетекші қызметкер*», «*бас диакон*») – монахтық өмірді таңдаған дін қызметкерлері қатарына кіретін, диаконның өкілетті дәрежесі. Диакондар арасындағы үлкені. Архидиакон атағын шіркеуде ұзақ жылдар бойы мойымай атқарған қызметі үшін береді.

Архиепископ (грек тіл. «*үлкен қараушы*») – христиан шіркеулік иерархиясындағы ең жоғары лауазымдардың бірі. Бұл лауазымға бірнеше епархиясы бар үлкен облысты басқаратын немесе Шіркеу алдындағы жеке жетістіктері бар епископ ие болады.

Архиерейство/епископат (грек тіл. – «*бақылаушы*», «*қараушы*») – христиан дүниетанымында қасиеттіліктің жоғарғы сатысы және осы дәрежеде тұрған Патриарх, митрополит, архиепископ және епископ секілді барлық дін қызметкерлерінің жалпы атауы. Православие шіркеуінде тек қана монахтық өмірді таңдаған дін қызметкерлеріне қатысты айтылады.

Архимандрит (грек тіл.–«*басты*», «*үлкен*») монахтық шен. Қазіргі таңда протоиерей және протопресвитерге сай, монахтық өмірдегі дін қызметкерлеріне берілетін жоғарғы марапат. Монастырлардың басшысы.

Атеизм (грек тіл. – «*құдайларды жоққа шығару*», «*құдайсыздық*») – құдайдың барын және жанның өлмейтіндігі туралы діни идеяларды жоққа шығарушы көзқарастар жүйесі.

Ашрам (санскрит тіл.) – ежелгі Үнді елінде әдетте алшақ жерде – тауда немесе орманда орналасқан даналар мен дуаналардың қасиетті мекені. Қазіргі индуизм контекстінде «ашрам» термині адамның медитация, дұға ету, рәсімді өткізу және рухани жаңару үшін келетін рухани немесе діни қауымдастықты білдіреді.

Ашура (екінші атауы «*Шахсей-вахсей*») – шииттерде 680 жылы Кербалада қайтыс болған имам Хусейнді еске алу күні.

Ашура күні – Хижра жылының алғашқы айы – Мухаррам айы. Мухаррам айы Құранда келген қасиетті төрт айдың бірі. Мухаррам айының 10 күнінде мұсылмандар нәпіл (қосымша) ораза ұстайды.

Аят (араб тіл. – «*белгі*», «*керемет*», «*нышан*»). Аяқталған ойды білдіретін Құран сүрелерінің бөлігі (тараулары). Құранның кішігірім құрылымдық бөлшегі.

Әлемдік діндер – әр түрлі елдер мен континенттер халықтарының арасында таралып кеткен үш дінді атайды: буддизм, христиан және ислам. Адамдар арасындағы діни наным-сенім байланыстары этникалық және саяси байланыстармен сәйкесетін ұлттық және ұлттық-мемлекеттік діндерге (индуизм, конфуциандық,

синтоизм, иудаизм) қарағанда әлемдік діндер жалпыға ортақ сенімі бар адамдарды олардың этникалық, тіл және саяси байланыстарына тәуелсіз еркін біріктіреді.

Әлемдік Жиындар – христиан шіркеулері жоғары дін қызметкерлерінің жиналысы, оның барысында **ғибадаттық** және діни ілім жүйесі жетілдіріліп, бекітілетін, канондық нормалар мен құдайға сыйыну ережелері құрастырылатын.

Әулие – әділ өмір мен сенімге берік құлшылығы, ізгілігі, Құдай мен адамдар арасындағы байланыстырушы іс-әрекеті үшін әр түрлі діндерде аса құрметке ие болған тұлға.

Әурет (араб тіл – «*әлсіз қорғалмаған жер*», «*жыныс мүшелері*») – шариғат бойынша қарауы харам, жабылуы парыз болған адам денесінің ұятты жерлері. Әуреттің мөлшері, әйел кісілерде, қолдың білезігі мен аяқтың тобығына дейін. Ер кісілерде, кіндік пен тізенің арасы.

Баптизм (грек тіл. – «*шоқындыру*») – XVII ғ. басында Англияда қалыптасқан протестанттық ағымының бір бағыты. Басында қауымдастық мүшелері «ағайындылар» деп аталып, кейін «баптистер» немесе «шоқындыратындар» деген атауға ие болды. Оның себебі олар шоқынуды адамдардың зерделі жасқа жеткен кезінде саналы түрде жасауы керек деген тұжырымды ұстанатынында.

Бахаизм –Баха-уллахтың (толық аты - Мырза Хусейн Али Нури, лақап аты – Баха-улла – «Аллах жарқылы» (1817-1892 жж.) синкреттік (әр түрлі діндердің кейбір элементтерінен құралған) діни ілім болып табылады. Бахаи ілімінің басты тақырыптары – Құдайдың бірлігі, діндер бірлігі мен адамзат бірлігі болып табылады.

Бидғат (араб тіл. «бид'а» – «*жаңалық енгізу*», «*жаңалық*») – исламда дінге енгізілген жаңалық деген мағына береді. Исламның алғашқы дәуірінде болмаған, Мұхаммед пайғамбар мен сахабалардың дәуірінен кейін ислам дініне енгізілген жаңалықтар. Бидғат екі түрге бөлінеді – бидғатус-саийя, бидғатул-хасана, қазақшасы жаман бидғат пен жақсы бидғат.

Бодхисаттва (санскрит тіл. – «*санасы оянған тіршілік иесі*») – өзін-өзі тәрбиелеу, жетілдіру арқылы будда дәрежесіне жетуді көздеген адам. Ежелден бері бұл жолды мақсат еткен көптеген бодхисаттар, бүгінгі таңда буддизмнің құрметке бөленген әулие адамдары болып саналады.

Брахмандар (санскрит тіл.) – индуизмдегі жоғары варнаның өкілдері, дінбасылар, абыздар.

Веда (санскрит тіл. – «*білім*», «*ілім*») – брахманизм мен индуизмде киелілігі мойындалған көне мәтіндер.

Викарий (латын тіл. «*орынбасар*») – Католик Шіркеуіндегі епископтың немесе приходтық священниктің көмекшісі. Православиіде епископ мәртебесінде ғана орынбасар болатын дін қызметкерін викарий деп атайды.

Галаха (иврит тіл. – «жүру», «мінез-құлық») – яхудей өмірін бүкіл саласында реттейтін, яхудейлердің қасиетті кітаптарында берілген заңдар жинағы. «Галаха бойынша өмір сүру» иудаизм канондарына сәйкес, дұрыс өмір сүру дегенді білдіреді.

Гаудия-вайшнавизм – индуизм ішіндегі вайшнавизмнің бір тармағы немесе бағыты болып табылатын діни дәстүр. Гаудия-вайшнавизмнің философиясы ең алдымен «Бхагавад-гита» және «Бхагавата-пурана», сондай-ақ Упанишад секілді ведалық жазбаларға негізделген. Діни тәжірибесі Кришна мен Радхаға, Құдайдың еркектік және әйелдік бастамалары ретінде құлшылық етуге негізделеді.

Гуру (санскрит тіл. – «лайықты», «ұстаз») – шығыс діндерінде оқытушы, жоғарғы рухани мәнге ие болмыс.

Ғибадат (араб тіл. «абд» – «құл», «Құдайға құлшылық») – Құран мен Пайғамбар Сүннетінде бұйырылғандай Алла Тағалаға құлшылық ету. Ислам дінінде намаз сияқты Аллаға арналған белгілі құлшылықтармен бірге шарифатқа қайшы келмейтін әрбір іс-қимылдың барлық түрі құлшылық қатарына жатады.

Дао (қыт. тіл. «жол») – даосизм мен конфуциандықта жол, әдіс, тұрмыс қалпы, жалпыға ортақ заң, абсолют.

Даосизм (қыт. тіл.) – Қытайда б.э.д. I мыңжылдықтың екінші жартысында діни және философиялық негіздерге құрылған, дао немесе «заттар жолы» туралы ілім. Оның өзіндік теологиялық негіздері, дін қызметшілері, рәсімдері, қасиетті мәтіндері мен ұйымдық құрылымы бар. Даосизм ғарыш Күштерімен байланыс орнату арқылы өмір күшінің жанаруына көп мән береді.

Дәстүрлі дін – сан ғасырлар бойына қалыптасып келген бір халықтың тарихымен, мәдениетімен, рухани өмірімен тығыз байланысты дін.

Дәстүрлі емес діндер – әлемдік және ұлттық діндердің шектерінен шыққан, бірақ олардың идеяларын, рәміздері мен рәсімдерін қолданатын діни қозғалыстар және олар қалыптастырған ұйымдар. Олардың дәстүрлі емес екені нақты қоғамның мәдени және рухани өмірімен байланыссыздығынан көрінеді.

Диакон (грек тіл. «қызмет етуші») – Шіркеуде пресвитер мен епископтан бұрын келетін діни қызметтің алғашқы дәрежесі. Диакон – дін қызметкерлері баспалдағындағы алғашқы сатысы. Диакон священник пен архиерей өткізетін құпияшылдыққа тікелей қатысып, көмек бере алады, бірақ оны өз бетінше өткізе алмайды (Шоқындырудан басқасын, оны дін қызметшілер еместер де өткізе алады). Ғибадат ету барысында диакон қасиетті ыдыстарды дайындайды, ектенияларды айтады және т.б.

Догмат (грек тіл. «пікір», «шешім», «үкім») – сынауға келмейтін ақиқат шындық жайында мәлімет беруші діни ілім ережесі.

Діни бірлестік – азаматтардың заң шеңберінде діни сенім мен рәсімдердің бірлігі негізінде рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында ерікті қалыптасқан бірлестік.

Діни қызмет – діндарлардың діни қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қызмет.

Дін қызметкерлері (духовенство) – діни рәсімдер мен жоралғыларды атқаратын дін қызметкерлері. Осындай дін қызметкерлерінің үш дәрежесі бар: диакон, иерей және архиерей. Православ Шіркеуінде архиерейлікке тек монахтық өмірді таңдағандар ғана жетеді. Сондай-ақ шығыс Шіркеулерде дін қызметкерлерінің ақ және қара түрін ажыратады. Ақ дін қызметкерлеріне бойдақтық ант бермеген приходтық храмдарда қызмет көрсететін священниктер (православиеде – протопресвитер, протоиерей, иерей мен диакон) жатады. Қара (яғни, монахтық өмірді таңдаған) дін қызметкерлеріне патриарх, митрополит, архиепископ, епископ, архимандрит, игумен, иеромонах, иеродиакон жатады. Католиктерде дін қызметкерлері целибат қабылдайды.

Діни рәсім – белгілі бір әлеуметтік қарым-қатынастардың рәмізі, олардың бейнелік көрінісінің және бекуінің формасы болып табылатын дәстүрлі, шартты іс-әрекеттердің жиынтығы. Діни рәсімдер діндарлардың санасындағы діни көзқарастардың орнығуына, діни өзіндік сананың қалыптасуына және тылсым күштерге сенімін нығайтуға ықпалын тигізеді.

Діни сенім – қандай да бір діндерге, шіркеулерге, конфессияларға тиесілі болу.

Діни сенім бостандығы – әркімнің діни және ғибадаттық іс-әрекеттерге қатысуына еркіндік берілу құқығын білдіретін құқықтық ұстаным.

Діни синкретизм (грек тіл. «синкретизм») – «біріктіру», «ұштастыру») – тарихи бастауы бірдей діндердің бір-біріне өзара ықпал етуі үдерісіндегі діни және діни білімдік ережелердің бірігуі.

Дінтану – діннің пайда болу тарихы, дамуы, қызмет етуінің негізгі заңдылықтарын үйрететін, оның қоғам өмірінің басқа салаларымен, халық тарихымен байланысы жөніндегі ғылым.

Евангелие (грек тіл. «жақсы хабар») – Иисус Христостың өмірі мен ілімі жайында түсінік беретін «Жаңа өсиеттің» алғашқы төрт кітабының атауы.

Елеосвящение (*зәйтүн майымен жағу*) / **соборование** – ауру адамға Евангелиені, Апостолды және Құдайдың рахымын шақыруға арналған дұға оқу арқылы зәйтүн майын жағуы. Православие мен католицизмде құпияшылдық деп танылады. Православиеде адамның

мандайы, мұрны, беті, аузы, кеудесі, қолдың алақаны мен сыртқы жағы крест бейнесімен жағылады.

Епархия (грек тіл. «облыс») – территориясындағы благочиниелерге біріккен приходтардан және монастырлардан тұратын, архиерей басқаратын шіркеулік-әкімшілік округі. Орыс православ шіркеуінде епархиялардың шекаралары әдетте облыстар аймақтардың шекараларымен сәйкес келеді.

Епископ (грек тіл. «тәртіп сақтаушы», «қараушы») – шіркеудегі дін қызметкерлері басшылығының жоғарғы дәрежесі, священниктік қызмет етудің диакон пен пресвитерден кейінгі үшінші дәрежесі. Шіркеудің барлық жеті құпияшылдықтарын атқара алатын қасиетті билігі бар апостолдың мұрагері, қол беруде (рукоположение) архипасторлық қасиетін қолданады, әкімшіліктік-территориялық қауымдастық ұйымының төрағасы.

Жамағат (араб тіл. «жұртшылық», «ұжым», «қаумдастық») – бір-бірімен өзара тікелей қарым-қатынас жасамаса да белгілі бір ортақ мүддежолында діни рәсімдерді істеу үшін, өзара қолдау көрсету үшін, бір-бірімен қатынасу үшін біріккен, алайда ресми түрде ұйымдаспаған мұсылмандар бірлестігі, көпшілік қауым.

Жаңа діни қозғалыс – жаңадан қалыптасқан немесе қоғамда деноминация, шіркеу немесе дін ретінде әлі қабылданбаған діни топ.

Жаңа өсиет – Құтқарушының әлемге келуі, алғашқы христиандық шіркеуінің даму тарихы, алғашқы шіркеулерге апостолдық жолдаулары және әлемнің ақырғы тағдырлары жайындағы кітап – Апокалипсис туралы әңгімелейтін Інжілдің екінші бөлімі. Христиандар оны Қасиетті жазба ретінде қадір тұтады.

Жахилия (араб тіл. «жахилия», «надандық») – исламда арабтарға ислам діні келмей тұрғанда пұтқа табынушылық, адасушылық, ұлттық, нәсілдік, тектік үстемдік басым болған дәуір. Кең мағынасында – «табиғи күйдің» теңдесі: заңсыздық пен қатыгездік.

Жиһад (араб тіл. «күш жігер») – араб тілінде белгілі бір нәтижеге, мақсатқа жету үшін, яки бір істі істеу үшін бар қажыр-қайрат пен ынта-жігерді жұмсау, тырысу, күресу деген мағыналарды білдіреді. Жиһадты қару алып соғысу деп біржақты түсінуге болмайды. Құранда «жиһад» сөзі 35 жерде аталғанымен, төрт жерде ғана тікелей «соғыс» мағынасында келген. Құранда «соғыс» ұғымы «харб», «мухарабә», «мағрака», «қитал» терминдерімен білдірілген. Барлық дипломатиялық байланыстар нәтижесіз аяқталып, келіссөздерден толықтай үміт үзілген шақта отанды қорғау үшін қолға қару алып, жиһад жасауға болады. Жиһад – «адамға Алла тағаланы тану үшін жол ашу» дегенді де білдіреді. Жаратушыны тануға сауатсыздық, кедейшілік пен еркін ойға, санаға жасалған шектеулер кедергі келтірсе, солармен күресу үшін атқарылатын барлық іс-шара жиһад болып есептеледі.

Жоғарғы архиепископ – жоғарғы архиепископтық мәртебесі бар шығыс католиктік шіркеуді басқаратын митрополит. Жоғарғы архиепископ Шығыс-католиктік шіркеуінің патриархынан дәрежесі төмен болғанымен құқықтары жағынан олар қандай жағдайда болса да тең. Өз Шіркеуімен сайланған жоғарғы архиепископты Рим Папасы бекітеді. Жоғарғы архиепископтар шығыс шіркеулері істері бойынша Конгрегация мүшелері болып табылады.

Зәмзәм (араб тіл. «мол су») – Қағбаға жақын исламның бас мешіті әл-Масджид әл-Харам аумағында орналасқан қасиетті бұлақ. Зәмзәм бұлағының суы шипалы деп есептеледі.

Зекет (араб тіл.«әсу», «тазару») – исламдағы бес парыздың бірі. Мұсылмандар арасындағы ауқатты адамдардың дүние-мүлкі зекет мөлшеріне жетіп, өзінің қажеттілігінен артылған жағдайда жағдайы төмендерге көмек ретінде беруге тиісті жыл сайынғы міндетті садақа.

Зікір (араб тіл. «зикр»- «еске алу», «еске түсіру», «жадына сақтау»). Сопылық ілімде – Алла тағаланы еске алу, оны ұмытпай, үнемі ойлау. Алланы әрдайым еске ала отырып, оның әмірлерін терең түсіну және ұжданның түкпірінен келген қалтқысыз сезіммен оны құлай сүю. Тілмен айтылатын зікір, яғни «зикр лисан-и» – лә иллаһа иллаллаһ, субханаллаһ, әлхамдулиллаһ, аллаһу әкбар сияқты т.б. сөздерді қайталап айтудан тұрады.

И Цзин (қытай тіл.)–Өзгерістер Кітабы (нақтырақ айтқанда Каноны). Б.э.д. II ғ. Конфуциялық дәстүрмен конфуциялық Бес кітабы канонының бірі ретінде қабылданды.

Ибраһимдік діндер – Ибраһим пайғамбар идеяларына негізделген діндер (иудаизм, христиан, ислам).

Игумен (грек тіл. «жетекші») – алғашқыда – монастыр бастығы. Қазіргі таңда игумендік монахтық өмірге бет бұрған дін қызметкеріне (ал монахтық еместе – протоиерейге) берілетін марапат. Монастырдың бастығы болып табылатын игумен, асатаяқты тасу құқығына ие.

Иджма –Мужтаһид ғалымдардың белгілі бір мәселеге бір ауыздан келісуі. Шариғи дәлелдердің төртіншісіне жатады.

Иерей / священник (грек тіл. «священник»). Діни қызметтің екінші дәрежесіндегі дін қызметкері. Оған берілген рұқсат бойынша «хиротония» және әлем мен «антиминстерді» дәріптеуден басқа барлық құлшылық ету мен құпияшылдықтарын атқара алады.

Иеродиакон (грек тіл. «қасиетті», «қызметші»). Диакон лауазымындағы монах (тақуа).

Иеромонах – шіркеулік діни қызметкерлікке жататын, священник лауазымы бар дін қызметкері, монах (тақуа).

Ижтиһад (араб тіл. «ынта», «жігер», «тырысу») – қандай да бір мәселенің шешімі Құраннан, хадистерден, сахабалардың сөздерінен кездеспеген жағдайда Құран мен сүннетке қайшы келмейтін арнайы

қағидаларға сүйене отырып, ізденіс арқылы ақылға сүйенген дәлелдермен үкім шығару.

Икона (грек тіл. «бейне») – Құдайдың, әулие немесе қасиетті оқиғалар тарихының кескіндеме бейнесі.

Имам (араб тіл. «әмма» етістігінен шыққан – «алдында тұру», «жетекшілік ету») – құлшылық еткенде алда тұратын рухани басшы, ұстаз және мұсылман қауымының жетекшісі. Исламда мешітті басқаратын және діни рәсімдерді атқаратын діни тұлға. Сондай-ақ, «имам» сөзі «үлгі тұтарлық» деген мағынаны береді.

Имамдықтар (имамиттер) – (араб тіл. «ал-имамия») – исламдағы шииттік ағымның бір тармағы, Әли тегіндегі он екі имамды мойындайтын «қалыпты» шииттер.

Иман (араб тіл. ایمان - «сену», «илану», «қабылдау») – исламдағы исламдық парыздардың дұрыстығына көз жеткізу және мұсылман дінінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Иманның негізі – Бір Жаратушыға сену және Мұхаммед с.а.с. пайғамбардан жеткізілгеннің барлығын толығымен қабылдау, яғни, оның айтқандары мен Аллаһ Тағаланың халыққа жеткізген сөздеріне сену. Исламда иманның алты негізі бар. Олар:

1. Аллаһ Тағала хақтығына сену
2. Періштелерге сену
3. Аллаһ Тағала тарапынан түсірілген кітаптарға сену
4. Пайғамбарларға сену
5. Ақыретке, қиямет-қайым күніне сену
6. Тағдырға қалтқысыз сеніп, иман ету.

Инквизиция (лат. тіл. «іздеу», «тергеу», «зерттеу») – орта ғасыр мен қайта өрлеу дәуірінің басындағы католик шіркеуінің дінсіздік пен дінсіздерді айқындауға арналған сот институты.

Инь және Ян (даосизм мен басқа да шығыс діндеріндегі) күн мен түннің, қыс пен жаздың, ай мен күннің қарама-қайшылығымен байланысатын әлемдегі энергияның түрлері.

Ифтар (араб тіл. «ауыз ашар») – исламда күндізгі оразаның бітіп, ораза ұстаушының күн батқаннан кейін аузды ашып, тағаммен тәбетін ашуы. Ауыз ашар алдында арнайы дұғалар айтылады.

Ихрам (араб тіл. «арнау») – ислам дінінде қажылық және ұмра амалдарына байланысты рәсімдерді орындау үшін арнайы ниетпен киілетін киім.

Каббала (иврит тіл. «алу», «қабылдау», «аңыз») – иудаизмнің эзотерикалық (мистикалық) бөлігі. Каббала Жаратушыны, Жаратылыс пен олардың арасындағы өзара байланыстарын, адам мен табиғаттың рөлі мен мақсаттарын, тіршілік етудің мәнін ұғынумен байланысты.

Канондық құқық – шіркеулік билік жариялаған және шіркеулік канондарда бар қағидалардың жиынтығы, шіркеулік мекемелердің құрылымына, шіркеу мен мемлекеттің өзара қарым-қатынасына,

сондай-ақ шіркеу мүшелерінің өміріне қатысты ережелер. Канондық құқық Құдай заңына негізделеді, бірақ берілген уақыт пен орнына қолданбалы рухани және табиғи заңдардың талаптарын да есепке алады.

Кардинал – Католик шіркеуіндегі қасиеттіліктің барлық үш дәрежесін иемденген жоғары дін қызметкері. Кардиналдар – шіркеуді басқарудағы папаның ең жақын кеңесшілері мен көмекшілері. Кардиналдың сыртқы көрінісін қызыл қалпақ және мантия ерекшелейді.

Карма (санскр.тіл. «себеп-салдары», «сауап») – үнді діндерінде кез келген тірі жанның қайта туылуындағы болашағын айқындайтын ниет пен іс-әрекеттер жиынтығы.

Катехизис (лат. грек тіл. «үйрету», «өсиет айту») – алғашқыда сенімдегі ауызша өсиет айту, бүгінгі таңда катехизис деп дінге жаңадан кірушілерге уағыз жасау үшін қолданылатын діни оқулардың барлық ресми баяндалуын айтуға болады.

Католицизм – христиан дінінің Батыс Рим империясының аумағында б.э.ғ. пайда болған. Православие мен протестантизммен қатар христиан дінінің негізгі бағытының бірі. Католик Шіркеуінің басшысы Қасиетті Престолды және Римдегі Ватикан қала-мемлекетін басқарушы Рим Папасы болып табылады.

Кашрут (кошер, кашер) – Галаха бойынша белгілі бір нәрсенің рұқсаттылығы, жарамдылығы. Нақтырақ айтқанда, «кашер (кошер) тамағы» – ол яхудейлердің заңдарына сәйкес келетін және яхудейлердің азық ретінде қолдануға жарамды тамақ болып есептеледі.

Кәпір (араб тіл. «кафир») – Аллах Тағалаға (жалғыз Құдайға) және Мұхаммед Пайғамбардың елшілік міндетіне сенбейтін адамдарға қолданылатын ұғым.

Конфессия (лат. тіл. «дін жолы») – немесе діни сенім. Белгілі бір діни ілім тұрғысындағы діни сенім ерекшелігі, сондай-ақ бір діни сенімді ұстанатын діндарлар бірлестігі.

Конфуциандық – Конфуций (551-479 б.э.д.) есімімен аталған саяси-этикалық ілім. Қытайда «Ғалымдардың мектебі» деп аталады. Конфуциандық XX ғасырға дейін мәртебесін сақтап келген мемлекеттік идеология болып табылады. Конфуциандық – дүниетаным, өмір сүру амалы, қоғамдық этика, саяси идеология, ғылыми дәстүр болып табылады, кей кезде оны философия деп қарастырса, кейде дін деп қарастырады.

Көз жасы қабырғасы немесе Батыс қабырғасы – Иерусалимдегі б.э.д. 70-жылдары римдіктердің Екінші Храмды қиратқаннан кейін бүтін қалған Храм тауының айналасындағы тіреуші қабырғаның бір бөлігі. Бұл яхудейлер үшін ең қасиетті жер болып саналады, себебі ол өзімен Жалғыз Құдай Храмымен байланысты бүгінге дейін сақталған бір ғана құрылыс нышаны.

Көне өсиет – христиан дінінде Қасиетті жазба ретінде қарастырылатын Інжілдің бір бөлігі.

Күнә – діни өсиеттерді (Құдайдың, құдайлардың ғақлияттарын, бұйрықтары мен дәстүрлерін) тікелей немесе жанама бұзу; қоғамда қалыптасқан басты адамгершіліктік – этикалық ережелер мен нормаларды бұзу. Жалпы мағынада күнә жеке адамның ерік актісінің нәтижесі.

Күпірлік (араб тіл. «*куфр*») – исламда тұлға мен қоғамның өзіндік құлдырауына апаратын сенбеушілік, өнегелілік діңгегі жоқ рухани вакуумды білдіреді. Ол ақиқатты біле тұра әдейі мойындамай жоққа шығарып, Алла тағаланың бар екендігіне сенбеу. Ислам бойынша, күпірлік – барлық күнәнің түбірі – адамды кәпір қылатын нәрсе.

Қағба (араб тіл. «*куб*») – Меккедегі масжид ул-һарамда (Қасиетті мешіт) мұсылмандар құлшылық ететін қастерлі орындағы тұңғыш ғимарат. «Қасиетті үй», «көне үй» деп аталады. Қағбаның бір бұрышына Қара тас салынған. Қажылық кезінде Қағбаны айнала тауаф рәсімі орындалады. Қағба сондай-ақ бүкіл әлемдегі мұсылмандар үшін намаз кезіндегі құбыла – бағыт қызметін де атқарады. Меккедегі масжид ул-һарамда (Қасиетті мешіт) орналасқандықтан "әл-Бәй-түл-һарам" (қасиетті үй) деп те аталады.

Қадір түні (араб тіл. «*ләйләт-ул қадыр*»– «*қасиетті түн*») – Қадір түні Рамазан айының 27-ші түні болады. Бұл түнде Жәбірейіл періште Алла әмірімен жер бетіне түсіп, адамдарға қызмет ететіндігі және таңға дейін тыныштық болатындығы айтылады. Қадір түні періштелер мұсылмандарға дұға оқып, тілеулес болады. Жасалған ғибадаттың мың айға, яғни сексен үш жылға тең болатындығына байланысты мұсылмандар Қадір түнін құлшылықпен өткізуге тырысады.

Қажылық (араб тіл. «*талпыныс, ниет*», «*оралу, жаңару*») – Исламдағы бес парыздың бірі. Меккеге белгілі бір уақытта қажылық рәсімдерін орындау үшін арнайы ниетпен бару ауқатты мұсылмандарға парыз.

Қасиетті жазба – христиандықта Библияны, иудаизмде Тәуратты/Танахты, исламда – Құранды осылай атайды.

Қасиетті Үштік –христиан дініндегі Құдай тұлғасының үштігі туралы көзқарас. Құдайдың үш бейнеде – Құдай-әке, Құдай-ұлы, Қасиетті рух болатынына сену.

Қиямет күні – ақырзаман алдындағы барлық адамдарға соңғы рет жасаған іс-әрекеттеріне қарай құрмет көрсету. Тақуалар мәңгілік шаттыққа бөленеді, ал күнәһарлар азаппен тозаққа жіберіледі.

Құпияшылдық (таинство) – христиандық Шіркеу рәсімдеріндегі көзге көрінбейтін Құдайдың рақымын немесе Құдай құдіретін діндарларға жеткізуге мүмкіндік беретін қасиетті іс-әрекеттер.

Құран (араб тіл. «оқу», «нақыл сөз») – исламның қасиетті кітабы. Жаратушы тарапынан Мұхаммед Пайғамбарға жіберілген қасиетті кітап. Алғашында ауызша түрдегі мәтіндер жинақталса, Мұхаммед пайғамбар дүниеден өткен соң алғашқы жазба түрдегі Құран халифа Әбу Бәкірдің кезінде пайда болған. 114 тараудан (сүреден) тұрады. Исламдағы ғибадаттар Құран аяттарын оқу арқылы орындалады.

Құтба – Белгілі уақыттарда немесе жұма намазының және айт намазының алдында мешітте имамның мінберге шығып айтқан уағызы. Құтба Алланы мадақтап, оның пайғамбарына салауат айтудан басталады.

Ламаизм (ваджраяна) – Моңғолия, Тибет және басқа да елдерге таралған буддизм ағымының бірі.

Литургия – негізгі христиандық мінәжат ету рәсімі.

Магия – адамдар мен қоршаған әлемге ықпал ету мүмкіндігі бар сеніммен байланысты түсініктер мен рәсімдер жиынтығы.

Мазхаб (араб тіл. «жол», «мектеп», «бағыт») – сунниттік бағыттағы исламда діни құқықтық мектеп (олар өзі төртеу – ханафиттік, маликиттік, шафииттік, ханбалиттік).

Махаяна (санскр. тіл. «екі аяқты үлкен арба») – біздің эрамыздағы алғашқы ғасырлардың бірінде қалыптасқан буддизмнің ірі бағыты. Махаяна – барлық тіршілік иелерінің ізгілігі үшін оянуға талпынатын буддистер жолының үлкен арбасы.

Махди (Мәді) (араб тіл. «жетектеген») – исламдағы мессия, қиямет күнінің кіші белгілерінің бірі, ақырзаманның жақындағанын жеткізуші, Мұхаммед Пайғамбардың мирасқоры. Құранда мессия жайында айтылмайды, әйтсе де, мессия идеясы хадистерде, әсіресе, шиизімде ерекше орын алады.

Машиах (иврит тіл. «патша») – иудаизмдегі идеалды патша, Давид патшасының ұрпағы, Құдай оны Израиль халқын рухани және физикалық арылтуын және адамзатты құтқаруды жүзеге асыру үшін жібереді.

Медитация (лат. тіл. «ойлау», «жаттығу») – зейінді мүмкіндігінше жинақтауға, ойлар мен сезімдерді қатаң тәртіпке салуға, ішкі дүниетанымдық пайымдауға бағытталған ғибадаттық іс-әрекеттің түрі.

Медресе (араб тіл. «дәріс оқитын орын») – орта мектептің және мұсылман рухани семинариясының рөлін атқаратын мұсылмандық оқу орны.

Месса – католиктік литургия (құдайға құлшылық ету), евхаристиямен бірге атқарылатын барлық дұға мен рәсімдердің толық реттілігі.

Мессия (грек тіл. «Христос» – «маңдайы майланған патша») – христиандықта – Құдай жер бетіне жіберген адамзатты күнә, қарғыс пен өлімнен құтқарушы, Қиямет күнінің хабаршысы, Құдай бейнесі.

Мешіт (араб тіл. «масжид» – «сәжде» (*жерге маңдайын тигізу ететін орын*)). Мешітте жамағат жиналып бірге бес уақыт намазды, жұма, айт намаздары оқылады. Мешітте жеке адамдар кез келген нәпіл намаздарды, Құранды оқып, Аллаға құлшылық етеді.

Миропомазание / конфирмация – діндарға денесінің мүшелерін мирамен сылату барысында Қасиетті рух сыйлары берілу құпияшылдығы (таинство). Әдетте бұл рәсім шоқындыру рәсімнен кейін орындалады және екеуі бір құлшылық ету дәрежесін құрайды. Екі рәсім де адамның өмірінде тек бір рет қана жасалады. Құпияшылдық (рәсім) ретінде православие мен католицизмде мойындалады.

Миссионерлік (лат. тіл. «жіберу», «тапсырма») – басқа діни сенім өкілдері немесе тіпті сенім білдірмеушілер арасында өздерінің діни ілімін діни бірлестіктер атынан уағыздайтын тұлғалардың қызметі.

Мистицизм, мистикалық (грек тіл. «құпиялы») – философиялық және діни ілім, сондай-ақ әлемді түсіну мен қабылдаудың сезім, интуиция мен ұғымның иррационализміне негізделген ерекше амалы. Өз күшіне басымдылық танытып, Құдаймен тікелей қатынасқа жетуге бағытталған, дін аспектісіне жататын ұғым.

Митрополит – православие мен католицизмдегі шіркеулік аймақтардың басшысы, патриархтық бар жерлерде дін қызметкерлерінің жоғары лауазымы – патриархтан кейінгі екінші тұлға саналады. Православие шіркеуінде автокефальді Шіркеудің басшысы. Католик Шіркеуінде епархия мен архиепископтарды құрайтын шіркеулік аймақтың басшысы. Митрополит міндетті түрде архиепископ болуы қажет.

Миф (грек тіл. «аңыз», «риуаят») – алғашқы қоғамда пайда болған құдайлар, рухтар, құдай тектес кейіпкерлер мен түпкі тектер туралы аңыз. Мифтерде дін, философия, ғылым мен өнердің ертеректегі элементтері араласып жатыр. Әр түрлі халықтардың мифтеріне ұқсас қайталанатын тақырыптар мен мотивтер тән. Көбінесе әлемнің, Дүниенің (космогониялық мифтер) және адамның (антропологиялық мифтер) пайда болуы туралы; күннің, айдың, жұлдыздардың жаратылуы туралы, сондай-ақ жануарлар туралы, күн тізбесі туралы мифтер кездеседі.

Мифология – мифтер жиынтығы, әлем жайындағы қиял-ғажайып түсініктер жүйесі.

Михраб (араб тіл. «әл-Михраб», «Махариб» – «күрес алаңы») – терминдік мағынасы – «мешіт қабырғасындағы Меккеге бағытталған қуыс орын». Мінәжат етушілерге арналған бұл белгі құбыланы, намаздағы имамның орнын көрсетеді.

Мокша (санскр. тіл. «босатылу») – индуизмде – азат ету, адамзат тіршілігіндегі мақсаттың соңғы жетістігі.

Монастырь (грек тіл. «оқшауланған тұрғылықты жер»). Жалпыға бірдей жарғыны орындайтын тақуалардың тұратын жері. Сондай-ақ тақуалардың қауымдастығын да айтуға болады. Қауымдастық ретінде оның өзіндік ішкі құрылымы болады. Монастырдың негізгі қызметкерлері қатарында: настоятель, казначей, духовник, благочинный, ризничий, эконом және т.б. бар.

Монахтық (грек. «оқшау өмір сүру») – отбасын құрудан және өмірдің бар игілігінен бас тартуды көздейтін Христиандық, Буддизм және Индуизм діндеріндегі өмірдің тақуалық оқшауланған қалпын ұстану.

Монотеизм (грек тіл. «бір» «Құдай») – бірқұдайлылық, Құдайдың біреу екендігі туралы ілім және діни ұйымдар жүйесі.

Монофизиттер – (грек тіл. – «бір, жалғыз» - «табиғат, «мән») – Христостың бір ғана болмысын яғни, Құдайшыл болмысына тән екендігін мойындайтын христиандық ағым. Ал ортодокстық шіркеу болса, Христосқа бір уақытта екі болмыстың, яғни, құдайлық және адами болмыстардың тән екендігін қабылдайды.

Мощи (христиандықта)–әулиенің шірімей сақталған мүрдесі. Оны ғажайып нәрселерді істейді деп сеніп діни құлшылық объектісіне айналдырады.

Муаззин (азаншы) (араб тіл. «аззана» деген етістіктен алынған жалқы есім) – терминдік мағынасы: мұсылмандарды намазға шақыратын, азан айтатын мешіт қызметшісі.

Муджахит (араб тіл. «күресуші» «күш жігер салушы») – жихадқа қатысушы. «Муджахит» – ол тек сарбаз емес, ол сондай-ақ күресі джихадтың оң мағынасының аясына сәйкес келетін кез келген мұсылман.

Мурид – ерікті ізбасар, шәкірт (сопылықта).

Мұнара (араб тіл. «минарат» – «маяк»)– мешіттің негізгі бөлігіне жалғастырылып немесе бөлек салынады, «муаззин» (азаншы) азан шақырғанда даусы ұзаққа жету үшін арнайы салынған ғимарат.

Мүфти (араб тіл. «ой білдіру») – дінбасы, мұсылман қауымының ресми басшысы. Мүфти – мұсылмандардың дінге қатысты мәселелерін жоғарғы деңгейде шешіп, ұйымдастырушы, үкім шығарылған шарифат заңдарынан заманға сәйкес мәселерді мұсылманға қолайлы түрде жеткізіп беретін басшы. Діни мәселелерге пәтуа беруші. Мүфти – араб тілін, шарифат ілімін жетік меңгерген тұлғалардан мұсылман қауымының құрылтайы арқылы бір ауыздан 5 жылға сайланады.

Мінбер (араб тіл. «минбар»). Мешіт имамыҚұран, құтпа оқығанда немесе уағыз-насихат айтқанда шығатын орын. Мінбер мешіттің басты белгілерінің бірі болып табылады. Михрабқатаю орналасады. Мінберді ағаштан, тастан кейде кірпіштен жасайды.

Найб имам – исламда мешіт басшысы, яғни бас имамның орынбасары.

Намаз (саят) – исламның бес шартының бірі болып табылатын, күнделікті бес рет орындалуы тиіс ғибадат.

Неке (неке қиюдың діни рәсімі) – православиелік және католик шіркеулері тарапынан қабылданған діни рәсімдерінің бірі. Ислам дінінде жауапкершілік пен адалдықтың негізінде ер мен әйелдің ерлі-зайыптылыққа деген өзара ниеттерін білдіретін заңды келісімі.

Нирвана (санскр. тіл. «сөну», «тоқтату») – үнді діни іліміндегі барлық тіршілік иелерінің жоғарғы мақсатын білдіретін және буддизмде маңызды рөлге ие ұғым – діни тәжірибенің соңғы мақсаты болып табылатын қайғырудан, мұңаюдан құтқару, сөну.

Ораза (парсы тіл. «руза», «рузе») – исламдағы бес парыздың бірі, қасиетті Рамазан айындағы (исламдағы) отыз күндік ғибадат. Ораза кезінде мұсылмандар күнде таң атқаннан (таң атпай турып, әдетте күн шығуына 1,5-2 сағ. қалғанда соңғы асын ішіп) күн батқанша тамақ ішуден, ішімдік ішуден және жыныстық қатынастардан бас тартуы керек. Темекі шегуге, дәрі-дәрмек қабылдауға, жыныстық сипаттағы кез келген қарым-қатынастарға тыйым салынады.

Ораза айт (айдуль-фитр) – ораза аяқталған кезеңдегі мейрам. Шәууәл айының (ай күнтізбесінің 10-шы айы) 1-ші күннен бастап 3 күн тойланады.

Ортодоксия (грек тіл. «тікелей пікір», «дұрыс ілім», «дұрыс сенім») – қандай да бір ілім, дүниетаным негізінде дәстүрді мықтап ұстануды көздейтін, сәл болса да ауытқуды қаламайтын ұстаным.

Өсиет – Торада бұл сөз Синай тауында, Тора түскен кезде Құдай мен Израиль халқының арасында орныққан діни одағына саяды. Иудаизмде Өсиет деп Құдай мен Израиль халқының арасындағы халықтың құдай уағыз-өсиеттерін орындауға негізделген мәңгілік одақ. Христиандықта «жаңа өсиет» деп Құдай мен адам арасындағы жалғыз дәнекер, Құдай баласы – Иисус Христостағы одақты айтады.

Парыз – мұсылмандар үшін Аллаһ Тағаланың тікелей бұйрығы болып табылатын және орындауға міндетті болатын іс-әрекеттер. Оларды орындағандар Аллаһ тарапынан үлкен сауапқа ие болады, орындамағандар күпір деп саналады.

Пасха – христианның басты мейрамы. Иса Мәсіхтің ғажайып қайта тірілуі күні.

Патриарх (грек тіл. «ата-баба», «ру басы») – Автокефальді Шіркеудің бірінші киелісі, дін қызметкерлерінің жоғары басшысы (архиерей), алдыңғы қатарлы басшысы. Киім ерекшелігі – төбесінде маржан кресі бар ақ бас киім. Орыс Православие Шіркеуі басшысының ресми лауазымы – «Святейший Патриарх Московский и всея Руси».

Пәтуа (араб тіл. «түсіндіру») – шарифатта қандай да бір ұйғарымды қабылдау немесе түсінік беру үшін жасалған құқықтық қорытынды және шешім.

Періштелер (грек тіл. «*хабаршы*», «*елші*»), Құдайдың еркін білдіретін және ғажайып мүмкіндіктері бар рухтар. Інжілде Періштелер қызмет рухтары деп аталады. Көбінесе олар арқасында аппақ қанаттары бар адамдар кейпінде бейнеленеді. Исламда періштелерге сену мұсылман сенімінің ажырамас бөлігі болып табылады, ол мұсылман сенім шарттарының біреуі. Ислами деректерде періштелердің нұрдан жаратылғандығы, жынысы болмайтындығы, шаршау, жалығуды білмейтіндігі секілді ерекшеліктері айтылады. Олардың тіршілігінің мәні Аллаһқа құлшылық етуден құралады.

Политеизм (грек тіл. «*көп, саны көп*» – «*Құдай*») – көп құдайлық, көптеген құдайлар тіршілігіне негізделген діни жүйе.

Пост (ауыз бекіту) –дін қағидаларына орай тамақты немесе оның кейбір түрлерін жеуге тыйым салу немесе оны шектеу.

Православтық (грек тіл. «*дұрыс пайымдау*», «*дұрыс ілім*») – б.э I мыңжылдығында Рим империясының шығысында Константинополь – Жаңа Рим епископы кафедрасының бастауымен және басты рөлімен пайда болған христиан дініндегі бағыт. Православие сенімнің Никео-Цареград Символын уағыздап, Әлемдік Соборлардың жетеуінің қағидаларын мойындайды.

Преподобный – христиандық шіркеулердегі аға дін қызметкерлеріне қатысты айтылады.

Пресвитер (грек тіл. «*ақсақал*») – Христиандықта қауымдастықтың күнделікті өмірін басқару үшін сайланатын қызметкер. Әдетте пресвитер құдайға құлшылық ету жиындарында уағызшы рөлін атқарады. Орыс тілінде осы сөздің синонимі – священник.

Причащение / евхаристия (грек тіл. «*рахмет айту*») – Құдайға құлшылық ету кезінде діндарларға Христостың «жаны мен қанын» білдіретін нан мен шараптан дәм таттыратын христиан шіркеуі рәсімінің бірі.

Пробст (лат. тіл. «басшы») – христиан шіркеулеріндегі лауазым. Кейбір ұлттық лютерандық шіркеулерде – епископқа бағынған белгілі бір географиялық аумақтың аға пасторы.

Прозелитизм (лат. тіл. «келген», «өз орнын тапқан») – жаңа сенімге, жаңа ілімге терең берілу, өз сенімін таратуға, оған басқаларды тартуға, өзі ұстанған дінін барлық жерде қалыптастыруға ұмтылыс.

Протестантизм (лат. тіл. «*жұрт алдында дәлелдеу*») – XVI ғасырдағы ұлты неміс дін қызметшісі Мартин Лютердің Рим шіркеуіне қарсылық білдіруімен басталған христиан реформасының қайнар көзі болған христиандықтың негізгі үш бағытының бірі.

Протопресвитер (грек тіл. «алғашқы пресвитер») – ерекше жетістіктері үшін марапат ретінде ақ дін қызметкерлерге жататын пресвитерге (священникке) берілетін жоғары билік дәрежесі.

Реформация (лат. тіл. «қайта құру», «түзету»). Протестанттықтың қалыптасуына негіз болған XVI ғасырдағы Батыс Еуропадағы діни және қоғамдық қозғалыс.

Рим Папасы (латын тіл. – «римдік понтифик», «жоғары егемен понтифик»). Католик шіркеуінің басшысы. Католик шіркеуінде Рим Папасы, сондай-ақ Ватикан қосымша егемендік территориясы болып саналатын Қасиетті Престолдың жоғары басшысы болып табылады.

Рукоположение – діни қызметке қабылдану; епископтың діни қызметке қабылданып отырған дін қызметкерінің басына қолын қойып Құдайдың атын дұғада атау арқылы мәртебесін беру рәсімі жүзеге асырылады. Православие мен католицизмде мойындалады.

Садақа (араб тіл. «шынайы іс-әрекет») – ислам дінібойынша қайырымдылық мақсатында мұқтаж адамдарға берілетін ақшалай немесе заттай көмек.

Сансара (санскр. тіл. «өту, қайта дүниеге келу, өмір») – индуизм, буддизм және басқа да шығыс діндерінде – тұлға мен жанның қайта түрленуінің шексіз тізбегі, кармамен шектелген әлемдердегі дүниеге келу мен өлімнің айналымы.

Сахабалар (араб тіл. «замандас») – Мұхаммед Пайғамбардың кезінде исламды қабылдап, кейін мұсылман болып көз жұмғандар. Оның замандастары, серіктері, ислам дінінің нығайып, әлемге таралуына еселі еңбек сіңіргендер.

Секта (лат. тіл. «мектеп», «ілім») – негізгі (қалыптасқан, басым) діни бағытқа қарама-қарсы бағытта пайда болған діни бірлестіктің ерекше түрі. Секталар үшін қоғамнан оқшаулану және доктринаның, идеялық қағидаттарының, құндылықтарының өзгешелігі жөніндегі талап қоюы тән.

Секуляризация (лат. тіл. «пендешілік» «зайырлы») – қоғам өміріндегі дін рөлінің әлсіреуі, рационалды, діни емес ережелерге негізделетін зайырлы қоғамдық құрылым үлгісіне көшу.

Сенім – ең алдымен сенім деп логикалық тұрғыда дәлелдеуге және тәжірибеде тексеруге келмейтін кейбір жағдайлардың ақиқаттылығына психологиялық сенімділік күйін түсінеді.

Сондай-ақ, сенім деп шынайылығына адам тереңінен көз жеткізген кейбір ілімдер саналады.

«Сенім» (діни ілім) сөзі, сонымен бірге «Құдайдың бар екеніне сену», «адамның діни ілімді қабылдауы» сияқты мағыналарда қолданылады – мәселен, мұсылмандық сенім, христиандық сенім және т.б.

Синагога – иудаизмдегі құлшылық ету үйі.

Синтоизм (жап. тіл. «құдайлар жолы») – Жапонияда таралған дін. Құлшылық ету көптеген құдайларға және өлгендердің рухына

бағытталған ежелгі жапондықтардың анимистикалық сенімдеріне негізделген дін. Өз дамуында буддизмнің ықпалына ұшыраған.

Сопылық (араб тіл. صوف «суф»— жүн) – исламның классикалық теориясына негізделген исламдағы тақуалық-философиялық бағыт. Сопылар деп күнделікті өмірде жүннен жасалған киім киетін исламның ортағасырлық ғалымдарын атаған.

Аталған ілімнің мақсаты адамның Аллахты ұғынуы және Исламда рухани-моральдық жетілу болып табылады.

Суннизм / сүннет жолын ұстанушылар– Ислам дінінің бір бағыты. Құран Кәрімді және Мұхаммед пайғамбардың хадистерін, сондай-ақ оның артынан ерген сахабаларының сенім мәселесіндегі ұстанымдарын басшылыққа алады.

Сүре (араб тіл. «бөлім») –терминдік мағынасы: құран аяттарынан құралған жеке топ. Құран мәтінінің 114 бөлігінің атауы.

Табу (полинез. тіл. «*тыйым салу*») – белгілі бір іс-әрекеттерді жасауға діни санкциялармен бекітілген тыйым салу жүйесі. Оны бұзған жағдайда сәйкесінше жазалау алады.

Талмуд (иврит тіл. «*білім алу*», «*ілім*»)– иудаизмнің Танахпен бір қатарда тұратын орталық мәтіні. Нәтижесінде Галаханы құрайтын ережелер мен құндылықтар жүйесін анықтап, қалыптастыруды мақсат еткен яхудейлер даналары талқылауларының жазбасы.

Танах –өзінде діни өмірдің ережелері мен діни сенімнің негіздерін қамтыған иудаизмнің Қасиетті жазбасы, Үш бөлімнен тұрады: Тора, Невиим, Ктувим.

Тариқат (араб тіл. «*жол*», «*сапар*») – исламдағы ақиқатқа жетудің мистикалық, танымдық жолы. Тариқат исламның моральдық-этикалық жүйесінің, психологиялық тәжірибесінің практикада жүзеге асуы. Ал діни терминологияда тариқат - хақ пен ақиқатқа жету жолындағы діндегі арнаулы жол, түсінік деген сөз.

Таухид – Алла Тағалаға серік қоспастан тек өзіне ғана құлшылық ету.

Таухид ілімі –ислам дініндегі ақида (сенім) негіздерін терең зерттейтін ілім. Алла тағала жалғыз екендігіне сеніп, одан басқаға табынбау, одан өзгеден жәрдем сұрамау және бір құдайлық ұстаным бағытын зерттеу ілімі.

Тәкпір –«Аллаху акбар» деп айту. «Аллаху Акбар» – Алла ұлық деген мағына береді. Ислам дініндегі намаздың ерекшеліктерінің бірі. Құрбан, ораза айттарында, қажылықта айтылады. Тәкпір намаз уақытының кіргенін және намаздың басталуын білдіретін Азан шақыруда алғашқы айтылатын сөз.

Тәубе ету (исповедь / покаяние)–барысында күнәдан арылуға келген адам шын жүректен өкінушілік арқылы Құдайдан өз күнәларынан арылуға рұқсат алатын маңызды рәсімдердің, қасиетті іс-әрекеттердің бірі. Тәубені дін қызметкері немесе архиерей

қабылдайды. Құпияшылдық ретінде православие мен католицизмде мойындалады.

Тәурат (иврит тіл. «ілім», «заң») – Моисейдің бес кітабы, Танахтың алғашқы бес кітабы («Брейшит», «Шмот», «Ваикра», «Бэмидбар», «Дварим»). Кең мағынасында Жаратушыдан сыйға берілген яхудей халқының бүкіл діни мұрасы.

Теология (дін ілімі) (грек тіл. «Құдай» «ілім») – Құдай жайындағы ілімнің негіздеме жүйесі, діни ілім мен догматика (қатаң қағида) ақиқатының дәлелдер кешені.

Терроризм (лаңкестік) – (лат. тіл. «үрей, қорқыныш», «қорқыту») – экстремизмнің шеткі көрінісі. Терроризм (лаңкестік) саяси мақсатқа жету жолындағы аса қатігездік, қорқыту, күштеу әдістерін қолданады.

Толеранттылық (лат. тіл. «төзімділік») – басқалардың тұрмыс қалпына, мінез-құлқына, әдет-ғұрып, сеніміне, сезіміне, пікіріне, идеясына төзімділік таныту.

Тотемизм – белгілі бір адамдар қауымдастығы (әдетте бір ру, тайпа) мен тотем – мифтік ата тегі арасындағы ғажайып туыстық байланыс туралы түсінікпен байланысты алғашқы қауымдық сенім. Көбінесе тотем болып жануарлар мен өсімдіктер, кейбір табиғат құбылыстары мен жансыз заттар да шыға алатын.

Түсінісу храмы – Тибет Далай-ламасы, Рим Папасы Иоанн Павел XXIII, үнді лидері Джавахарлал Неру қолдаған ұйым. Кейін бұл ұйым адамзатты аман қалдыруға бағытталған рухани және парламенттік лидерлердің Жаһанды Форумына айналды.

Уағыз / өсиет – діни-өнегелік тыйым салу ұйғарымы. Ол діннің негізін құрап, моральдық кеңестері болып саналады.

Уаһһабилік (араб тіл.) XVIII ғасырда Орта Арабияда пайда болған ислам дінінің ағымы. 1703-1787 жылдары өмір сүрген шейх Мұхамед ибн Абдул Уәһһәб ат-Тамими атымен қойылған. Уаһһабилік салафизм (араб тіл. «салафа» – «бастапқы болу») жолын таратады. Уаһһабиліктің басты догматы – бір Аллаһқа сену болып табылады. Олардың ойынша, нағыз исламды Мұхамед пайғамбарға ілесуші алғашқы үш ұрпақ қана таратқан болатын. Одан кейінгі енгізілген жаңашылдықтарды бидғат деп жоққа шығарады.

Упанишадтар (санскр. тіл. «қасында отыру») – діни-философиялық сипаттағы ежелгі үнді трактаттар. Ведалардың бір бөлігі болып табылады және шрути категориясындағы индуизмнің қасиетті жазбалары қатарына жатады. Оларда негізінен философия, медитация, Құдайдың табиғаты қарастырылады. Упанишадтарда Ведалардың негізгі мағынасы тұйықталады деген пікір бар, сондықтан оларды «веданта» деп те атайды.

Фетишизм (фр. тіл. «идол», «талисман») – сенушілердің түсінігінде ғажайып қасиеттері бар жансыз заттардың – фетиштердің ғибадаты. Алғашқы қауымдық халықтардың барлығында кездескен.

Фетишизм көріністері қазіргі діндерде де сақталған. Фетишизмді жансыз заттардың ғибадаты, тұмар, бойтұмарлардың тылсым күштеріне сену, заттар мен құбылыстарды құдай бейнесімен сипаттау ерекшелейді.

Фиқһ (араб тіл. «*түсіну*», «*білу*») – мұсылмандық құқықтық ғылым, заң ғылымдарының жиынтығы.

Хадис (араб тіл. «*әңгіме*») – Мұхаммед пайғамбардың істеген немесе ұйғарған мәлімдемелерін көзі көрген кісілердің сөзімен жеткізу. Хадистер жиынтығы – Сүннет.

Халал (араб тіл. «*рұқсат етілген*») – исламда Құран аяттары мен пайғамбар хадистерімен тыйым салынбаған нәрселер.

Халиф (араб тіл. «*мұрагер*», «*басшы*») – ертедегі исламдағы Мұхаммед пайғамбар қалдырған өсиеттер мен қағидаларын орындауды қадағалау үшін сайланатын мемлекеттің жоғарғы билеушісі және діндарлар қауымының жетекшісі.

Харам (араб тіл. «*тыйым салынған*») – шариғатта жасалуы мен пайдалануы қатаң тыйым салынған нәрселер.

Харизматикалық ғибадаттылық (харизматикалық топ) – бұл сектаның немесе дәстүрлі емес діндердің бір түрі. Избасарлары мен жақтаушылары біріге отырып, өзін таңғажайып күштерге ие екендігін алға қойған көшбасшының бастауымен құрылған топтар.

Хижра (араб тіл. «*көшу*», «*қоныс аудару*») – Мұхаммед пайғамбардың 622 ж. Меккеден Мединаға (Ясрибке) қоныс аударған кезеңі және мұсылман жыл санауының бастауы болып қалыптасты.

Хинаяна (санскр. «*шағын екі аяқты арба*») – б.э. басында пайда болған буддизмнің негізгі бағыттарының бірі, 18 түрлі мектебі бар. Монахтық өмірді таңдау, қоғамнан алшақтау арқылы нирванаға кетуді мақсат етіп қояды.

Христиандық – б.э. I ғасырында Палестинада пайда болған әлемдік үш діннің бірі. Христиандық Иисус Христосты Құдайдың ұлы деп сенеді. Христиандықтың құрамына әр түрлі шіркеулер мен конфессиялар кіреді.

Целибат – католиктік дін қызметкерлерінің үйленбеске міндетті түрде ант беруі.

Шаббат (иврит тіл. «*демалу*», «*тиылу*») – иудаизмде Құдай осы дүниені жаратып болғанын білдіретін аптаның жетінші күні. Бұл күн Құдайға арналып, үлкен мейрам болып саналады. Шаббатта жұмыс істеуге тыйым салынған.

Шаман – табиғаттан тыс тылсым күштермен байланысатын жоғарғы күшке ие болған адам. Шаманизмде ғибадатты орындаушы. Аруахтармен таңдалып, одан кейін қайта жаратылудан өтеді. Қайта жаратылудан өткен шаман адамдарды емдеу мүмкіндігіне ие болады. Емдеумен қатар, шаман қызметіне руластарын қауіп-қатерлер мен аурулардан сақтау, тайпалардың шаруашылық өмірін қолдау,

марқұмның жанын о дүниеге шығарып салу рәсімдерін атқару кіреді. Шаман ер адам да, әйел адам да бола алады.

Шарифат (араб тіл. «*түзу дұрыс жол*») – Алла тағаланың құлдарына намаз, ораза, қажылық секілді т.б бұйырған міндетті амалдары. Сонымен қатар мемлекеттік, мұралық, қылмыстықжәне неке-отбасылық құқықтық нормалардан тұратын, Құран мен Сүннет негізінде құрастырылған исламдық құқықтық және теологиялық нормалар мен заңдар жинағы.

Шәйіт (араб тіл. «шаһид») – дін жолындағы соғыста немесе отбасын, отанын Алла үшін қорғап, дұшпан қолынан қаза болған мұсылман. «Шахид болу» деген сөзді арабшадан мағынасын бұзбай аударғанда «сыртқы күш тарапынан өлтірілу» дегенді білдіреді. Ал өзін-өзі жарып, өлімге бару шахидтікке жатпайды.

Шәһәдә (араб тіл. – «*қатысу*», «*білу*», «*хабарлау*», «*көру*», «*куәгер болу*»):

1 – діни терминологияда ол «Кәлима шәһадат», исламның бес шартының бірі, ислам дінін қабылдауды білдіретін сөз. «Әшһәду әллә иләһә иллаллаһ уә Әшһәду әннә Мұхаммадан абдуһу уә расулуһ» яғни «Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхамед оның құлы, әрі елшісі екендігіне куәлік етемін».

2 – бір адам біреудің құқығының тапталғандығын айту үшін, қазының және екі тараптың алдына шығып, куәлік етуі.

3 – біреу бір қылмыс істегенде оның қылмыс жасағандығына куәлік ету.

4 – екі жас отау құрғанда екі ер кісі немесе бір ер екі әйел кісі оларға куәгерлік етуі.

Шейх (араб тіл. «*ақсақал*», «*басшы*») – діни қайраткерлерге, діни пәндер білімпаздарына, сопылық бауырластық басшыларына, тәлімгерлер мен ұстаздарға, өздерінің ізгі істерімен танымал болған адамдарға қатысты айтылатын құрметті атақ.

Шиизм (араб тіл. «*жолын қуушы*», «*партия*») – ислам бағыттарының бірі. Бастапқыда Пайғамбардың мұрагері ретінде оның күйеу баласы Әлидің қабылдаған саяси партиясы. Шииттер Сүннетті мойындамайды және өздерінің шарттары бар.

Ширк – исламда Алладан өзгеге табыну және Алладан өзгеден сұрау. Аллаға серік қосу.

Шоқындыру (грек тіл. «*суға батыру*»)–Шіркеу құпияшылдықтарының бірі – рухани туылу. Адам шіркеу мүшесіне айналып, Шіркеу құпияшылдықтарына қатыса алады. Шоқындыру рәсімі судың себелеп шашылуы немесе суға – Әке, Бала және Қасиетті Рух құрметіне деп үш рет батыру арқылы атқарылады. Шоқындыру барлық христиандық конфессиялармен мойындалады.

Шіркеу:

1. діни ілім дамуы нәтижесінде қалыптасқан діндарлар ұйымы;

2. христиан діни ғұрыптары мен ғибадаттарын атқаруға арналған ғимарат.

Інжіл – христиан дінінің Қасиетті жазбасын құрайтын кітаптардың жиынтығы. Оған Көне өсиет пен Жаңа өсиет кіреді.

Экзархат (грек тіл. «*басшы*», «*жетекші*») – патриархаты бар елдің сыртында орналасқан ірі шіркеулік аумақ. Экзархаттың құрамына экзархқа бағынышты бірнеше епархиялар, епископтар және архиепископтар кіреді.

Экстремизм (лат. тіл. «*шеткі*») – адамның басқа түсініктерді, сенімдерді, дәстүрлер мен құндылықтарды қабылдамауға түрткі болатын белгілі бір сенімдер мен идеяларға деген шектен тыс радикалды көзқарас жолын ұстануы.

Экуменизм (грек тіл. «*елді әлем*») – әлем христиандарының бірігуі үшін қозғалысы. Тар мағынада христиандық конфессиялардың ынтымақтастығы мен өзара түсіністігі үшін қозғалыс. Кең мағынада барлық діндердің жаңа бір дін астына бірігу мүмкіндігі туралы ілім.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДІН ІСТЕРІ АГЕНТТІГІ

**Қазақстан Республикасының
«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңына
Түсініктеме**

Астана 2012

УДК 348
ББК 86.2 + 67.4
К 63

Түсініктеме Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығының негізінде дайындалды.

Редакция алқасы:

Бас редактор – Г.Е. Шлымова, Т.А. Козырев (жауапты редактор),
Е.М. Смағұлов, А.М. Қиманов, Н.А. Мұқанова, Г.С. Ибраева.

Пікір сарапшы:

Ғ. Есім – ҚР Парламенті Сенатының депутаты, философия ғылымдарының докторы, профессор;

Қ.Н. Бұрханов – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, саяси ғылымдарының докторы, профессор;

Р.Қ. Сарпеков – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты;

З.К. Шаукенова – ҚР БҒМ Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры;

М.Х. Әбусейтова – Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;

К 63 Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңына Түсініктеме – Астана: 2012.

2011 жылғы 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңына түсініктемеде Заң ережелері мен нормалары мазмұнына баптар бойынша талдау беріледі, авторлар оларға түсінік беру кезінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасына сүйенеді.

ISBN 978-601-7028-42-8

© Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы, 2012.

ISBN 978-601-7028-42-8

МАЗМҰНЫ

Кіріспе

Преамбула

1-тарау. Жалпы ережелер

2-тарау. Діни қызмет саласындағы мемлекеттік реттеу

3-тарау. Қазақстан Республикасындағы діни қызмет

4-тарау. Діни бірлестіктерді құру, мемлекеттік тіркеу, қайта ұйымдастыру, тарату

5-тарау. Діни бірлестіктердің мүліктікқұқықтық қатынастары

6-тарау. Қорытынды ережелер

Қорытынды

КІРІСПЕ

Еліміз тәуелсіздік алған жиырма жыл ішінде діни институттар елеулі сандық және сапалық өзгерістерге ұшырады. Діни бірлестіктердің саны әлденеше есе көбейді, халқымыз рухани дәстүрлерімен қайта қауышты, жаңа ғибадат ғимараттары – мешіттер, шіркеулер, ғибадатханалар, синагогалар бой көтеруде. Тұрғындардың діндарлық дәрежесінің деңгейі өсті. Діни бірлестіктер еліміздің қоғамдық өмірінде белсенділігін арттыра түсуде. Бұл үдерістер мемлекетіміздің елімізде ар-ождан бостандығын, рухани қайта дамуын қамтамасыз ету, азаматтық тыныштық пен конфессияаралық келісімді сақтау мен нығайту бағытында жүргізіп отырған саясатының жемісі.

Қазақстан Республикасының заңнамасында, дәлірек айтқанда, ҚР Конституциясының 22-бабында «Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар» деп анық бекітілген. Ар-ождан бостандығы – адам баласының негізгі жеке құқықтарының бірі болып табылады, ол ең алдымен, жеке адамның кез келген идеологиялық бақылаудан бостандығын, әркімнің өзіне рухани құндылықтар жүйесін өз бетінше таңдау құқығын білдіреді. Сонымен қатар, оның аясына атеистік көзқарасты ұстану бостандығы кіреді және ол адамның зияткерлік және рухани өмірінің барлық аспектілерін қамтиды. Ар-ождан бостандығы адамның абсолюттік құқы болып табылады және ешбір жағдайларда шектеулерге жатпайды. Сондай-ақ, ар-ождан және діни сенім бостандығына құқық көптеген халықаралық құқықтық актілерде, мәселен, Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясында бекітілген.

Конституциялық ережелерді іске асыру үшін заңдар мен нормативтік құқықтық актілер қабылданады. Қазақстанда діни саладағы қатынастарды реттейтін алғашқы заң 1992 жылдың 15 қаңтарында қабылданған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заң болды. Айта кету керек, аталмыш заң 1993 жылғы алғашқы қазақстандық Конституцияға дейін қабылданған. Заңда кеңестік дәуірмен салыстыра қарағанда, мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы қатынастардың мүлдем жаңа қағидаттары, қоғамдағы діни бірлестіктер мен дінге сенушілердің жаңа ахуалы бекітілген, ол дінмен сан жылдар бойғы күрестен кейін діни сенім бостандығына құқықтарын іске асыруға мүмкіндік берді. Оның үдемелі рөлі де осыда. Сонымен бірге, біз қарастырып отырған заң күшінде болған жиырма жылдай уақыт оның әлсіз тұстарын да айқындап көрсетті.

Заңда әу бастан-ақ кейбір дау тудыратын ережелер мен дәлсіздіктер болды, олар көп ұзамай өзін тәжірибе жүзінде көрсеткен. Мемлекеттік органдар үшін де, діни бірлестіктер мен дінге сенушілер

үшін де белгілі бір проблемалар туындады. Кейбір діни бірлестіктер заң ережелерін дұрыс түсінбей, кейде әдейі немесе білместіктен оларды бұзып отырды. Соның салдарынан ұзақ уақыт бойы ҚР азаматтары мен олардың бірлестіктерінің дін саласындағы құқықтық қатынастарын реттейтін жаңа заңды қабылдаудың мүмкіндігі қарастырылып келген. Жасыратыны жоқ, мемлекеттің құқықтық деңгейде араласуын талап еткен қоғамдағы келеңсіз үдерістер де «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» жаңа Заңды қабылдауға түрткі болды. Түсініктеме беріліп отырған заңды тездетіп қабылдауға Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2011 жылдың 1 қыркүйегінде төртінші шақырылған Парламенттің 5-ші сессиясы ашылуында сөйлеген сөзі қозғау салды.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңды қабылдау ар-ождан бостандығы қағидатынан бас тартпайтын, бірақ мемлекеттің, діни бірлестіктердің және тұтас қоғамның мүддесін тепе-тең ұстауға ұмтылған Қазақстан мемлекетінің діни саясатын дамытуда жаңа кезеңнің басталғанын білдіреді. Мұның өзі, өз кезегінде, жаңа Заңның атауы байқатып тұрғандай, діни қызметті реттеуде мемлекеттің белсендірек қатысу қажеттілігін меңзейді.

Осы түсініктеменің мақсаты – Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Заңының ережелерін түсіндіру болып табылады, бұл оның құқық қолдану практикасын түзетуге, соның ішінде діни қатынастарды реттеу саласында пайда болатын проблемалық мәселелерді шешу барысында ретке келтіруге мүмкіндік береді.

ПРЕАМБУЛА

Осы Заң Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынын, әркімнің ар-ождан бостандығы құқығын растайтынын, әркімнің діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретінін, халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өмірінде ханафи бағытындағы исламның және православтық христиандықтың тарихи рөлін танытынын, Қазақстан халқының діни мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танытынын негізге алады.

Заңның преамбуласында аталған актінің мақсаттары мен міндеттері, оны қабылдауға себеп болған шарттар мен дәлелдер бекітілген. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның преамбуласында тікелей әсері бар нормалар жоқ, бірақ ол құқықтық актінің кіріспе ережелері мен тұжырымдамалық нұсқамаларын қамтыды. Әсіресе, Заңның бұл бөлігінде адамның құқықтары мен бостандығын сақтауға ұстанушылық ресми мәлім етілген.

Преамбуланың маңызды компоненті ол Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабы 1-тармағымен өзара байланысты болып келетін мемлекеттіліктің демократиялық және зайырлы сипатының бекітілуі болып табылады.

Преамбулада әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы расталады және әркімнің діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беріледі. Бұл пікірлер Конституцияның мынадай ережелерімен: 22-баптың 1-тармағының («Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар») және 14-баптың 2-тармағының («Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды») мазмұнымен өзара байланысты.

Одан әрі преамбулада Қазақстан Республикасы **«халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өмірінде ханафи бағытындағы исламның және православтық христиандықтың тарихи рөлін таниды, Қазақстан халқының діни мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейді»** деп белгіленген.

Заңның преамбуласында мемлекеттің діни бірлестіктермен қоғамда діни мұраны сақтау және адамгершілік құндылықтарды қолдау мақсатында өзара қарым-қатынастар орнату ісіндегі басымдылықтар ресми мәлім етілген. Ханафи мазхабындағы исламға және православтық христиандыққа ерекше қарым-қатынас тек халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлі танылған соң байқалады. Сондай-ақ, преамбулада мемлекеттің «Қазақстан

халқының діни мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтіні» белгіленген. Бұл ретте, преамбулада көрсетілген ережелердің міндетті заң күші жоқ және тікелей құқықтық салдарларға әкеп соқпайды.

Сондай-ақ, түсініктеме беріліп отырған нормативтік құқықтық актіде кейінгі ережелерінде діни бірлестіктердің заң алдында заңдық теңдігі бекітілгенін айта кету керек. Сонымен, Заңның 3-бабы 2-тармағында «Діни бірлестіктер және Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар дінге көзқарасына қарамастан заң алдында тең», сондай-ақ осы баптың 3-тармағында «Ешбір дін мемлекеттік немесе міндетті дін ретінде белгіленбейді» деп жазылған.

Преамбулада көрсетілген мемлекеттің ханафи мазхабындағы исламға және православтық христиандыққа деген қарым-қатынасын күні кешегі атеистік қоғамнан шыққан мәнмәтінінде, тұрғылықты қазақ халқының және елімізде саны жағынан екінші орында тұрған славян халықтарының тарихи діни дәстүрлеріне құрмет көрсету ретінде қабылдап, бағалау қажет. Мемлекет ислам және православ діндеріне ерекше көңіл білдіре отырып, аталған діни ілімдердің ұстанушылары болып табылатын 90%-дан астам өз азаматтарының діни ұмтылыстарымен өз ынтымақтастығын көрсетеді.

Осыған ұқсас жеке діндер мен конфессиялардың ерекше рөлін тану туралы ережелер зайырлы құрылыс пен демократияны ұстанатынын ресми мәлімдейтін көптеген шет мемлекеттердің конституциялары мен заңдарында енгізілген.

Преамбуладағы Қазақстан Республикасы «конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын таниды» деген ережесі түсініктеме беріліп отырған нормативтік құқықтық актінің реттеу саласын нақтырақ суреттейді және ҚР Конституциясының 1-бабы 2 бөлігінде бекітілген қоғамдық татулық және саяси тұрақтылық сияқты Қазақстан Республикасы қызметінің түбегейлі принциптерін негізге ала отырып, діни қатынастар саласындағы мемлекеттік саясаттың басымдықтарын белгілейді. Мемлекеттің дін саласындағы саясатының көрсетілген басымдықтары Қазақстанның Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездерін және өзге де іс-шараларды өткізу кезінде белсенді іске асырылады.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ғибадат үйі (ғимараты) – құдайға құлшылық етуге, дұға оқылатын және діни жиналыстарға, діни тәу етуге (мінажат етуге) арналған орын;

2) діни қызмет – діндарлардың діни қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қызмет;

3) діни қызметші – діни, уағыздаушылық қызметке тиісті діни бірлестік уәкілеттік берген адам;

4) діни бірлестік – Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың өз мүдделерінің ортақтығы негізінде діни қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен біріккен ерікті бірлестігі;

5) миссионерлік қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, Қазақстан Республикасында тіркелген діни бірлестіктердің атынан Қазақстан Республикасының аумағында діни ілімді таратуға бағытталған қызметі;

6) уәкілетті орган – діни қызмет саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

1992 жылғы тек үш ұғым көрсетілген «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңмен салыстырғанда 2011 жылғы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңда жаңа ұғымдар қосылған және бұрынғылардың кейбірі өзгертілген. «Ғибадат үйі» «миссионерлік қызмет», «уәкілетті орган» терминдерінен басқа, қарастырылып отырған заңға «діни қызмет», «діни қызметші», «діни бірлестік» ұғымдары енгізілген. Жаңа ұғымдарды айналымға енгізу қабылданған заңның бұрынғымен салыстырғанда нақтылық сипатымен байланысты: оның мақсаты – ең алдымен, еліміздегі діни қызметті реттеу болып табылады.

Айта кету керек, «миссионерлік қызмет» және «уәкілетті орган» анықтамаларында өзгерістер енгізілген.

Осы бапта «миссионерлік қызмет» ұғымына нақты түсінік беріледі, онда Қазақстан Республикасының аумағында діни ілімді таратуға бағытталған Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың қызметі түсіндіріледі. Діни мазмұндағы өнімдерді әкелуге және таратуға белгілі шектеулер енгізілген.

Діни қызмет саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган ол Қазақстан Республикасының Дін істері агенттігі болып табылады.

2-бап. Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңда көзделгеннен өзгеше қағидалар белгіленген болса, онда халықаралық шарттың нормалары қолданылады.

Екінші бапта Қазақстан Республикасы Конституциясында ғана емес, сонымен қатар халықаралық құқықтық актілер мен келісімдерде баянды етілген құқықтарға Заңмен кепілдік беріледі. Мұндай актілер мен келісімдерге мыналар жатады: Адам құқығының жалпыға ортақ декларациясы (1948), Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті (1966), Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі Кеңестің қорытынды актісі (1975), Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі Кеңеске қатысушы-мемлекеттер өкілдерінің Венада өткізген кездесуінің қорытынды құжаты (1986), Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі Кеңесінің Копенгаген қаласында өткен Адами өлшем жөніндегі конференциясының құжаты (1999) және т.б.

Діни қызмет саласындағы қолданыстағы заңнама мынадай негізгі конституциялық ережелерді негізге алады:

Біріншіден, Конституцияның жоғары заңдық күші бар және республиканың барлық аумағында тікелей қолданылады.

Екіншіден, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар Қазақстанның заңдары алдында басымдыққа ие және халықаралық шартта оны қолдану үшін заң шығару қажеттілігі көрсетілген жағдайларды қоспағанда, тікелей қолданылады.

Үшіншіден, Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын барлық заңдар, халықаралық келісімдер жария етіледі. Азаматтардың құқығына, бостандығы мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің ресми жариялануы оларды қолданудың міндетті шарты болып табылады (ҚР Конституциясы 4-бап, 4-тармақ).

Төртіншіден, нормативтік құқықтық актілердің заңдық күшіне байланысты олардың қатаң иерархиясы жасалады (ҚР «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213-1 Заңы).

Бесіншіден, діни қызмет туралы қолданыстағы заңнама заңдылық принципке сүйенеді. Бұл, бір жағынан, заңға тәуелді актілер алдында заңның үстемдігін білдірсе, екінші жағынан, барлық мемлекеттік органдардың, діни бірлестіктердің, лауазымды тұлғалар мен азаматтардың заңдардың негізінде, соларға сәйкес және оларды орындау аясында әрекет етуге міндетті екендігін білдіреді.

3-Бап. Мемлекет және дін

Бұл бап Қазақстан Республикасы өзін зайырлы мемлекет санайды деген конституциялық ережені дамыта және нақтылай отырып, Қазақстандағы мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың негіздері мен принциптеріне арқау болады.

1. Мемлекет діннен және діни бірлестіктерден бөлінген.

Бұл ереже Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады» деп бекітілген мемлекеттік құрылымның зайырлы сипатын айқын аңғартады. Зайырлы құрылым дегеніміз мемлекет діни бірлестіктердің мойнына қандайда бір мемлекеттік функцияны орындауды артпайды, сондай-ақ діни бірлестіктердің қызметіне араласпайды деген мағынаны білдіреді.

Сонымен бірге, мемлекетіміз өзін діндерге қарама-қарсы қоймайтынын ескеру маңызды. Сөз болып отырған нормативтік құқықтық актінің преамбуласында көрсетілгендей, азаматтардың діни сенімін құрметтеу Қазақстан Республикасы діни қатынастар саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағытына жатады, сайып келгенде, бұл бағыт Қазақстанда қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге қызмет етуде.

Мемлекеттің діннен және діни бірлестіктерден бөлінгендігі көптеген елдердің конституцияларында көрсетілген. Айталық, Венгрия Республикасы конституциясына сәйкес шіркеу мемлекеттен бөлінген, мемлекеттік дін жоқ (6-бап, 3-тармақ). Испанияда дін мемлекеттен бөлек. 1978 жылғы Испания Корольдігі конституциясының 16-бабында «діннің бірде бірі мемлекеттік бола алмайды» делінген. ГФР Конституциясы бойынша дін мемлекеттен бөлек. Германия өкіметі діндер бостандығын сақтауға қатысты негізгі заңның баптарын қатаң сақтауға тырысады. Германияда діни бірлестіктер мен мемлекеттің қатынасы әріптестік принципіне негізделеді. Түркияда да заң бойынша дін мемлекеттен бөлінген және елдің әрбір азаматына діни сенім бостандығына кепілдік беріледі.

2. Діни бірлестіктер және Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар дінге көзқарасына қарамастан заң алдында тең.

Қазақстан азаматтары азаматтық болсын, мейлі, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени салада болсын, өмірдің барлық салаларында, олардың діни көзқарасына қарамастан, заң алдында тең құқылы. Айталық, ресми құжаттарда азаматтың дінге қатыстылығы көрсету міндеттелмейді.

ҚР Конституциясының 14-бабы 1-тармағында заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең деп анықталған. Соған қоса, біз сөз етіп отырған Заңның 3-бабы, 2-тармағында Қазақстан азаматтарымен

бірге, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар да аталған. Мұның өзі ҚР Конституциясының 12-бабы 4-тармағында былай делінген: «Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады». Діни бірлестіктерге келер болсақ, олардың барлығына заңнамаға сәйкес ортақ қағидалар мен стандарттар қолданылады деген мағынада заң алдында тең; бұл діни бірлестіктердің мәртебесі (жергілікті, өңірлік және республикалық) тең еместігіне, сондай-ақ жаңа Заңның преамбуласында көрсетілген екі ірі конфессияға қатысты құрметке қайшы келмейді.

3. Ешбір дін мемлекеттік немесе міндетті дін ретінде белгіленбейді.

ҚР Конституциясының 1-бабы 1-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары».

Идеология, қандай да бір діни ұйымдікі болмасын, қазақстандық мемлекеттіліктің зайырлы сипаты туралы конституциялық ережеге сай Қазақстан азаматтарына міндетті бола алмайды. Одан басқа, Қазақстан жағдайында еліміз көп ұлтты және көп дінді болғандықтан, қандай да бір конфессияны мемлекеттік дін етіп белгілеу мүмкін емес.

Осыған ұқсас заңнама тармақтары еуропалық және басқа да елдердің Конституциясында жиі кездеседі.

Қазақстандық үлгіде бұл тармақ мемлекеттік діни саясаттың іргесі (**паритеттік және толеранттылық** принциптерімен бірге) болып табылатын мемлекеттің идеологиялық **бейтараптығын** білдіреді.

Осы принципте, өз кезегінде, Қазақстанның және басқа кеңестік кезеңнен кейінгі елдердің өзіндік тарихи тәжірибесі көрініс береді: кеңестік қатаң секуляризм тәжірибесі мемлекеттің идеологиялық бейтараптығы жағдайын ескерген емес.

Осы тәжірибені біле отырып, Қазақстан Республикасы мемлекеттің қандай да бір идеологиялық, оның ішінде діни және атеистік ұстаным атаулыдан бірдей дәрежеде аулақ болу принципіне негізделген өзінің зайырлылық ұғымын қалыптастыруда.

4. Діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында білім беру мен тәрбиелеу жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта болады.

Осы 4-тармақтағы ереже түсіндірме беріліп отырған Заңның 3-бабы 1-тармағында көрсетілген «мемлекет дін мен діни бірлестіктерден бөлінген» деген нормативтік ережені жалғастырады және Қазақстан Республикасындағы ұлттық білім беру мен тәрбиелеу жүйесі зайырлы сипатта екенін және азаматтардың дінге қандай да бір көзқарасын қалыптастыруды мақсат тұтпайтынын көрсетеді.

Азаматтардың білім алуының түрлері мен деңгейлеріне жағдай, оның дінге көзқарасына қарамастан жасалады.

ҚР Конституциясының 30-бабында азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік берілген және орта білім алу міндетті. Осылайша мемлекет өзін зайырлы деп бекіте отырып, барлық оқу орындарында білім алудың ортақ стандарттарын енгізе отырып, өзінің азаматтарының зайырлы білім алуын қамтамасыз етеді.

«Білім туралы» Заңға сәйкес білім беру саласындағы мемлекеттік саясат принципінің бірі – білім алудың зайырлылық, гуманистік және дамушылық сипаты, азаматтық және ұлттық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, тұлғаның еркін дамуының басымдығы принципі болып табылады.

Заңның 3-бабы 2-тармағына сәйкес білім беру ұйымдарында діни ұйымдарды (бірлестіктерді) құруға және қызметіне тыйым салынады.

Сонымен қатар, білім беру ұйымдарында нәсілдік, этникалық, діни, әлеуметтік төзімсіздік пен айырықшалықты насихаттауға, жалпыға ортақ халықаралық құқық пен гуманизм принциптеріне кереғар милитаристік және басқа да идеяларды таратуға тыйым салынады (28-бап, 3-тармақ).

Заңның 51-бабы 6-тармағы бойынша ұстаздар қауымына оқыту процесін саяси үгітке, діни насихатқа айналдыруға немесе оқушыларды Қазақстан Республикасының Ата заңы мен заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге үндеуге тыйым салынады.

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқығы туралы» Заңның 19-бабы 5-тармағына сәйкес баланың денсаулығын түзейтін, спорттық, шығармашылық және басқа да лагерь, санатория сияқты балалар дем алатын орындарда құлшылық қылу рәсімдерін, жорасы мен жиындарын, сондай-ақ діни ілімдерге бағытталған әрекеттерді өткізуге рұқсат етілмейді.

Осы Заңның 35-бабы 2-тармағына сәйкес бәлиғатқа жетпеген балаларға қатысты діни салттар ата-анасының немесе олардың орнындағы адамдардың рұқсаты бойынша жасалады. Балаларды дінге зорлауға рұқсат етілмейді.

Азаматтар діни ілімді үйренуді және діни білім алуды өзінің қалауы бойынша – жекелей немесе діни оқу орындарында алуы мүмкін.

Ережеде көрсетілген реттілік бойынша тіркелген діни бірлестіктер өздерінің ішкі тәртіптеріне сәйкес балалар мен үлкендердің діни сауатын ашу үшін оқу орындарын ашып, топтарды құруға құқылы. Сондай-ақ, өздеріне тиесілі немесе берілген жайды пайдаланып, оқудың басқа да формаларын жүргізе алады. Балалардың діни ілім алуын ұйымдастыру ата-аналарының және олардың орнындағы адамдардың рұқсатымен жүргізіледі.

Мысалы, Бельгияда міндетті мектептік білім беру діни бейтараптықты сақтауға құрылған (Конституцияның 21-бабы және елдің «Мектеп пакті» деген 1959 жылғы 21 мамырдағы Федералдық заңы).

Ирландияда діни білім беру мектепте қарастырылған, бірақ Конституцияның 44-бабы 2-тармағы 4) тармақшасына сәйкес, оқушы діни оқудан босатылуы мүмкін. Швецияда мектептерде діндерді конфессионалдық емес түрде оқытады. Португалияда конституцияның 43-бабы 2, 3-тармақтары бойынша мемлекеттік мектептер діни, эстетикалық және философиялық доктриналардан тәуелсіз болу керек. Білім беру конфессионалдық бола алмайды.

5. Заңды діни қызметке кедергі келтіруге, жеке тұлғалардың дінге көзқарасы себептері бойынша азаматтық құқықтарының бұзылуына немесе олардың діни сезімдерін қорлауға, қандай да бір дінді ұстанушылар қастерлейтін заттарды, құрылыстар мен орындарды бүлдіруге жол берілмейді.

Азаматтардың ар-ождан және наным-сенім құқығы іске асуына кедергі келтіру, сондай-ақ олардың дінге қатысына байланысты қандай да бір құқығын шектеуге жол берілмейді және заң бойынша қудаланады. Қандай түрде болмасын тікелей немесе жанама түрде азаматтардың құқығын шектеу немесе дінге қатысына байланысты азаматқа қандай да бір басымдылық беру, сол сияқты дұшпандық пен жеккөрушілікті тудыру, я болмаса, азаматтың діни сезіміне тіл тигізу, ана я мына діннің культтік мұрасын аяқ асты қылу әрекеттері Заңда көрсетілген жауапкершілікке тартылады.

Конституцияның 14-бабы 2-тармағына сәйкес тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды. Бұл норма діни әрекеттердің заңдылығы, діни сезімдерге тіл тигізбеу және т.б. әрекеттер арқылы іске асады, ал оған кедергі келтіргені үшін азаматтардың әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылу мүмкіндігі заңнамалық актілерде көрсетілген.

Мәселен, қандай да бір тікелей немесе жанама түрде азаматтың құқығын шектеуге немесе оның дінге көзқарасына байланысты артықшылықтар жасауға, әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыру, сол сияқты ана я мына діннің культтік мұрасын аяқ асты қылу қылмыстық жауапкершілікке әкеледі (ҚР ҚК 164-бабы).

ӘҚБК-ның 375-бабында діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнаманың бұзылғаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген.

6. Әркім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес діни немесе өзге де нанымдарды ұстануға, оларды таратуға, діни

бірлестіктердің қызметіне қатысуға және миссионерлік қызметпен айналысуға құқылы.

Әркім өзінің заңмен тыйым салынбаған діни сенімдерін ерікті таңдауға, ие болуға, ауыстыруға, айтуға, таратуға және соларға сәйкес әрекет етуге, діни рәсімдер мен әдет-ғұрыптарға қатысуға құқылы.

7. Ешкімнің де өз діни нанымдары себептері бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға құқығы жоқ.

Діни қызметшілер, миссионерлер, діни бірлестіктердің басшылары немесе қатысушылары (мүшелері) болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтары саяси өмірге Қазақстан Республикасының барлық азаматтарымен бірдей тек өз атынан ғана қатыса алады.

Ешкімде өзінің діни сенімдерін желеу етіп заңмен анықталған міндеттерін орындаудан бас тарта алмайды. Қазақстан Республикасы Конституциясының 22-бабы 2-тармағы бойынша «Ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс».

Діни бірлестіктер саяси партиялардың қызметтеріне қатыспайды және саяси партияларға қаржылай көмек көрсетпейді. Осы баптың 7-тармағы ережесін бекітудің мемлекеттік маңызы бар. Өйткені, Қазақстан Республикасының азаматтары конституциялық құқықтарын пайдалана отырып, бір мезгілде өздеріне жүктелген міндеттерді де мойындайды. Діни қатынастар тәжірибесінде ана я мына конфессия өкілдері жалпыға ортақ әскери міндеттен (оның балама түрінен де) бас тартқан жағдайлар болған. Мұның өзі құқықтық тұрғыдан рұқсат етілмейтін және өзімен бірге азаматтық бағынбаушылықты және мемлекеттің конституциялық негізін бұзушылыққа бастайтын, сондай-ақ қоғамдық келісім мен тұрақтылықты шайқалтатын фактордың біріне айналуы мүмкін.

Қоғамға одан да қауіпті құбылыс ол кейбір діни топтардың зайырлы білім алуға қарсы ұстанымдары болып табылады. Мұның өзі қоғамның мәдени, білім беру және ғылымдық әлеуетіне нұқсан келтіруі мүмкін.

Сонымен, заңның 3-бабы 7-тармағы Қазақстан Республикасында орта білім міндетті деген конституциялық ережені бекіте түседі.

8. Дін мен діни бірлестіктердің мемлекеттен бөліну қағидатына сәйкес мемлекет:

1) Қазақстан Республикасы азаматының, шетелдік пен азаматтығы жоқ адамның дінге және ұстанатын дініне өз көзқарасын айқындауына, ата-аналардың немесе олардың өзге де заңды өкілдерінің балаларды өз нанымдарына сәйкес тәрбиелеуіне, мұндай тәрбиелеу баланың өмірі мен денсаулығына қатер төндірген, оның құқықтарына қысым

жасаған және жауапкершілігін шектеген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына, егемендігіне және аумақтық тұтастығына қарсы бағытталған жағдайларды қоспағанда, араласпайды;

2) діни бірлестіктерге мемлекеттік органдардың функцияларын орындауды жүктемейді;

3) егер діни бірлестіктердің қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмесе, діни бірлестіктердің қызметіне араласпайды;

4) дін ұстанатын және оны ұстанбайтын Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар арасында, сондай-ақ әртүрлі діни бірлестіктер арасында өзара төзушілік пен құрметтеу қатынастарын орнатуға жәрдемдеседі.

Заңның 3-бабы 8-тармағы мемлекеттік-конфессиялық қатынастардағы мемлекеттің рөлін ашады және бұл қатынастарға дінге араласпау принципін енгізеді, сол арқылы ар-ождан бостандығы сақталуына конституциялық құқық кепілдігі беріледі. Заңда, сонымен бірге бұл принципке қатысты кемшіндер де ескерілген. Әрине, мемлекет зайырлылықтың, қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықтың конституциялық принциптерін ескере отырып қана, діни қатынастарды реттеуге ат салысады. Айталық, ҚР Конституциясының 5-бабы 4 бөлігі бойынша Қазақстанда діни негізде саяси партиялардың қызметіне тыйым салынады. Ұлттық мүдде қамтамасыз етілген басқа жағдайларда діни бостандыққа кепілдік беріледі.

Ұлттық мүддеге қатысты айта кету керек, ҚР Конституциясының 39-бабына сәйкес адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін. Сондай-ақ, негізгі заңның осы бабында ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады.

Сөз болып отырған баптың 8-тармағы 1) тармақшасында мемлекеттің жеке тұлғалардың дінге және ұстанатын дініне өз көзқарасын айқындау, ата-аналардың немесе олардың өзге де заңды өкілдерінің балаларды өз нанымдарына сәйкес тәрбиелеу сияқты аспектілерге араласпайтыны айтылған.

Балалардың тәрбиесіне байланысты айтсақ, бұл бапта баланың өмірінің қауіпсіздігі мен денсаулығына, сондай-ақ Қазақстанның конституциялық құрылысын, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын сақтауға мемлекеттің міндеткерлігі көрсетілген.

Діни бірлестіктерге мемлекеттік органдардың жұмысын атқару жүктелмейтіні туралы ережені осы заңның 3-бабы 1-тармағындағы «мемлекет дін мен діни бірлестіктерден бөлінген» деген норма жалғастырады және бекітеді. Сонымен, діни бірлестіктер биліктік қатынастарға қатыса алмайды және баршаға міндетті де айқын (легитимді) шешімдерді қабылдай алмайды. Діни бірлестіктер үлесінде саяси реңкі жоқ қоғамдық, рухани және мәдени қызмет салалары қалады.

Мемлекет діни ұйымдардың қызметіне араласпайды деген ереже, бір жағынан, діни бірлестіктердің еркін әрекеті мен тәртібіне кепілдік береді екінші жағынан, оларға отандық заңнама нормаларын сақтауды міндеттейді. Діни бірлестіктің заңсыз әрекеттері мемлекеттің дінге араласпайтын принципінен ажырау шарты болып табылады. Бұл жағдайда ол азаматтық, әкімшілік және қылмыстық-құқықтық тетіктердің көмегімен заң бұзушы бірлестіктің қызметіне араласуы мүмкін. Мемлекет дінді ұстанатын және ұстанбайтын адамдар, сондай-ақ әртүрлі діни бірлестіктер арасында өзара төзімділік пен құрмет қатынасы орнығуына жағдай жасайды деген ереже жоғарыда ескертілгендей, ұлттық мүддені, қоғамдық келісімді және саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету принципінен туады.

Конфессияаралық келісімнің, діни толеранттылықтың және азаматтардың діни сенімдерін құрметтеудің маңыздылығы жаңа Заңның преамбуласында да бекітілген.

Мемлекет діни қатынастар саласында толеранттылық пен өзара құрмет ахуалының қалыптасуы үшін соған сәйкес саяси, идеологиялық, құқықтық және ұйымдастырушылық жағдайларды жасайды. Бұл жұмыс мемлекетіміздің Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездерін өткізу, Қазақстан халқы Ассамблеясының белсенді қызметінен және телерадио хабар, басылымдар, интернетті пайдаланатын ақпараттық саясатынан көрінуде.

Балалардың діни тәрбиесіне қайта оралар болсақ, ата-аналар немесе олардың өзге де заңды өкілдері балаларды өз нанымдарына сәйкес тәрбиелеуге құқылы, мемлекет мұндай тәрбиелеу баланың өмірі мен денсаулығына қатер төндірген, оның заңды құқықтарын бұзған жағдайларды қоспағанда, ата-аналардың немесе олардың өзге де заңды өкілдерінің діни танымы негізінде баланы тәрбиелеуге араласпайды.

Бұған айқын мысал ретінде діни түсініктері бойынша қан құюдан бас тартатын жағдайларды айтуға болады. Мұндай жағдайлар кейде ауыр зардаптарға, тіпті өлімге әкеп соқтырады.

9. Дін мен діни бірлестіктердің мемлекеттен бөліну қағидатына сәйкес діни бірлестіктер:

1) мемлекеттік органдардың функцияларын орындамайды және олардың қызметіне араласпайды;

2) саяси партиялардың қызметіне қатыспайды, оларға қаржылық қолдау көрсетпейді, саяси қызметпен айналыспайды;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті.

Осы заңның 3-бабы 9-тармағы дәл осы баптың 1-тармағында бекітілген дін мен діни бірлестіктердің мемлекеттен бөліну принципін таратып түсіндіреді және осы принципті сақтау және іске асыру мақсатында діни бірлестіктерге арналған нақтылы нұсқауларды қамтиды.

Қарастырып отырған тармақтың 1) тармақшасы діни бірлестіктердің мемлекеттік органдарға тән қызметке араласу мүмкіндігін жоққа шығарады. Бұл ретте, көрсетілген нормада өзара келісімге қол жеткізу негізінде қоғамдық пайдалы мақсаттарға қол жеткізу қажеттілігі жағдайында, діни бірлестіктердің ұйымдастырушылық және уәждемелік әлеуетін мемлекеттің пайдалануына тікелей тыйым салынбайды.

Қарастырып отырған тармақтың 2) тармақшасы ҚР Конституциясының 5-бабы 4 бөлігіндегі Қазақстан Республикасында діни негіздегі саяси партиялардың қызметіне рұқсат етілмейді деген ережені бекітеді және оны кеңейте түседі.

Діни бірлестіктер саяси мақсатты көздейтін саяси партиялардың және басқа да қоғамдық бірлестіктердің қызметіне қатыспайды және оларға қаржылық және басқадай қолдауды көрсетпейді. Конституцияның 5-бабы 4-тармағы және «Саяси партиялар туралы» Заңның 5-бабы 8-тармағы бойынша діни негіздегі және азаматтардың діни ұстаным белгілері бойынша саяси партияны құруға рұқсат етілмейді.

Одан басқа, қарастырып отырған тармақтың 2) тармақшасы ҚР Конституциясының 14-бабы 1 бөлігіндегі заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең деген ережемен өзара байланысты және діни бірлестіктердің кез келген басқа ұйымдардың алдында діни сеніміне байланысты артықшылықтары болмайтынын, көпшілік мақұлдаған азаматтық-құқықтық және өзге міндеттерді мойнына алатынын, оларға ешқандай да заңнан тыс жеңілдіктер жасалмайтынын білдіреді.

Діни бірлестіктер қоғамдық өмірге қатысуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңнамасына сәйкес қоғамдық бірлестіктермен тең дәрежеде бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануға құқылы. Діни бірлестіктер қолданыстағы заңнаманың талаптарын сақтауға міндетті. Дінді мемлекетке, конституцияға қарсы насихатқа, ұлтаралық араздықты, жеккөрушілікті қоздыруға, адамгершілік қағидалар мен азаматтық келісімді бұзуға,

өсек-жала мен жалған пайымдарды таратуға, тұрғындар арасында дүмпу тудыруға және басқа да мемлекетке, қоғамға және адамдарға қарсы бағытталған әрекеттерге пайдалануға рұқсат етілмейді.

Терроризмге, есірткі бизнеске, ұйымдасқан қылмысқа қатысы бар діни бірлестіктер, ағымдар, секталар және пайдақорлық мақсатты көздеген басқа да ұйымдар қызметіне тыйым салынады.

Мысалы, Конституцияның 5-бабы 3-тармағында мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынады.

Жалпы алғанда, діни араздықты қоздырғаны үшін, діни ұстанымына байланысты кемсітушілік пен геноцидке және діни ұйымдардың заңсыз қызметі үшін әкімшілік (ҚК-нің 344, 374-1, 375-баптары) және қылмыстық (ӘҚБК-ның 141, 160, 164, 337-баптары) жауапкершілік қарастырылған.

10. Діни негіздегі партиялардың қызметіне, мақсаттары мен іс-әрекеті мемлекетте бір діннің үстемдігін орнықтыруға, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа үндеумен және өзге де құқыққа қарсы іс-әрекеттермен байланысты діни өшпенділікті немесе алауыздықты қоздыруға бағытталған діни бірлестіктер құруға және олардың қызметіне тыйым салынады.

Діни негізде қандай да бір өшпенділікті, алауыздықты не шиеленісті қоздыруға, азаматтардың діни сезімдеріне және басқадай сенімдеріне тіл тигізуге тыйым салынады.

Діни бірлестіктер қолданыстағы заңнама талаптарын және құқықтық тәртіпті сақтауға міндетті. Мемлекеттік құрылысқа қарсы үгіт-насихат жүргізуге, этникалық немесе діни негізде алауыздықты қоздыруға жол берілмейді және оған жауапкершілік жүктеледі.

Діни негіздегі партиялардың қызметіне дінді саясиландыруға, кейбір адамдардың немесе топтардың оны өз пайдасына пайдалануына жол бермеу мақсатында рұқсат етілмейді.

11. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген діни бірлестіктердің қызметіне, сол сияқты Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды дінге көзқарасын айқындауда, діни бірлестіктердің қызметіне, діни жораларға және (немесе) дінді оқып-үйренуге қатысуына немесе қатыспауына қандай да бір күштеп мәжбүрлеуге жол берілмейді.

Заңда Қазақстан Республикасының аумағында тіркелмеген діни бірлестіктердің қызметіне тыйым салынған.

Сонымен қатар, бұл тармақ ешкімнің өзінің дінге қатысын паш етуге міндетті еместігін білдіреді. Бұл жәйт Қазақстан Республикасы Конституциясының 19-бабы 1-тармағында: «Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы» деп көрсетілген.

Дінге, қандай да бір дінді ұстануға, діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға немесе қатыспауға қатысты кім-кімді де қандай да бір күштеп мәжбүрлеуге жол берілмейді.

12. Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға зорлық-зомбылық көрсетумен немесе олардың денсаулығына өзге де зиян келтірумен не ерлі-зайыптылардың некесін бұзумен (отбасының бұзылуымен) немесе туыстық қарым-қатынастарды тоқтатумен, имандылыққа нұқсан келтірумен, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзумен, азаматтарды Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға мәжбүрлеумен және Қазақстан Республикасының заңнамасын өзге де бұзушылықпен ұштасатын діни бірлестіктер қызметіне жол берілмейді.

Ар-ождан және діни сенім бостандығы құқығын жүзеге асыруға кедергі келтіруге, соның ішінде адамға зорлық-зомбылық көрсетумен, дінге көзқарасына байланысты азаматтардың сезімдеріне қасақана тіл тигізумен, діни үстемдікті насихаттаумен, мүлікті жоюмен немесе нұқсан келтірумен не болмаса осындай әрекеттерді жасаймын деп қоқан-лоққы жасаумен байланысты кедергі келтіруге тыйым салынады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жаза қолданылады.

13. Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды, оның ішінде қайырымдылық қызмет арқылы және (немесе) олардың діни бірлестіктерден шығуына кедергі келтіретін, оның ішінде Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың материалдық немесе өзге де тәуелділігін пайдалана отырып бопсалау, күш қолдану немесе күш қолданамын деп қоқан-лоққы жасау жолымен не алдау жолымен өз қызметіне мәжбүрлеп тартатын діни бірлестіктердің қызметіне жол берілмейді.

Бұл бап нақтылаушылық сипатқа ие. Онда азаматтарды діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға күштеп мәжбүрлеудің нақты түрлері егжей-тегжейлі көрсетілген, ал бұл әрекеттер негізінде заң бұзушылық.

14. Діни бірлестіктің қатысушыларын (мүшелерін) және дін ұстанушыларын діни бірлестіктің, оның басшылары мен басқа да қатысушыларының (мүшелерінің) пайдасына өздеріне тиесілі мүлкін иеліктен шығаруға мәжбүрлеуге жол берілмейді.

Заңның бұл ережесін қабылдау адамның негізгі құқықтарының бірі – мүлікке құқығын діни бірлестіктердің басшылары мен мүшелері тарапынан қол сұғушылықтан қорғауға шақырады. Тәжірибе жүзінде кейбір ұйым жетекшілерінің адамгершілік-психологиялық, ал кейде физикалық қысым көрсету арқылы өз ұстанушыларының ақшасын, мүлкін, пәтерлерін тартып алу оқиғасы бірнеше рет кездесті. Мұндай уақиғалар көбіне діни немесе рухани-емдік қызметін бүркемелеу арқылы жасалады.

15. Дінді және діни көзқарастарды пайдалана отырып, мемлекеттік органдардың қызметіне қасақана іріткі салуға, олардың үздіксіз жұмыс істеуінің бұзылуына, елдегі басқарушылық деңгейін төмендетуге әкеп соғатын шешімдерді қабылдауға және іс-әрекеттер жасауға жол берілмейді.

Діни бірлестіктер қолданыстағы заңнама талаптарын сақтауға міндетті. Дінді мемлекетке, конституциялық құрылысқа қарсы үгіт-насихат жүргізуге, түрлі алауыздықтарды қоздыруға пайдалануға жол берілмейді. Мемлекеттік билік пен басқарушы органдарға, лауазымды тұлғаларға қысым көрсетудің кез келгені, сондай-ақ жабық діни қызмет заң бойынша жауапқа тартылады.

16. Діни бірлестіктің басшысы кәмелетке толмағандардың ата-анасының біреуі немесе оның өзге де заңды өкілдері қарсылық білдірген кезде кәмелетке толмағандарды діни бірлестіктің қызметіне тартуға және (немесе) қатыстыруға жол бермеу шараларын қабылдауға міндетті.

Ата-аналар немесе олардың өзге де заңды өкілдері өзара келісім бойынша өздерінің балаларын өздерінің дінге көзқарасына сәйкес тәрбиелеуге құқылы.

Кәмелетке толмаған жасөспірімдерді олардың ата-аналарының немесе олардың өзге де заңды өкілдерінің еркінен тыс діни ұйымдарға тартуға, сондай-ақ діни оқытуға рұқсат етілмейді.

Балаларды діни ілімге ұйымдасқан түрде оқыту ата-аналардың немесе олардың өзге де заңды өкілдерінің келісімі бойынша жүргізіледі.

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңның 35-бабы 2-тармағы бойынша кәмелетке толмаған жасөспірімдерге қатысты діни жоралар ата-аналардың немесе олардың өзге де заңды өкілдерінің келісімімен жасалады.

2-тарау. ДІНИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

4-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

1) діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыруға және іске асыруға қатысады;

2) Қазақстан Республикасының аумағында құрылған діни бірлестіктердің, миссионерлердің, діни білім беру ұйымдарының қызметін зерделеп, оған талдау жүргізеді;

3) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша түсіндіру жұмыстарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;

4) Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

5) діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының қызметін үйлестіреді;

6) дінтану сараптамалары және діни бірлестіктерді құруға бастамашы азаматтар тізімдеріне тексеру жүргізілуін қамтамасыз етеді;

7) жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзушылықтарға қатысты өтініштерін қарайды;

8) шет мемлекеттердің діни қызмет саласындағы уәкілетті органдарымен ынтымақтастықты ұйымдастырады және жүзеге асырады;

9) республика аумағындағы шетелдік діни бірлестіктердің қызметіне, шетелдік діни орталықтардың Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктер басшыларын тағайындауына келісім білдіреді;

10) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Түсініктеме беріліп отырған Заңдағы бұл бап уәкілетті органның құзыретін белгілейді.

Бұрын діни мәселелерді реттеу саласында уәкілетті орган - 2005 жылғы 30 қаңтарда құрылған Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің, 2010 жылы наурызда Мәдениет министрлігінің қарауына берілген Діни істер комитеті болатын.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі туралы» 2011 жылғы 18 мамырдағы

№ 84 Жарлығына сәйкес аталмыш Комитет оның қызметтерін, уәкілеттілігін және мүлкін Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігіне (бұдан әрі – Агенттік) беру тәртібімен таратылды.

Агенттік Үкімет құрамына кірмейтін, конфессияаралық келісімді, азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын қамтамасыз ету және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау саласындағы мемлекеттік басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте салааралық үйлестіруді және өзінің құзыретіне жатқызылған қызмет саласындағы өзге де функцияларды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады.

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының Дін істері департаменттері Агенттіктің аумақтық органдары болып табылады.

Агенттік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасының Үкіметі 2011 жылдың 1 тамызында бекіткен Агенттік туралы №888 Ережеге, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады.

Сөйтіп, мемлекет Агенттікке азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын қамтамасыз етуге және діни бірлестіктермен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік саясатты қалыптастыру құқығын береді.

Келісім-хаттарды беру берілген келісім-хаттар журналында тіркеледі.

Одан басқа, ҚР Дін істері агенттігі және оның аумақтық органдары «Дінтану сараптамасын жүргізу» бойынша мемлекеттік қызмет көрсетеді, бұл жайында «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 6-бабына арналған түсініктемеде жан-жақты айтылатын болады.

Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) Үкімет құрамына кірмейтін, конфессияаралық келісімді, азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын қамтамасыз ету және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау саласындағы мемлекеттік басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте салааралық үйлестіруді және өзінің құзыретіне жатқызылған қызмет саласындағы өзге де функцияларды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады.

Агенттіктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында заңды тұлға болып табылатын аумақтық органдары бар.

Агенттіктің тізбесін Үкімет бекітетін ведомстволық бағынысты ұйымдары бар.

2. Агенттік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Агенттік мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Агенттік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Егер Агенттікке Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілсе, ол мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болады.

6. Агенттік өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Агенттік төрағасының немесе оны ауыстырушы тұлғаның бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Агенттіктің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

8. Агенттіктің заңды мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Орынбор көшесі, 8 үй, 15-кіреберіс.

9. Агенттіктің толық атауы – «Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі» мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Агенттіктің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Агенттік қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылады.

12. Агенттікке Агенттіктің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

3. Агенттіктің негізгі міндеттері мен функциялары

13. Агенттіктің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

2) азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын іске асыру және діни бірлестіктердің, саны аз діни топтардың және миссионерлердің қызметі саласында елде болып жатқан процестерді жан-жақты және объективті зерделеу, қорыту және талдау;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Агенттікке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

14. Агенттік қолданыстағы заңнамаға және өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) азаматтардың діни сенім бостандығы құқықтарын қамтамасыз ету және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыруға және іске асыруға қатысады;

2) діни ахуалдың дамуына, Қазақстан Республикасының аумағында құрылған діни бірлестіктердің, миссионерлердің және заңды тұлға белгілері жоқ саны аз діни топтардың қызметіне зерделеу мен талдау жүргізеді;

3) азаматтардың діни сенім бостандығы құқықтарын қамтамасыз ету мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

4) өз құзыреті шегінде реттелетін салаларда нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

5) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпараттық-насихаттау іс-шараларын жүзеге асырады;

6) азаматтардың діни сенім бостандығы құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясат мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

7) діни ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер, мемлекеттік органдар өкілдерінің, дінтанушылардың, заңгерлердің және адамның ар-ождан бостандығы құқығы саласындағы басқа да мамандардың қатысуымен дінтану сараптамаларын жүргізуді қамтамасыз етеді;

8) діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылыққа қатысты мәселелерді қарайды;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын жеке және заңды тұлғалардың, оның ішінде діни бірлестіктердің қызметіне тыйым салу жөнінде құқық қорғау органдарына ұсыныстар енгізеді;

10) діни бірлестіктермен қарым-қатынастарды реттеу саласында облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының қызметін үйлестіреді;

11) шет мемлекеттердің тиісті ұйымдарымен халықаралық байланыстар орнатады және оларды қолдайды;

12) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша ресми түсініктемелер береді;

13) заңнамада белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3. Агенттіктің қызметін ұйымдастыру

15. Агенттік және оның аумақтық органдары Агенттіктің бірыңғай жүйесін құрады.

16. Агенттікті Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Төрағаның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төрағаның орынбасарлары болады.

Төраға Агенттікке басшылықты жүзеге асырады және Агенттікке жүктелген міндеттерді орындауға және оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Агенттік Төрағасы:

1) Агенттікті Қазақстан Республикасының Парламентінде, өзге де мемлекеттік органдарда және ұйымдарда білдіреді;

2) нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келіседі және қол қояды;

3) Агенттікте сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жасауға бағытталған шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдау үшін дербес жауапты болады;

4) өзінің құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

18. Агенттік аппаратын Қазақстан Республикасының Премьер-Министрімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын жауапты хатшы басқарады.

19. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Агенттік төрағасы отставкаға шыққан жағдайда жауапты хатшының өкілеттігін тоқтатуға әкеп соқтырмайды.

20. Агенттіктің Жауапты хатшысы:

1) Агенттік Төрағасы қалыптастыратын саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді және оның актілері мен тапсырмаларын орындайды;

2) Агенттік аппаратына басшылықты жүзеге асырады: оның бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

3) Агенттік қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдастырушылық-құқықтық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

4) Агенттік Төрағасымен келісілгеннен кейін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Агенттіктің штат санының лимиті шегінде Агенттіктің, сондай-ақ Агенттіктің аумақтық органдарының құрылымын және штат санын бекітеді;

5) Агенттік Төрағасымен келісілгеннен кейін Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері және оның аумақтық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

6) Агенттіктің тәртіптік, аттестаттау және конкурстық комиссияларының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, атқарушылық және еңбек тәртібінің сақталуын, кадр қызметінің жұмысын және құжат айналымын ұйымдастыруды бақылайды;

7) Агенттіктің қызметін қамтамасыз ету және оған жүктелген міндеттерді орындау мақсатында мемлекеттік сатып алуды өткізуді ұйымдастырады;

8) Агенттік Төрағасымен келісілгеннен кейін Агенттіктің департаменттері мен басқармаларының басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

9) еңбек қатынастарының мәселелері жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, Агенттік қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

10) Агенттік Төрағасымен келісім бойынша Агенттіктің қызметкерлерін іссапарға жіберу, демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақылар төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;

11) Агенттік төрағасымен келісім бойынша еңбек қатынастарының мәселелері жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, Агенттік қызметкерлерінің тәртіптік жауапкершілігі мәселелерін шешеді;

12) Агенттіктің Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі және Агенттік төрағасы бекітетін стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

13) Агенттіктің жыл сайынғы жұмыс жоспарын және оның қызметінің нәтижелері туралы жыл сайынғы есепті әзірлеуді қамтамасыз етеді және Төрағаға бекітуге ұсынады;

14) Агенттіктің бюджеттік өтінімін дайындауды, бюджеттік өтінімді Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізетін Агенттік Төрағасына ұсынуды, сондай-ақ бюджет процесінің өзге де рәсімдерін орындауды қамтамасыз етеді;

15) Агенттік Төрағасымен келісілгеннен кейін Агенттіктің қаржыландыру жоспарларын және қаржылық есептілігін әзірлеуді қамтамасыз етеді және бекітеді;

16) мемлекеттік қызметтер көрсету регламенттері мен стандарттарын әзірлеуді ұйымдастырады;

17) Агенттіктің құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады;

18) Агенттікке келісуге келіп түскен нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша қорытындылар дайындауды ұйымдастырады;

19) өз өкілеттігі шегінде мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара қатынастарда Агенттік атынан өкілдік етеді;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықаралық шарттардың мәтіндерін дәйектейді, оларға қол қояды және қабылдайды;

21) Қазақстан Республикасының заңдарымен және Республика Президентінің актілерімен жауапты хатшыға жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

21. Жауапты хатшы өзіне жүктелген қызметтік міндеттемелерді орындау үшін:

1) Агенттік аппаратының қызметкерлеріне орындауға міндетті тапсырмалар беруге;

2) өзге мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан жауапты хатшының құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешу үшін қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды сұрауға және алуға;

3) жеке қолданылатын құқықтық актілер қабылдауға құқылы.

22. Жауапты хатшы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін жауапты болады.

23. Агенттіктің Төрағасы жанынан консультативті-кеңесші орган болып табылатын алқа құрылады. Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының ішінен алқаның саны мен дербес құрамын Агенттік төрағасы бекітеді.

24. Агенттік қызметін ұйымдастырудың өзге мәселелері, лауазымды адамдарының құқықтары мен міндеттері, оның қызметін қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшелердің құзыреті мен өкілеттігі Агенттік жұмысының регламентімен және Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелермен белгіленеді.

4. Агенттіктің мүлкі

25. Агенттік жедел басқару құқығында оқшауланған мүлікке ие болады. Агенттік мүлкі оған мемлекет берген мүлік есебінен, сондай-ақ құны Агенттіктің теңгерімінде көрсетілетін өзге мүлік есебінен қалыптасады.

26. Агенттікке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

27. Егер заңда өзгеше белгіленбесе, Агенттіктің өзіне бекітілген мүлікті және өзіне қаржыландыру жоспары бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Агенттікті қайта ұйымдастыру және тарату

28. Агенттікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2011 жылғы 1 тамыздағы № 888 қаулысымен бекітілген**

**Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің аумақтық
органдары – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі**

1. Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің Ақмола облысы Дін істері департаменті.
2. Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің Ақтөбе облысы Дін істері департаменті.
3. Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің Алматы облысы Дін істері департаменті.
4. Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің Атырау облысы Дін істері департаменті.
5. Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің Батыс Қазақстан облысы Дін істері департаменті.
6. Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің Жамбыл облысы Дін істері департаменті.
7. Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің Қарағанды облысы Дін істері департаменті.
8. Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің Қостанай облысы Дін істері департаменті.
9. Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің Қызылорда облысы Дін істері департаменті.
10. Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің Маңғыстау облысы Дін істері департаменті.
11. Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің Оңтүстік Қазақстан облысы Дін істері департаменті.
12. Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің Павлодар облысы Дін істері департаменті.
13. Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы Дін істері департаменті.
14. Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің Шығыс Қазақстан облысы Дін істері департаменті.
15. Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің Алматы қаласы Дін істері департаменті.
16. Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің Астана қаласы Дін істері департаменті.

**Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің
қарамағындағы ұйымдардың тізбесі**

1. Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің «Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы» мемлекеттік мекемесі.

2. Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің «Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы» мемлекеттік мекемесі.

Сөйтіп, мемлекет Агенттікке азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын қамтамасыз етуді іске асыруға және діни бірлестіктермен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік саясатты қалыптастыру құқығын береді.

Заңның 4-бабының 9-тармағы «шетелдік діни бірлестіктердің Республика аумағындағы қызметі, сондай-ақ шетелдік діни орталықтардың Республикадағы діни бірлестіктер басшыларын тағайындауы Республиканың тиісті мемлекеттік органдарымен келісу арқылы жүзеге асырылады» деп бекітілген ҚР Конституциясының 5-бабының 5-тармағын іске асырады.

ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 4-бабының 9-тармағын іске асыру мақсатында Агенттік **«Республика аумағындағы шетелдік діни бірлестіктердің қызметін, шетелдік діни орталықтардың Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктер басшыларын тағайындауын келісу» мемлекеттік қызмет көрсету стандартын** әзірледі. Қазіргі кезде жоба бекіту рәсімінен өтуде.

Бұл мемлекеттік қызметті ҚР Дін істері агенттігі жүргізеді деп күтілуде. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесінде мемлекеттік қызметті алушы Республика аумағындағы шетелдік діни бірлестіктердің қызметін, шетелдік діни орталықтардың Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктер басшыларын тағайындауын келісу туралы келісу хатын алады, немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жазбаша жауап алады.

Келісу хат қағаз жеткізгіште рәсімделеді.

Республика аумағындағы шетелдік діни бірлестіктердің қызметін келісу туралы мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы (не нотариалды расталған сенімхат бойынша өкіл) Агенттікке мынадай құжаттарды:

1) Республика аумағындағы шетелдік діни бірлестіктердің қызметін келісу туралы жазбаша өтінішті;

2) шетелдік діни бірлестіктің орналасқан жерін растайтын құжатты;

3) шетелдік діни бірлестіктің пайда болу тарихы мен сенім негіздерін ашатын және өзіне тиісті діни қызмет туралы мәліметтерден тұратын баспа діни материалдарды;

4) құрылтайшы-діни бірлестіктің шетел мемлекетінің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатындығын куәландыратын заңдастырылған немесе апостилирланған, мемлекеттік және орыс тіліне аударылғандығын нотариалды куәландыратын құжатты ұсынады.

Келісім хаттың берілуі берілген келісім хаттар журналында тіркеледі.

Түсінік берілген бапты бұзғаны үшін жауапкершілік көзделген. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР Кодексінің 375-бабының 7-тармағына сәйкес, уәкілетті органның келісуінсіз шетелдік діни орталық тағайындаған адамның діни бірлестікті басқаруы – Қазақстан Республикасының азаматтарына – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Республиканың шегінен әкімшілік жолмен шығарып жібере отырып, елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша құзыреті

Діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) өңірдегі діни ахуалға зерделеу және талдау жүргізеді;
2) уәкілетті органға Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) жергілікті деңгейде өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

4) діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекітеді, сондай-ақ ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни жораларды өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын келіседі;

5) уәкілетті органмен келісе отырып, ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу туралы, олардың орналасатын жерін анықтау, сондай-ақ үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешімдер қабылдайды;

6) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасы жергілікті атқарушы органдарға жүктейтін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Түсінік берілген бапта көрсетілген мәселелермен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдері аппаратындағы діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл мәселелері жөніндегі бөлімшелер айналысады.

Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстарды уәкілетті

органға сол жердегі жағдаймен тікелей таныс жергілікті атқарушы органдар енгізеді.

Олар жергілікті деңгейде түсіндіру жұмыстары бағытындағы негізгі жүктемені орындайды, сондай-ақ 4-6 тармақшаларында көрсетілген жұмысты атқарады.

Жергілікті атқарушы органдар оларға жүктелген міндеттерді іске асыру және өздерінің функцияларын жүзеге асыру үшін белгіленген заңнамалық тәртіпте:

- мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұратуға және алуға;

- діни бірлестіктерді құру және олардың қызметі, сондай-ақ азаматтардың діни наным бостандығын қамтамасыз ету саласында нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізуге;

- құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдармен оның құзыретіне жататын мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасауға;

- олардың құзыретіне жататын мәселелер бойынша мәжілістер, семинарлар, конференциялар, «дөңгелек үстелдер» және өзге де отырыстар өткізуге;

- қызмет бағыттары бойынша консультациялық-кеңесші органдар (жұмыс топтарын, комиссияларды, кеңестерді) құруға;

- Қазақстанның заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның 5-бабы 5-тармағының негізінде Агенттік **«Дін қызметі саласындағы құзыретті органмен келісу бойынша ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін анықтау, сондай-ақ үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешімдер беру» мемлекеттік қызмет стандартын** әзірледі. Қазіргі кезде жоба бекіту рәсімінен өтуде.

Аталған қызметті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының сәулет және қала құрылысы басқармалары ҚР Дін істері агенттігінің аумақтық органдарымен және облыстық маңызы бар қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдарының сәулет және қала құрылысы бөлімдерімен келісу бойынша жүргізу қажет деп жобаланып отыр.

**«Дін қызметі саласындағы құзыретті органмен келісу
бойынша
ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың
орналасатын жерін анықтау, сондай-ақ үйлерді
(ғимараттарды)
ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу
(функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешімдер беру»
мемлекеттік қызмет стандарты**

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметті мекенжайлары осы Стандартқа 1 қосымшада көрсетілген облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдардың сәулет және қала құрылысы басқармалары (бұдан әрі – басқармалар) Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің аумақтық органдар (бұдан әрі – аумақтық органдар) және облыстық маңызы бар қалалар мен аудан жергілікті атқарушы органдардың сәулет және қала құрылысы бөлімдерімен келісу бойынша көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет 2011 жылғы 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабының 5) тармақшасы негізінде жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат мекенжайлары осы Стандартқа 1 қосымшада көрсетілген облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдарының интернет-ресурстарында орналастырылған.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесінде мемлекеттік қызметті алушы ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін анықтау туралы шешім немесе үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім не қызмет көрсетуден бас тарту туралы қағаз жеткізгіште дәлелденген жауап алады.

6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (мемлекеттік қызметті алушылар) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызметті алушы осы стандарттың 11-тармағында белгіленген қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін анықтау туралы шешім алу үшін – отыз күнтізбелік күнін;

үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалды мақсатын өзгерту) туралы шешім алу үшін – отыз күнтізбелік күнін құрайды;

2) өтініш жасаған күні құжаттарды қабылдау кезінде мемлекеттік қызметті алушының күтуі үшін рұқсат етілетін ең көп уақыт – 30 минут;

3) мемлекеттік қызметті алушыға өтініш жасаған күні сол жерде көрсетілетін қызмет көрсету үшін рұқсат етілетін ең көп уақыт –30 минуттан кем емес.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Басқармалардың жұмыс кестесі: «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңында белгіленген демалыс және мереке күндерінен басқа, жұмыс күндері, сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліспен ұсынылады.

Қабылдау кезек тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

10. Мемлекеттік қызмет басқармалардың ғимаратында көрсетіледі. Басқармалардың үй-жайларында жеке кіретін есігі, күту және құжаттарды дайындау залы, күту орындары, толтырылған бланк үлгілері бар ақпараттық стенділер болады. Мүмкіндігі шектеулі мемлекеттік қызметті алушыларға қызмет көрсету үшін жағдай көзделген.

11. Мемлекеттік қызметті көрсетуден кейін ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу үшін жер учаскелерін беру, сонымен қатар құрылыс пен қолданыстағы ғимараттарды өзгерту (қайта бейіндеу) үшін рұқсат беру, жер заңдары мен сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі заңдары саласының негізінде жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

12. Мемлекеттік қызметті алушылар ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін анықтау туралы шешім алу үшін мынадай құжаттарды:

1) осы Стандарттың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішін;

2) салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқасын міндетті түрде ұсына отырып, салық төлеушінің тіркеу нөмірінің көшірмесін;

3) жеке тұлғалар үшін – салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқасын міндетті түрде ұсына отырып, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірме немесе заңды тұлғалар үшін – салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқасын міндетті түрде ұсына отырып, заңды тұлға мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесін ұсынады.

Мемлекеттік қызметті алушылар үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім алу үшін мынадай құжаттарды:

1) осы Стандарттың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішін;

2) жеке тұлғалар үшін – салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқасын міндетті түрде ұсына отырып, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірме немесе заңды тұлғалар үшін – салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқасын міндетті түрде ұсына отырып, заңды тұлға мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесін;

3) салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқасын міндетті түрде ұсына отырып, жылжымайтын мүлік объектіге меншік құқығын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

4) жылжымайтын мүлік объектіге ауыртпалықтардың жоқ екендігі туралы анықтаманы;

5) салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқасын міндетті түрде ұсына отырып, жылжымайтын мүлік объектісіне техникалық паспортты ұсынады.

13. Өтініштер үлгісі мекенжайлары осы Стандартқа 1 қосымшада көрсетілген облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдарының интернет-ресурстарында орналастырылған.

14. Мемлекеттік қызметті алуға қажетті құжаттар мекенжайлары осы Стандартқа 1-қосымшада көрсетілген басқармаларға тапсырылады.

15. Басқармалар құжаттамалық қамтамасыз ету қызметінің тіркеу мөртабаны (кіріс нөмірі, күні) қойылған мемлекеттік қызметті алушы өтінішінің көшірмесі осы Стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттардың өткізілгендігін растау болып табылады.

16. Мемлекеттік қызметті алушыға (не сенімхат бойынша өкілге) шешім осы Стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайларға жеке өзі келгенде беріледі немесе мемлекеттік қызметті алушыға көрсетілген мекен-жайдағы пошта арқылы жіберіледі.

17. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың негіздемесі:

1) осы Стандарттың 12-тармағында көзделген құжаттардың толық пакетін ұсынбауы;

2) осы Стандарттың 12-тармағында көзделген құжаттарда дұрыс емес мәліметтер ұсынуы;

3) құжаттар тиісінше ресімделмеуі;

4) аумақтық органның келісуінің болмауы.

3. Жұмыс қағидаттары

18. Басқармалар мемлекеттік қызметтерді ұсыну кезінде мынадай: адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарының

сақталуы, заңдылықтың сақталуы, көрсетілетін қызмет туралы толық ақпараттың берілуі, әдептілік, құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, ақпаратты қорғау және құпиялылығын сақтау қағидаттарын басшылыққа алады.

4. Жұмыс нәтижелері

19. Мемлекеттік қызметті алушыларға мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелері осы стандартқа 5-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Басқармалардың бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапасы мен тиімділігі көрсеткіштерінің нысаналы мәні жыл сайын жергілікті атқарушы органдардың бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

21. Басқармалардың қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіру, сондай-ақ шағымды дайындауда жәрдем көрсету осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар арқылы жүзеге асырылады.

22. Көрсетілген қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым жазбаша нысанда пошта бойынша не қолма-қолосы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген байланыс деректері арқылы (мекенжайлар мен телефондар) басқармабасшысының атына беріледі.

23. Мемлекеттік қызметті ұсыну кезінде мемлекеттік қызметті алушыларға лайықсыз қызмет көрсетілген жағдайда басқармалар қызметкерлерінің әрекетіне шағым жазбаша нысанда пошта бойынша не қолма-қол осы стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша басқармабасшысының атына беріледі.

24. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

25. Мемлекеттік қызметті алушының шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты, ұйымның атауы (заңды тұлғалар үшін) пошталық мекенжайы көрсетіледі. Шағымға тұтынушы қол қоюға тиіс.

26. Шағымды басқармалардың құжаттамалық қамтамасыз ету қызметі тіркейді. Шағым беруші адамға өтініштің тіркелген уақыты мен күні, өтінішті қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, шағымға жауап алу мерзімі көрсетілген қолхат беріледі. Шағымның қаралу барысы туралы ақпаратты басқармалардың құжаттамалық қамтамасыз ету қызметінің қызметкерлер ұсынады.

Шағымдарды қарау «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12

қаңтардағы № 221 Заңында белгіленген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

6-бап. Дінтану сараптамасы

1. Уәкілетті орган мынадай негіздер бойынша дінтану сараптамасын жүргізуді қамтамасыз етеді:

1) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың уәкілетті органға өтініштері;

2) Қазақстан Республикасы ұйымдарының кітапхана қорларына, сондай-ақ уәкілетті органға діни әдебиеттің, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдардың келіп түсуі;

3) жеке тұлғалардың миссионер ретінде тіркеу және діни бірлестіктерді тіркеу туралы өтініші;

4) жеке өзі пайдалануға арналған материалдарды қоспағанда, діни мазмұндағы ақпараттық материалдардың әкелінуі;

5) уәкілетті орган басшысының бұйрығы.

2. Құрылтай құжаттары, сондай-ақ діни мазмұндағы басқа да құжаттар, діни білім беру бағдарламалары, діни мазмұндағы ақпараттық материалдар мен діни мақсаттағы заттар дінтану сараптамасы объектілеріне жатады.

3. Дінтану сараптамасын дінтану саласында арнайы білімі бар адамдар, қажет болған жағдайда мемлекеттік органдардың өкілдерін және өзге де мамандарды тарта отырып, жүргізеді.

4. Дінтану сараптамасын жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Дінтану сараптамасы (бұдан әрі – сараптама) құрылтай құжаттардың, сондай-ақ діни мазмұндағы өзге де құжаттардың, діни білім беру бағдарламаларының, діни мазмұндағы ақпараттық материалдар мен діни мақсаттағы заттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін анықтау мақсатында жүргізіледі.

Сараптаманың ұйымдастырылуын және/немесе жүргізілуін уәкілетті орган атқарады. 1992 жылғы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңмен салыстырғанда, бұл ретте сараптама нәтижелері мемлекеттік органдар үшін – ең алдымен, діни бірлестіктерді тіркеу кезінде оларды тіркеу немесе тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдауға негіз болып табылуы жаңашылдық болып табылады.

Дінтану сараптамасы «Дінтану сараптамасын жүргізу қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерін күші жойылған деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 ақпандағы № 209 Қаулысымен бекітілген Дінтану сараптамасын жүргізу қағидалары негізінде жүргізіледі.

Дінтану сараптамасын жүргізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Дінтану сараптамасын жүргізу қағидалары «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11қазандағы Заңына сәйкес әзірленді және дінтану сараптамасын жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Дінтану сараптамасы (бұдан әрі – сараптама) құрылтай құжаттардың, сондай-ақ діни мазмұндағы басқа да құжаттардың, діни білім беру бағдарламаларының, діни мазмұндағы ақпараттық материалдар мен діни мақсаттағы заттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін анықтау мақсатында жүргізіледі.

3. Сараптаманың жүргізілуін діни қызмет саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган (бұдан әрі – Уәкілетті орган) және оның аумақтық бөлімшелері қамтамасыз етеді.

2. Сараптаманың міндеттері

4. Сараптама міндеттері:

1) діни бірлестік ұсынған құрылтай құжаттары, діни ілім мен діни жоралар туралы мәліметтер негізінде объект мазмұнының нақты діни ілімге тиесілігін анықтау, объект мазмұнын бағалау;

2) діни бірлестік мемлекеттік тіркелу (қайта тіркелу) кезінде оның нақты қызметінің сәйкестігін тексеру;

3) сараптама объектісі мазмұнының Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңнамасының нормаларына сәйкестігін анықтау болып табылады.

Сараптама жүргізу кезінде діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) және олардың қызметін бақылауды жүзеге асыру кезінде туындайтын және сараптамалық бағалауды талап ететін басқа да мәселелер қаралуы мүмкін.

3. Сараптама объектісі

5. Сараптама объектілеріне:

1) діни бірлестіктердің құрылтай құжаттары;

2) діни мазмұндағы құжаттар (діни бірлестіктердің құрылымын, діни ілімінің негіздерін, діни практикасын айқындайтын құжаттар, сондай-ақ діни қызметтің нысандары мен әдістерін сипаттайтын құжаттар);

3) діни білім беру бағдарламалары;

4) діни мазмұндағы ақпараттық материалдар мен әдебиет;

5) діни мақсаттағы заттар жатады.

4. Сараптама субъектісі

6. Сараптаманың субъектілері:

1) іріктеуді Уәкілетті орган жүзеге асыратын басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктер өкілдері, дінтанушылар, заңгерлер және басқа да мамандар арасынан тартылатын сарапшылар;

2) Уәкілетті орган консультанттар ретінде тартқан діни бірлестіктердің өкілдері;

3) Уәкілетті орган басқа мемлекеттерден, шетелдік және халықаралық ұйымдардан сарапшылар ретінде тартқан мамандар;

4) Уәкілетті орган бөлімшелерінің дін саласында арнайы білімі бар қызметкерлері болып табылады.

7. Уәкілетті орган сараптама жүргізу үшін кеңесші-талдау органдарын (сараптамалық кеңес, сараптамалық топтар) құра алады.

5. Сараптаманы жүргізу негіздері

8. Сараптама жүргізудің негіздері:

1) Уәкілетті органға жеке және (немесе) заңды тұлғалардың өтініштері;

2) Қазақстан Республикасының кітапхана қорларына, сондай-ақ Уәкілетті органға діни әдебиеттің, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдардың келіп түсуі;

3) жеке тұлғалардың миссионер ретінде тіркеу (қайта тіркеу) және діни бірлестіктерді тіркеу үшін өтініштері;

4) жеке өзі пайдалануға арналған материалдарды қоспағанда, діни мазмұндағы ақпараттық материалдардың Қазақстан Республикасының аумағына әкелінуі;

5) Уәкілетті орган басшысының бұйрығы болып табылады.

9. Уәкілетті орган сараптама жүргізуге материалдар келіп түскен сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде:

1) сараптамаға ұсынылған материалдың сот шешімімен Қазақстан Республикасының аумағында қызметіне тыйым салынған діни бірлестікке (ұйымға) жататындығын не жатпайтындығын;

2) сараптамаға ұсынылған материалдың сот шешімімен Қазақстан Республикасының аумағында еңбектеріне тыйым салынған авторға тиесілі екендігін не тиесілі еместігін;

3) сараптамаға ұсынылған материалдың (оның ішінде анонимдік) сот шешімімен Қазақстан Республикасының аумағында таратылуына тыйым салынғандығын не салынбағандығын;

4) сараптамаға ұсынылған материалдың Қазақстан Республикасы таныған және ратификациялаған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының орындауы үшін міндетті болып табылатын халықаралық немесе мемлекетаралық актілермен қызметіне тыйым

салынған діни бірлестікке (ұйымға) тиесілі екендігін не тиесілі еместігін;

5) сараптамаға ұсынылған материалдың авторы халықаралық-құқықтық актілерге сәйкес бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы қылмысы үшін, оның ішінде экстремистік және террористік әрекеті үшін сотталған адам болып табылатындығы жөнінде мәліметтердің бар-жоғын;

6) ұсынылған материалды Қазақстан Республикасы таныған және ратификациялаған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының орындауы үшін міндетті болып табылатын халықаралық немесе мемлекетаралық актілермен таратуға тыйым салынғандығы туралы мәліметтердің бар-жоғын;

7) ұсынылған материалдың толық жинақталмаған (ақаулы, ішінара немесе толығымен зақымдалған болып табылатындығын не табылмайтындығын);

8) ұсынылған материалдың мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі тең түпнұсқалы аудармасының болмауын тексереді.

Жоғарыда көрсетілген жағдайлардың болуы сараптама жүргізуден бас тартуға негіз болып табылады, бұл туралы сұрау салып жүгінген тарапқа жазбаша хабарланады.

6. Сараптаманы жүргізудің тәртібі мен шарттары

10. Уәкілетті орган сараптама жүргізу туралы шешім қабылдайды, сондай-ақ сараптама жүргізу үшін сарапшыны (сарапшыларды) белгілейді.

11. Сараптама жүргізуді Уәкілетті орган бір немесе бірнеше сарапшыға (сараптама комиссиясына) тапсыруы мүмкін.

12. Сараптама объектісі бойынша әр түрлі мамандықтағы сарапшылар кешенді сараптама жүргізуі мүмкін.

13. Уәкілетті орган сарапшыға (сарапшыларға) сараптамаға жататын объектіні және сарапшыға (сарапшыларға) қойылған сұрақтар тізбесін жолдайды.

14. Сараптама Уәкілетті органға сараптама объектісі келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде жүргізіледі.

15. Сараптаманы жүргізу үшін сарапшының (сарапшылардың) қосымша материалдар мен ақпараттарды зерделеуі қажет болған жағдайда, сараптаманы жүргізу мерзімі күнтізбелік отыз күнге ұзартылуы мүмкін. Уәкілетті орган мұндай шешім қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде сұрау салумен жүгінген тарапқа жазбаша хабарлайды.

16. Уәкілетті орган мүдделі діни бірлестіктерге, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктерге сұрау салулар жіберу арқылы сарапшыға (сарапшыларға) қосымша материалдар мен ақпараттар алуға жәрдем

көрсетеді. Халықаралық ұйымдарға тиісті сұрау салулар Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі арқылы жолданады.

17. Уәкілетті орган тұрақты ақпараттық қор қалыптастыру мақсатында сараптама объектісінің бір данасын өзінде қалдырады.

18. Сараптама жүргізу барысында сарапшы (сарапшылар):

1) Уәкілетті орган қойған сұрақтар бойынша дәлелді, ғылыми негізді, объективті және толық сараптама қорытындысын дайындайды;

2) сараптама жүргізу үшін ұсынылған сараптама объектісі, материалдар мен ақпараттар туралы мәліметтерді жария етпейді, сондай-ақ оларға жария баға беруден тартынады;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын және әдеп қағидаларын қатаң сақтайды.

19. Сараптама жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, сондай-ақ оны жүргізуге кедергі келтіретін жағдайлар туындаған кезде, сарапшы (сарапшылар) бұл туралы Уәкілетті органға мұндай жағдайлар анықталған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлайды.

20. Сараптама қорытындысында мыналар көрсетіледі:

1) сараптама жүргізген ұйым немесе тұлға;

2) сарапшының құзыреттілігін (мамандығы, ғылыми дәрежесі) көрсететін деректер;

3) сараптама объектісінің діни бағыты;

4) сараптама объектісінің атауы (әдебиет авторы, баспа, шыққан жылы);

5) сараптама объектісінің саны (дана есебімен), көлемі (бет саны), тілі;

6) қойылған сұрақтардың негізделген және толық жауаптары.

Сараптама қорытындысында сараптама объектісі бойынша қосымша мәліметтер көрсетілуі мүмкін.

Сараптама қорытындысы сараптама объектісінің Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға және таратылуға ұсынылатыны немесе ұсынылмайтыны көрсетілетін сарапшының тұжырымын қамтиды.

Егер дінтану сараптамасының объектісі діни бірлестіктердің мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) кезінде ұсынған құрылтай құжаттары болып табылса, онда сараптама қорытындысында сарапшы құрылтай құжаттары деректерінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келетінін немесе сәйкес келмейтінін көрсетеді.

21. Сараптама қорытындысы сараптама жүргізген ұйымның фирмалық бланкісінде дайындалады. Сараптаманы жеке тұлға жүргізген жағдайда, қорытындыда сарапшының қолы қойылуы тиіс.

22. Діни бірлестік ұсынған құжаттарға сараптама жүргізу кезінде діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) мерзіміне үзіліс жасалады.

23. Миссионерлер ұсынған материалдарға сараптама жүргізу кезінде миссионерлерді тіркеу мерзімі тоқтатыла тұрады.

24. Қылмыстық, азаматтық істер және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша сараптаманы тағайындау ерекшеліктері тиісті заңнамалық актілермен реттеледі.

25. Сараптама қорытындылары ұсыныстық сипатқа ие болады.

26. Сараптама нәтижелері Уәкілетті органның ресми сайтында жариялануы тиіс.

7. Қорытынды ережелер

27. Сараптама қорытындысы негізінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес діни бірлестікті мемлекеттік тіркеуге (қайта тіркеуге) қатысты тиісті шешім қабылдайды.

28. Уәкілетті орган (оның аумақтық бөлімшелері) сараптама қорытындысының негізінде Қазақстан Республикасының аумағында миссионерлік қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды миссионер ретінде тіркеуге (қайта тіркеуге) қатысты шешімді қабылдайды.

29. Сараптаманы жүргізуді қаржыландыру Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына және мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының және «Дінтану сараптамасын жүргізу ережесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерін күші жойылған деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 ақпандағы № 209 Қаулысының негізінде Агенттік **«Дінтану сараптамасын жүргізу» мемлекеттік қызмет көрсету стандартын** әзірледі, қазіргі уақытта құжатты бекіту рәсімі жүріп жатыр.

Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі және оның аумақтық органдары көрсетеді. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесінде мемлекеттік қызметті алушы сараптамалық қорытындыны қағаз жүзінде немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы жазбаша дәлелді жауап алады.

Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы (не нотариалды расталған сенімхат бойынша өкіл) Агенттікке және оның аумақтық органдарына мынадай құжаттарды:

1) осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес өтініш немесе жеке тұлғалардың миссионер ретінде тіркеу (қайта тіркеу) және діни бірлестіктерді тіркеу үшін өтініштерін;

2) жеке басты куәландыратын құжат көшірмесін – жеке тұлғалар үшін;

3) діни бірлестіктердің құрылтай құжаттарын;

4) діни мазмұндағы құжаттарды (діни бірлестіктердің құрылымын, діни ілімінің негіздерін, діни практикасын айқындайтын құжаттар, сондай-ақ діни қызметтің нысандары мен әдістерін сипаттайтын құжаттар);

5) діни білім беру бағдарламаларын;

6) діни мазмұндағы ақпараттық материалдар мен әдебиетд3;

7) діни мақсаттағы заттарды;

8) ұсынылған материал шет тілінде болған жағдайда, оның мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі теңтүпнұсқалы аудармасының дұрыстығын Қазақстан Республикасында нотариат куәландырған және аударманы жүзеге асырған аудармашы қолының түпнұсқалығын Қазақстан Республикасында нотариат куәландырған түрінде ұсынады.

Агенттік және оның аумақтық органдары мемлекеттік қызметті ұсыну кезінде адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарының сақталуы, заңдылықтың сақталуы, көрсетілетін қызмет туралы толық ақпараттың берілуі, әдептілік, құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, ақпараттың қорғалуы және құпиялылығы қағидаттарын басшылыққа алады.

3-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ДІНИ ҚЫЗМЕТ

7-бап. Діни жоралар мен рәсімдер

1. Діни бірлестіктер құлшылық ету орындарын ұстауға құқылы.

2. Құдайға құлшылық ету, діни жоралар, рәсімдер және (немесе) жиналыстар ғибадат үйлерінде (ғимараттарында) және оларға бөлінген аумақта, құлшылық ету орындарында, діни бірлестіктер мекемелері мен үй-жайларында, зираттар мен крематорийлерде, жақын жерде тұратын адамдардың құқықтары мен мүдделері сақталған жағдайда тұрғын жайларда, қажет болған кезде қоғамдық тамақтандыру объектілерінде бөгетсіз жүргізіледі (жасалады). Өзге жағдайларда діни іс-шаралар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Құдайға құлшылық етуді, діни жораларды, рәсімдерді және (немесе) жиналыстарды өткізуге (жасауға), сондай-ақ миссионерлік қызметті жүзеге асыруға:

1) осы баптың 2 және 4-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың;

2) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, сот және құқық қорғау органдарының, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен, жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қорғаумен байланысты басқа да қызметтердің;

3) діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарының аумағында және ғимараттарында жол берілмейді.

4. Қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнайы мекемелерде ұсталатын, жазаны орындайтын мекемелерде отырған, қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерде әлеуметтік қызмет көрсетуден өтетін, стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының емделушілері болып табылатын адамдарға олардың немесе олардың туысқандарының тілегі бойынша салт жораларының қажеттілігі жағдайында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген діни бірлестіктердің діни қызметшілері шақырылады. Бұл ретте діни жораларды, рәсімдерді және (немесе) жиналыстарды өткізу аталған ұйымдардың қызметіне кедергі келтірмеуге, басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбауға тиіс.

Түсінік берілген бапта діни бірлестіктердің аталған объектілерде бөгетсіз жүргізілетін құдайға құлшылық ету, діни жоралар, рәсімдер

және (немесе) жиналыстарды өткізумен байланысты негізгі құқықтары туралы айтылады.

Зираттар мен крематорийлерде, тұрғын-жайларда, қажет болған кезде қоғамдық тамақтандыру объектілерінде діни іс-шараларды өткізу кезінде жақын жерде тұратын адамдардың құқықтары мен мүдделері сақталған жөн.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы кодексінің 375-бабын бұзбас үшін діни жораларды ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жүргізуді жергілікті билік органдарымен келісу қажет.

Қоғамдық Құдайға құлшылық ету, діни жоралар мен рәсімдерді өзге орындарда (ашық аумақтарда, қоғамдық орындарда) жүргізуге жергілікті билік органдарының алдын ала рұқсатымен Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрацияларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Заңында белгіленген нормаларды сақтаған кезде жол беріледі.

Түсінік берілген баптың 3-тармағында белгіленген, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың аумағында және ғимараттарында Құдайға құлшылық ету, діни жоралар мен рәсімдерді және (немесе) жиналыстарды өткізуге, сондай-ақ миссионерлік қызметті жүзеге асыруға жол берілмеу бірқатар факторлармен түсіндіріледі. Ең алдымен, бұл «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңда белгіленген талаптарды сақтау қажеттілігі, оған сәйкес «Мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын сақтауға міндетті» (9-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы).

Аталған нақты жағдайда мемлекеттік органдардың қызметіне басқа біреулерді 7-ң жеке діни нанымдары мен құмартушылықтарын енгізудің заңсыздығы туралы айтылады.

Ұқсас шектеулер Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексінің (Мемлекеттік қызметшілер қызмет этикасының қағидалары) 2-тарауының 7-тармағында қамтылған.

Құдайға құлшылық етуді, діни жораларды, рәсімдерді Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, сот және құқық қорғау органдарының, басқа қызметтердің аумағында және ғимараттарында өткізуге жол берілмеуі – аталған ұйымдарда арнайы режимдік тәртіптердің болуымен, оларды сақтау конституциялық құрылысты, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандығын, халықтың денсаулығын сақтаумен байланысты.

Құдайға құлшылық етуді, діни жораларды, рәсімдерді өткізуге, сондай-ақ миссионерлік қызметті жүзеге асыруға діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарының аумағында және ғимараттарында жол берілмеуі, Қазақстандағы білім беру және тәрбиелеу жүйесі зайырлы сипатқа ие, және рухани (діни) білім беру

ұйымдарын қоспағанда дін мен діни бірлестіктерден бөлінгендікке негізделген.

Коммерциялық құрылымдарға (банктерге, дүкендерге, вокзалдарға, әуежайларға және т.с.с.) аталған баптың 3-тармағында жазылған шектеулер қолданылмайтынын ерекше атап өту керек.

8-бап. Миссионерлік қызмет

1. Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар миссионерлік қызметті тіркеуден өткеннен кейін жүзеге асырады.

2. Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын адамдарды тіркеуді уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері құжаттар ұсынылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде жүргізеді. Миссионер ұсынған материалдар бойынша қорытынды алу үшін дінтану сараптамасын жүргізу кезінде тіркеу мерзімі тоқтатыла тұрады.

3. Қазақстан Республикасының аумағындағы миссионерлер уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде жыл сайын қайта тіркеуден өтуге міндетті.

4. Миссионерлер тіркелу үшін уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне мынадай құжаттар мен материалдарды:

1) паспортының немесе жеке куәлігінің көшірмесін;
2) миссионерлік қызмет аумағы мен мерзімі көрсетілген өтінішті;

3) діни бірлестіктің атынан миссионерлік қызметті жүзеге асыру құқығына діни бірлестік берген құжатты;

4) миссионер өкілі болып табылатын діни бірлестікті Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің және оның жарғысының көшірмесін;

5) миссионерлік қызметке арналған діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды ұсынады.

Қазақстан Республикасындағы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар миссионер ретінде тіркеу үшін уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне мынадай құжаттарды:

1) миссионер оның атынан өкілдік ететін діни бірлестіктің шет мемлекеттің заңнамасы бойынша ресми тіркелгендігін куәландыратын заңдастырылған немесе апостиль қойылған құжатты;

2) Қазақстан Республикасында тіркелген діни бірлестіктің шақыруын қосымша ұсынады.

Шет мемлекеттер берген құжаттардың қазақ және орыс тілдеріне аудармасының дұрыстығы Қазақстан Республикасында нотариат куәландырған және аударманы жүзеге асырған

аудармашы қолының түпнұсқалығы Қазақстан Республикасында нотариат куәдандырған түрде табыс етіледі.

5. Миссионер ретінде тіркеуден өту үшін құжаттар ұсынған Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды дінтану сараптамасының теріс қорытындысы негізінде, сондай-ақ, егер оның миссионерлік қызметі конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпке, адамның құқытары мен бостандығына, халықтың денсаулығы мен имандылығына қатер төндіретін болса, тіркеуден бас тартылады.

6. Миссионерлердің діни мазмұндағы материалдарды және діни мақсаттағы заттарды пайдалануына дінтану сараптамасының оң қорытындысын алғаннан кейін ғана жол беріледі.

7. Миссионерлік қызметті тіркеусіз жүзеге асыруға тыйым салынады.

Миссионерлік қызмет ұғымы түсінік берілген Заңның 1-бабының 1) тармақшасында сипатталған, оған сәйкес миссионерлік қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, Қазақстан Республикасында тіркелген діни бірлестіктердің атынан Қазақстан Республикасының аумағында діни ілімді таратуға бағытталған қызметі.

Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың тіркеуден (қайта тіркеуден) өткізу тәртібі түсінік берілген бапта, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 ақпандағы № 211 Қаулысымен бекітілген «Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын адамдарды тіркеуді және қайта тіркеуді жүргізу» мемлекеттік қызмет стандартында белгіленген.

Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің ресми мәліметтеріне сәйкес, 2012 жылдың 2-тоқсанында 237 шетелдік миссионерлер тіркелген, оның ішінде 6 – ислам, 51- православтық, 172 – католиктік, 8 – протестанттық және дәстүрлі емес діни бірлестіктерді білдіреді.

«Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды тіркеуді және қайта тіркеуді жүргізу» мемлекеттік қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметті мекенжайлары осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің аумақтық департаменттері (бұдан әрі – Департаменттер) көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы Заңының 8-бабы негізінде жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат Үкіметтің www.e.gov.kz электрондық порталында, Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің www.din.gov.kz интернет-ресурсында, Департаменттердің ақпараттық стенділерінде орналастырылған.

5. Миссионерді тіркеу және қайта тіркеу туралы куәлік (бұдан әрі – куәлік) беру не куәлік беруден бас тарту туралы дәлелді жауап көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі болып табылады.

Куәлік осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша түрде қағаз жеткізгіште ресімделеді.

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ тұлғаларға (бұдан әрі – тұтынушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімі:

тұтынушы осы стандарттың 15-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап – күнтізбелік отыз күн;

тұтынушы ұсынған материалдар бойынша қорытынды алу үшін дінтану сараптамасын жүргізу кезінде тіркеу немесе қайта тіркеу мерзімі тоқтатыла тұрады. Сараптама Департаменттерге сараптама объектісі келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде жүргізіледі. Сараптама жүргізу үшін сарапшының (сарапшылардың) қосымша материалдар мен ақпаратты зерделеуі қажет болған жағдайда, сараптама жүргізу мерзімі күнтізбелік отыз күнге ұзартылуы мүмкін.

2) тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейінгі күтудің рұқсат берілген ең көп уақыты – 40 минуттан аспайды;

3) тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең көп уақыты – 30 минуттан аспайды;

4) куәлікті алу кезіндегі күту уақыты – 1 сағаттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызметтегі көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызмет күн сайын осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген Департаменттердің жұмыс кестесіне сәйкес көрсетіледі.

Қабылдау кезек тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

10. Мемлекеттік қызмет Департамент ғимаратында жүзеге асырылады. Үй-жай режимі: ғимаратқа кіру есігі бөлек рұқсаттама бюросы беретін бір жолғы рұқсаттама бойынша жүзеге асырылады. Бір жолғы рұқсаттама Департаменттің тікелей қызмет көрсетуші лауазымды адамының телефон арқылы берген өтінімі бойынша ресімделеді.

Құқық тәртібін сақтау үшін ғимаратта тәулік бойы күзет бекеті, өртке қарсы сигнализация және басқа да қауіпсіздік шаралары көзделген. Кіреберістің алды мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған пандустармен жабдықталған.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Тұтынушы (не сенімхат бойынша өкіл) мемлекеттік қызметті алу үшін департаменттерге мынадай құжаттарды:

- 1) паспорттың немесе жеке куәліктің көшірмесін;
- 2) миссионерлік қызмет аумағы мен мерзімі көрсетілген өтінішті;
- 3) діни бірлестік берген діни бірлестіктің атынан миссионерлік қызметті жүзеге асыру құқығын беретін құжатты;

4) миссионер өкілі болып табылатын діни бірлестіктің Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің және оның жарғысының көшірмелерін;

5) миссионерлік қызметке арналған діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды ұсынады.

Қазақстан Республикасындағы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар миссионер ретінде тіркелу үшін Департаменттерге қосымша мынадай құжаттарды:

миссионер өкілдік етіп отырған діни бірлестіктің шет мемлекеттің заңнамасы бойынша ресми тіркелгенін куәландыратын заңдастырылған немесе апостиль қойылған құжатты;

Қазақстан Республикасында тіркелген діни бірлестіктің шақыру құжатын ұсынады.

Шет мемлекеттер берген құжаттардың қазақ және орыс тілдеріне аудармасының дұрыстығы Қазақстан Республикасында нотариалды куәландырылған және аударманы жүзеге асырған аудармашының қолының түпнұсқалығы Қазақстан Республикасында нотариалды куәландырылған түрінде табыс етіледі.

Тұтынушы көрсетілген құжаттарды ұсынған кезде паспортын немесе жеке басын куәландыратын өзге де құжатты көрсетеді.

12. Өтініш үлгісі Үкіметтің www.e.gov.kz электрондық порталында, Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің www.din.gov.kz интернет ресурсында және осы стандартқа 3-қосымшада көрсетілген Департаменттердің ақпараттық стенділеріне орналастырылған.

13. Мемлекеттік қызметті алуға қажетті құжаттар мекенжайлары осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген департаменттерге тапсырылады.

14. Департаменттің тіркеу мөртабаны (кіріс нөмірі, күні) қойылған тұтынушы өтінішінің көшірмесі құжаттар мен заттардың өткізілгендігін растау болып табылады.

15. Тұтынушыға (не сенімхат бойынша өкілге) куәлік осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайларға жеке өзі келгенде беріледі.

Куәліктің берілуі берілген куәліктер журналында тіркеледі.

16. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартудың негізі:

1) осы стандарттың 11-тармағында көзделген құжаттардың толық пакетін ұсынбау;

2) осы стандарттың 11-тармағында көзделген құжаттарда дұрыс емес мәліметтер ұсыну;

3) дінтану сараптамасының теріс қорытындысы болып табылады сондай-ақ егер миссионерлік қызмет конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпке, адамның құқықтары мен бостандықтарына, халықтың денсаулығы мен имандылығына қатер төндіретін болса.

Тіркеуден бас тартылған не тіркеу мерзімі үзілген жағдайда Департамент мамандары өтініш берушіге 16-тармақтың 1) тармақшасында көзделген негіздер бойынша тиісті заңның баптарына сілтеме жасай отырып, 3 жұмыс күні ішінде дәлелді жауапты табыс етеді.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Департамент мемлекеттік қызметтерді ұсыну кезінде мынадай: адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарының сақталуы, заңдылықтың сақталуы, көрсетілетін қызмет туралы толық ақпараттың берілуі, әдептілік, құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, ақпаратты қорғау және құпиялылығын сақтау қағидаттарын басшылыққа алады.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелері осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Департаменттердің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапасы мен тиімділігі көрсеткіштерінің нысаналы мәні жыл сайын Агенттік басшысының бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Уәкілетті лауазымды тұлғалардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін Департаменттердің құжаттамалық қамтамасыз ету қызметі түсіндіреді.

21. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда тұтынушының тиісті Департаментке шағымдануға құқығы бар.

22. Дұрыс қызмет көрсетілмеген жағдайда шағым жазбаша түрде пошта арқылы не Департаменттердің құжаттамалық қамтамасыз ету қызметі арқылы қолма-қол беріледі.

23. Шағымды тиісті Департаменттің құжаттамалық қамтамасыз ету қызметі тіркейді. Шағым беруші адамға өтініштің тіркелген уақыты мен күні, өтінішті қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген қолхат беріледі.

Шағымның қаралу барысы туралы ақпаратты осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген телефондар арқылы алуға болады.

Шағымды қарау «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңында көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

9-бап. Діни әдебиет және діни мақсаттағы заттар

1. Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, діни бірлестіктер өздерінің қалауы бойынша діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды сатып алуға және пайдалануға құқылы.

2. Діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тек қана ғибадат үйлерінде (ғимараттарында), діни білім беру ұйымдарында, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары арнайы белгілеген тұрақты үй-жайларда таратуға жол беріледі.

3. Жеке пайдалануға арналғандарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағына діни мазмұндағы ақпараттық материалдарды әкелуді тіркелген діни бірлестіктер ғана дінтану сараптамасының оң қорытындысын алғаннан кейін жүзеге асырады.

4. Діни бірлестік шығаратын және (немесе) тарататын діни әдебиетте және діни мазмұндағы басқа да ақпараттық материалдарда діни бірлестіктің толық атауы болуға тиіс.

Бапта діни әдебиетті және өзге де ақпараттық материалдарды сатып алумен, пайдаланумен, таратумен, сырттан әкелумен байланысты азаматтар мен діни бірлестіктердің маңызды құқықтары туралы айтылады.

Діни әдебиеттер мен өзге де діни мазмұндағы ақпараттық материалдар дегеніміз:

- діни мазмұны бар (теологиялық, діни-каноникалық, салттық-мистикалық, әлеуметтік-теологиялық) және халықтың діни және өзге де әлеуметтік маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған баспа материалдары;

- діни бірлестіктердің баспа өнімдері, соның ішінде күнтізбелер, каноникалық суреттер, нақыл сөздер, діни бірлестіктердің ашық хаттары мен конверттері, балгерлік және қажылық жасау туралы куәліктер;

- діни бірлестіктің толық ресми атауының таңбасы бар және дін ілімі мен оған сәйкес тәжірибені, соның ішінде құдайға құлшылық етуді, діни жораларды, рәсімдер мен қажылық жасауды суреттейтін діни мақсаттағы аудио- және бейнематериалдар.

Діни мақсаттағы заттар құдайға құлшылық етуге, діни рәсімдерге және салтанаттарға жіберуге арналған заттар болып табылады. Діни мақсаттағы заттар діни символика және атрибутика (кресттер, икондар, будда мүсіншелері және т.б.) элементтерін, құдайға құлшылық ету киімдерін кигізуден тұрады.

Діни әдебиеттердің, діни мазмұндағы басқа да ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату түсіндірмелі бапта діни ғимараттармен, рухани білім беру ұйымдарымен және стационарлық ғимараттармен (облыс, республикалық маңыздағы қалалар мен астананың жергілікті атқарушы органдарымен анықталған арнайы орындармен) шектеледі.

Діни әдебиеттерді, діни мазмұндағы басқа да ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды таратуға арналған стационарлық ғимараттар дегеніміз діни әдебиеттерді, басқа да діни мазмұндағы ақпараттық материалдар, діни мақсаттағы заттарды таратуға арналған діни бірлестіктердің және рухани білім беру ұйымдарының діни ғимараттардан тыс жерлерде орналасқан ғимараттар. Стационарлық ғимараттар жергілікті атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілермен бекітілуі тиіс. Стационарлық ғимараттардың иелері аталмыш ғимараттардың (дүкендер, сауда үйлері, жеке кәсіпкерлер) жеке иегерлері немесе жалға алушылар болып табылмайды.

Сырттан әкелінетін барлық діни мазмұндағы ақпараттық материалдарға жүргізілетін дінтану сараптамасы бойынша ережелер елімізге экстремистік және теріс пиғылды әдебиеттердің әкелінуіне тиімді тосқауыл қоюды қамтамасыз етуге бағытталған.

10-бап. Қайырымдылық қызметі

1. Діни бірлестіктер қайырымдылық қызметін жүзеге асыруға және қайырымдылық ұйымдарын ашуға құқылы.

2. Қайырымдылықты жүзеге асыру кезінде діни қызметке тарту мақсатында Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың материалдық тәуелділігін (мұқтаждығын) пайдалануға жол берілмейді.

Қайырымдылық қызмет дегеніміз азаматтарға немесе заңды тұлғаларға мүлік пен ақшалай қаражатты риясыз (ақысыз немесе жеңілдік жағдайда) беру бойынша, жұмысты риясыз орындау, қызмет

көрсету, басқа да қолдау көрсету бойынша азаматтар мен заңды тұлғалардың өз еркімен жасалатын қызметі.

Түсіндірмелі бапқа сәйкес, діни бірлестіктер қайырымдылықты жүзеге асыру кезінде діни қызметке тарту мақсатында Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың материалдық тәуелділігін (мұқтаждығын) пайдаланбаған жағдайда қайырымдылық қызметін ерікті және оның жалпыға пайдалы құндылықтарын таңдау еркіндігі негізінде жүзеге асыруға құқылы.

11-бап. Дінге сенушілердің және діни бірлестіктердің халықаралық байланыстары мен қарым-қатынастары

1. Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар мен діни бірлестіктер олардың мінажат етуге, жиналыстар мен басқа да діни іс-шараларға қатысу үшін шетелге шығып тұруын қоса алғанда, халықаралық байланыстар мен жеке қарым-қатынас орнатуға және қатынастарын үзбеуге құқылы.

2. Діни бірлестіктер діни білім беру ұйымдарында оқыту үшін шетелге Қазақстан Республикасының азаматтарын жібере алады және Қазақстан Республикасының аумағындағы діни білім беру ұйымдарында оқыту үшін шетелдіктерді, азаматтығы жоқ адамдарды қабылдай алады.

Түсіндірмелі бапқа сәйкес, діндарлар және діни бірлестіктер өз қарауы бойынша халықаралық байланыстар және жеке қатынастар құрады және ұстай алады, қатынасу орындарын және шетелдегі діни орталықтарда білім алу орындарын таңдай алады. Аталмыш сұрақта ешқандай заңды шектеулер қарастырылмаған.

Қазақстанда бар дін және конфессиялардың тарихи орталықтары елдің шетінен тыс орналасқан. Осылайша, Мекке және Медина қалаларында орналасқан ең үлкен исламдық киелі жерлер бүгінгі күні Сауд Арабиясы Корольдығымен содержатся; Ресей мен Украинада орналасқан көптеген православты святыни; дүниежүзілік католиктік орталық Италия астанасы – Римнің периметрінде орналасқан Ватикан мемлекеті болып табылды, және т.б. Осыған байланысты, мемлекеттік органдар кең көлемді халықаралық іс-шаралар (мысалы, Меккедегі мұсылмандардың жыл сайынғы қажылық ұйымдарстыруы – қажы) өткізу кезінде ұйымдастыру мәселелерін шешуде көмек көрсетеді.

Қазақстан аумағында әртүрлі кезеңде және түрлі тарихи себептерге байланысты келген, өз тарихи діни орталықтарымен рухани байланыстарын сақтап қалған көптеген ұлттардан тұратын оның таратушыларын қоса алғанда қырықтан аса түрлі конфессиялар қызмет жасайды.

Осыған байланысты, Қазақстанның азаматтары мен діни бірлестіктерінің қажылық, жиындар мен басқа да діни іс-шараларға

қатысу үшін шетелге шығудағы халықаралық байланыс пен жеке қатынастарды ұстап тұрудағы қажеттілік жедел айтулы болып саналады. Дінге сенушілер мен діни бірлестіктер өз қарауы бойынша халықаралық байланыстар құру, қатынасу және діни білім алу орындарын таңдауда ерікті.

Конфессиялардың Қазақстан аумағында қызмет етуі кезінде оларда өз діни тәжірибесін «кадрлық» қамтамасыз етуде қажеттіліктері туындайды, ол үшін ғибадатшылардың келесі ұрпағын дайындау қажет. Ірі рухани оқу орындары да шетелде орналған. Осы себепті Заң діни бірлестіктердің Қазақстан Республикасы азаматтарының ішінен өз мүшелерін рухани (діни) білім беру ұйымдарында білім алу үшін шетелге жіберуге қажеттілігін және құқығын қамтамасыз етеді.

Басқа жағынан, егер рухани (діни) білім беру ұйымы Қазақстан Республикасында орналасса, ал рухани білім алу қажеттілігі басқа мемлекеттің азаматтарында болса, онда оларды шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар ретінде Қазақстанда білім алуға қабылдау рұқсат етілген.

Қазақстанда рухани (діни) білім беру ұйымдарындағы білім бері удерісі ортақ заңнамалық негізде Білім және ғылым министрлігімен келісіледі. Аталмыш үдеріс зайырлы оқу орындарының шетелдік студенттеріноқуға қабылдау үдерісінен принципті айырмашылығы жоқ.

4-тарау. ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРДІ ҚҰРУ, МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ, ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ, ТАРАТУ

12-бап. Діни бірлестіктердің мәртебесі

1. Қазақстан Республикасында: жергілікті, өңірлік және республикалық мәртебесі бар діни бірлестіктер құрылуы және әрекет етуі мүмкін.

2. Қазақстан Республикасының кемінде елу азаматының бастамасы бойынша құрылған, бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың шегінде әрекет ететін діни бірлестік жергілікті діни бірлестік болып танылады.

3. Кемінде екі облыстан, республикалық маңызы бар қалалардан және астанадан өкілдік ететін, олардың әрқайсысынан Қазақстан Республикасының кемінде екі жүз елу азаматы бар екі және одан да көп жергілікті діни бірлестіктердің қатысушылары (мүшелері) болып табылатын, Қазақстан Республикасының кемінде бес жүз азаматының бастамасы бойынша құрылған діни бірлестік өңірлік діни бірлестік болып танылады.

Өңірлік діни бірлестіктер осы жергілікті діни бірлестіктердің қызметі аумағының шегінде құрылып, өз қызметін жүзеге асырады.

4. Барлық облыстардан, республикалық маңызы бар қалалардан және астанадан өкілдік ететін, Қазақстан Республикасының кемінде бес мың азаматының бастамасы бойынша құрылған, олардың әрқайсысында Қазақстан Республикасының кемінде үш жүз азаматы бар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының барлық аумағында өз құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) бар діни бірлестік республикалық діни бірлестік болып танылады.

12-бапта діни бірлестіктердің мәртебесі, олардың жергілікті, өңірлік және республикалық діни бірлестіктер болып бөлінуі нақты белгіленген.

Жергілікті діни бірлестіктер – бұл діни құрылымдардың негізгі түрі, ол көп санды болып та саналады. «Жергілікті» сөзі бірлестіктің кез келген әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында облысқа дейін де – (ауыл (село), кент, аудан, қаладағы аудан, қала, облыс аумағында) қызмет ететіндігін көрсетеді. Жергілікті діни бірлестіктердің атаулары әртүрлі болуы мүмкін: мешіт, шіркеу, приход, қауым, синагога, қоғам, ұйым, орталық және т.б.

Жергілікті діни бірлестіктер өңірлік діни бірлестіктер құрай алады, бұл ретте өңірлік діни бірлестіктерді құруға бастамашы азаматтар жергілікті діни бірлестіктің азаматтары болуы мүмкін.

Өңірлік діни бірлестіктер мынадай талаптарды сақтауға тиісті:

- Қазақстан Республикасының кемінде бес жүз азаматының бастамасы бойынша құрылу керек;
 - құрылтайшылары екі және одан да көп жергілікті діни бірлестіктердің мүшелері болу керек;
 - олардың әрқайсысынан өңірлік бірлестікті құруға кемінде екі жүз елу адам қатысу керек;
 - көрсетілген бірлестіктер кемінде екі облыстан, республикалық маңызы бар қалалардан және астанадан өкілілік ету керек;
- Мынадай талаптарға жауап беретін діни бірлестік республикалық діни бірлестік болып танылады:
- барлық облыстардан, республикалық маңызы бар қалалардан және астанадан өкілдік ететін, Қазақстан Республикасының кемінде бес мың азаматының бастамасы бойынша құрылу керек;
 - әрбір облыста, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада Қазақстан Республикасының кемінде үш жүз азаматы болу керек;
 - Қазақстан Республикасының барлық аумағында өз құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) болу керек.

13-бап. Діни бірлестіктерді құру

1. Діни бірлестік он сегіз жасқа толған, құрылтай жиналысын (съезін, конференциясын) шақыратын Қазақстан Республикасы азаматтарының бастамасы бойынша құрылады, онда діни бірлестікті құру, оның атауы, жарғысы туралы шешімдер қабылданады және оның басшылық органдары құрылады. Азаматтар құрылтай жиналысына (съезіне, конференциясына) өз еркі бойынша жеке түрде қатысады.

2. Діни бірлестіктің мынадай белгілері:

- 1) ортақ діни ілімі;**
- 2) діни жораларды, рәсімдер мен уағыздарды орындау;**
- 3) өз қатысушыларын (мүшелерін) және дін ұстанушыларын дінге тәрбиелеу;**
- 4) қызметінің діни бағыты болуға тиіс.**

3. Республикалық діни бірлестіктер мен өңірлік діни бірлестіктер өз жарғыларына сәйкес діни қызметшілер даярлаудың кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын мекемелер нысанында діни білім беру ұйымдарын құруға құқылы.

4. Діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, діни бірлестіктен басқа өзгеше ұйымдық-құқықтық нысанда діни қызметпен айналысатын заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне жол берілмейді.

5. Мемлекеттік органдарда, ұйымдар мен мекемелерде, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарында діни бірлестіктердің ұйымдық құрылымдарын құруға жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде құрылтайшылардың заңды тұлғаларды құру мәселелері 40-баппен реттеледі.

Түсіндірмелі бапта діни бірлестіктерді құру инициаторлары он сегіз жасқа толған, діни бірлестік құру туралы, оның атауы, жарғысы туралы шешім қабылданатын, оның басқарушы органдары құрылатын құрылтайшы жиналыс (съезд, конференция) шақыратын, Қазақстан Республикасының азаматтары болуы мүмкіндігі анықталады.

Сонымен қатар, діни бірлестіктерде болуы тиіс белгілер, әсіресе, біртұтас дін оқуы, діни рәсімдер, салтанаттар және уағыз жасау, өз қатысушыларын (мүшелерін) және діни ізбасарларын діни тәрбиелеу, қызметтің рухани бағыты атап көрсетілген.

Аталмыш талап жалған діни құрылымдарды (мысалы, діни ретінде тіркеліп, салық төлеуден қашатын коммерциялық құрылымдар, өйткені Салық кодексіне сәйкес діни бірлестіктер әдебиет және басқа да діни заттарды шығарумен байланысты емес таза коммерциялық қызметті қоспағанда, діни бірлестіктер барлық салық түрінен босатылған).

14-бап. Діни бірлестіктің атауы

1. Діни бірлестіктің атауы ұстанатын діни мен мәртебесін қамтуға тиіс.

2. Толық және қысқартылған атауы мен оның нышаны Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің мемлекеттік рәміздерін, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, Қазақстан Республикасында тіркелген діни бірлестіктердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуына байланысты тыйым салынған және (немесе) таратылған діни бірлестіктердің атауы мен нышанын толық немесе оның елеулі бөлігінде қайталамауға тиіс.

Азаматтық кодекстің 38-бабымен заңды тұлғаның атауымен оны пайдалану, оны пайдалануға тыйым салу бойынша және т.б. негізгі ережелер анықталады.

Діни бірлестіктің атауы – бұл діни бірлестікті жекешелендіруге септігін тигізетін, яғни оны басқа көптеген сол немесе басқа саладағы, сол немесе басқа өңірдің, сол немесе басқа түрдегі діни бірлестіктерден бөліп көрсететін оның ауызша мазмұны. Маңыздысы, барлық басқа тіркелген діни бірлестіктердің арасында дәл осындай толық ауызша мазмұнмен, әсіресе аталмыш заңды тұлғаны жекешелендіретін шешуші сөздермен басқа діни бірлестік болмауы.

Міндетті мәліметтерден бөлек, діни бірлестіктің атауында арнайы діни бірлестіктер үшін қарастырылған кейбір мәліметтер қамтылу

керек. Сонымен, аталған бапта діни бірлестіктің атауы ұстанатын діни мен мәртебесін қамтуға тиіс деп бекітілген.

Мысалы, «Мәңгі өмір» Ұзынағаш Інжілдік Христиан-Баптистер Шіркеуі» жергілікті діни бірлестігі, оның мәртебесі (жергілікті діни бірлестік) мен ұстанатын дінін (Інжілдік Христиан-Баптистер) белгілейді.

Діни бірлестіктің атауы оның бланкілеріне және аталған заңды тұлға атынан мемлекеттік органдарға, шаруашылық серіктестерге және өзге де үшінші жаққа жолданатын барлық ресми құжаттарда бейнеленеді.

Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің <http://din.gov.kz> ресми сайтында мынадай материалдар орналастырылған:

- Қазақстан Республикасының аумағында сот шешімімен тыйым салынған шетелдік ұйымдардың тізімі;
- қызметі ҚР аумағында тыйым салынған оккульттік-мистикалық ұйымдардың тізімі.

ҚР аумағында әрекет ететін заңды тұлғалар (соның ішінде діни бірлестіктер) туралы мәліметтердің бірыңғай электрондық деректер қорын қалыптастыру Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитетінің және аумақтық органдарының құзыретіне кіреді. Сондай-ақ, аталған органдар ұқсас атауы бар діни бірлестіктер туралы ақпаратты бере алады.

15-бап. Діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу

1. Діни бірлестік оны мемлекеттік тіркеген сәттен бастап заңды тұлғаның құқық қабілеттілігіне ие болады.

2. Республикалық діни бірлестіктерді және өңірлік діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүзеге асырады.

Жергілікті діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеуді, филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуді аумақтық әділет органдары жүзеге асырады.

3. Діни бірлестікті құру туралы шешім қабылданған сәттен бастап екі ай мерзім ішінде тіркелу үшін тіркеуші органға өтініш беріледі. Өтінішке:

1) діни бірлестік басшысының қолы қойылған діни бірлестіктің жарғысы;

2) құрылтай жиналысының (съезінің, конференциясының) хаттамасы;

3) құрылатын діни бірлестіктің бастамашы азаматтарының тіркеуші орган белгілеген нысан бойынша электрондық және қағаз жеткізгіштердегі тізімі;

4) діни бірлестіктің орналасқан жерін растайтын құжат;

5) діни ілімнің пайда болу тарихы мен негіздерін ашып көрсететін және осы ілімге сәйкес келетін діни қызмет туралы мәліметтер қамтылған діни баспа материалдары;

6) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін алымдар төлемін растайтын құжат;

7) діни бірлестіктің басшысын сайлау туралы шешім не шетелдік діни орталық басшыны тағайындаған жағдайда, уәкілетті органмен келісілгенін растайтын құжат қоса беріледі.

4. Өңірлік діни бірлестікті тіркеу кезінде тіркеуші орган белгілеген нысан бойынша өңірлік діни бірлестіктерді құруға бастамашылық жасаған жергілікті діни бірлестіктердің әрқайсысының қатысушыларының тізімі, сондай-ақ олардың жергілікті діни бірлестіктері жарғыларының нотариат куәландырған көшірмелері қосымша табыс етіледі.

5. Республикалық діни бірлестіктер мәртебесін растау үшін тіркелген күнінен бастап бір жыл өткенге дейін тіркеуді жүзеге асыратын органға олардың құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) аумақтық әділет органдарында есептік тіркеуден өткенін растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті.

6. Осы баптың 5-тармағының талаптарын орындамаған жағдайда, республикалық діни бірлестік Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастырылуға немесе таратылуға жатады.

7. Діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу, діни бірлестіктерді қайта тіркеу, тіркеуден бас тарту осы Заңда көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

8. Мемлекеттік тіркеудің (қайта тіркеудің) мерзіміне дінтану сараптамасын жүргізу және діни бірлестікті құруға бастамашы азаматтар тізімінің осы Заңның талаптарына сәйкестігін тексеру үшін үзіліс жасалады.

9. Тіркеуші орган мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) мерзіміне үзіліс жасау туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға дінтану сараптамасын жүргізу және діни бірлестіктер құруға бастамашы азаматтар тізімдерін тексеруді ұйымдастыру үшін қажетті құжаттардың көшірмелерін жібереді.

10. Ұсынылған құжаттардың заңнамаға сәйкестігін тексерудің, жүргізілген дінтану сараптамасының, діни бірлестікті құруға бастамашы азаматтардың тізімін тексерудің нәтижелері

бойынша діни бірлестікті мемлекеттік тіркеу туралы немесе мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылданады.

Заңды тұлғаны, сонымен қатар діни бірлестікті тіркеу міндетті болып саналады, немесе тіркеуге дейін заңды тұлға болмайды; оның пайда болу кезі, оның құқыққа ие болуы және қабілеттілігі ол мемлекеттік тіркеуден өткеннен кезден бастап пайда болады.

Тіркеу тәртібі «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңмен бекітілген. Онымен қоса, Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2007 жылғы 12 сәуірдегі № 112 «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығымен діни бірлестікті тіркеу үшін қажетті құжаттар тізімі мен басқа да материалдар анықталған.

Тіркеу мазмұны, ол:

- а) діни бірлестіктің пайда болу фактін растайды;
- б) елдің барлық діни бірлестіктеріне мемлекеттік есеп жүргізуге мүмкіндік береді, немесе олар тіркеу арқылы біртұтас мемлекеттік тіркелімге енгізіледі;
- в) діни бірлестіктің қызметін мемлекеттік бақылау мүмкіндігін қамтамасыз етеді;
- г) жариялылық жағдайын тудырады, себебі тіркеу органдары арқылы кез-келген қызығушылық тудырған тұлға діни бірлестікті сипаттайтын, әрине жасырын немесе коммерциялық құпиядан тұратын материалдардан басқа барлық материалдармен танысып шығуға құқылы.

Құқықтық сипаттамасы АҚ 43-бабында көрсетілген филиалдар мен өкілдіктер және оған түсініктемелер онда жұмыс істейтін тіркеуші органдарда орналасу жерлері бойынша тіркеледі. Филиалдар мен өкілдіктер тұрақты заңды тұлға болмағандықтан, тіркеу кезінде құрылтайшы құжаттар емес, филиалдар мен өкілдіктер құру туралы діни бірлестік шешімінің көшірмесін ұсынуы қажет.

Түсіндірмелі бапта діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу туралы ереже толығымен талқыланады, әсіресе:

- Діни бірлестік заңды тұлға құқығына оның мемлекеттік тіркеуден өткен кезінен бастап ие болады;
- Республикалық діни бірлестіктер мен өңірлік діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен жүзеге асырылады;
- Өңірлік діни бірлестіктерді тіркеу кезінде қосымша өңірлік діни бірлестіктер құруға ынтагерлік білдіру, әрбір жергілікті діни бірлестіктер мүшелерінің тізімі ұсынылады.

16-бап. Діни бірлестіктің жарғысы

1. Діни бірлестік өз қызметін жарғының негізінде жүзеге асырады, онда мыналар:

- 1) атауы, қызметінің мәні мен мақсаттары;
- 2) орналасқан жері және оның шегінде өз қызметін жүзеге асыратын аумақ;
- 3) құрылымы, басқару органдарын қалыптастыру тәртібі мен олардың құзыреті;
- 4) қатысушыларының (мүшелерінің) құқықтары мен міндеттері;
- 5) ұстанатын діні, діни ілімінің негіздері және осы ілімге сәйкес келетін діни қызметі туралы мәліметтер;
- 6) діни бірлестіктің мүшесі етіп қабылдаудың және одан шығудың шарттары мен тәртібі;
- 7) мүлікті қалыптастыру көздері;
- 8) құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі;
- 9) қызметін қайта ұйымдастыру және оны тоқтату шарттары;
- 10) таратылған жағдайда мүлікті пайдалану тәртібі;
- 11) филиалдар мен өкілдіктер туралы мәліметтер болуға тиіс.

2. Діни бірлестіктің жарғысында оның қызметіне қатысты және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ережелер болуы мүмкін.

3. Діни ілім негіздері мен діни қызмет туралы мәліметтерде негізгі діни идеялар, діни бірлестік қызметінің нысандары, осы діни бірлестік қатысушыларының (мүшелерінің) және басқа да адамдардың неке мен отбасына, білімге, денсаулыққа көзқарасының ерекшеліктері, оның қатысушылары (мүшелері) мен қызметшілерінің конституциялық құқықтары мен міндеттерін іске асыруға көзқарасы қамтылуға тиіс.

Кез-келген коммерциялық емес қоғамдық бірлестік, діни бірлестік өз қызметін жарғы негізінде жүзеге асыруы тиіс. Осылайша, 16-бап діни бірлестік мазмұнын сипаттайтын бөлімдерден тұрады. Жарғы діни бірлестіктің қызметін ішкі ұйымдастыру үшін қажет. Ол оның басқару органдары мен оның құзыретін, лауазымдық тұлғалардың құқықтық мәртебесін және басқа да мәселелерді құру тәртібін анықтайды. Заңды тұлғаның құрылтайшы құжаттар мәселелері Азаматтық кодекстің 41-бабы мен «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңмен реттелген.

Түсіндірмелі бап жарғыда қандай мәліметтер болуы тиіс екендігін анықтайды.

Атауы

Діни құрылымның атын және ұйымдастырушылық-құқықтық түрін қоса алғанда толық атауын көрсету қажет. Мысалы, «Павлодар облысы Ехоба Куәгерлерінің Христиандық қоғамы, Екібастұз» ЖДБ, мұнда ЖДБ – оның ұйымдастырушылық-құқықтық түрі, «Павлодар облысы Ехоба Куәгерлерінің Христиандық қоғамы, Екібастұз» сөзі –

бірлестік атауы, онда сонымен қатар оның орналасу тенрриориясы да көрсетіледі.

Діни бірлестіктің атауы өзгерген жағдайда оның қайта тіркеуден өтуі қажет.

Қызметінің мәні мен мақсаттары

Бұл жерде діни бірлестіктің қызметі неге бағытталғандығы туралы айтылып отыр (діни қажеттіліктердің қанағаттандырылуы, құрылу қызметі, миссионерлік және т.б.).

Қызмет мақсаты діни бірлестік неге ұмтылатындығы туралы мәлімет болып саналады (ілімнің таралуы, жаңа азаматтарды тарту, діни қызметкерлерді дайындау және т.б.).

Орналасу жері және ол өз қызметін жүзеге асыратын аумақ

Орналасу жері ретінде аталмыш діни бірлестік, сонымен қатар ғимарат (жалға алынған немесе жеке меншік иесіндегі ғимарат) орналасқан мекен-жайды көрсетуге болады.

Қызмет аумағына келер болсақ, онда бұл діни бірлестіктің жергілікті, өңірлік және республикалық мәртебесін анықтау үшін қажет.

Басқару органдарының құрылымы, құрылу тәртібі және құзыреті

Діни бірлестік, кез-келген басқа коммерциялық емес бірлестік секілді, жоғарғы органы (ортақ жиын), атқарушы органы (шіркеулік кеңес, мүфти, пастор және т.б.) және бақылаушы органы (ревизиялық комиссия) болуы тиіс. Сонымен қатар басқа да құрылымдық бөлімшелер құруға болады. «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңмен жоғарғы органның шектеулі қызметтері анықталған.

Қатысушылардың (мүшелердің) құқықтары мен міндеттері

Жарғының бұл бөлімінде аталмыш бірлестіктің қызметіне күштеп тартуды, ақшалай қаражаттың еріксіз жиналуын шектеу және т.б. мақсатта діни бірлестіктер мүшелерінің құқықтары мен міндеттері туралы талқыланады.

Ұстанатын діні, діни ілімінің негіздері және осы ілімге сәйкес келетін діни қызметі туралы мәліметтер;

Аталмыш талаптар қазіргі кездегі конфессиялардың ағымдардың және діни сипаттағы бағыттардың көп түрінің болуымен келісілген. Осылайша, заң шығарушы жарғыда діни бірлестіктің сол немесе басқа сенімге жатқызылуын реттеуді, дін оқуы пайда болу тарихын сипаттауды, оның неке мен отбасына қатынасын, білім мен денсаулық сақтауға және т.б. талап етеді.

Діни бірлестік мүшелігіне қабылдаудың және одан шығудың шарттары мен тәртібі

Аталмыш бөлімде өз еркімен немесе басқару органдарының шешімімен діни бірлестік мүшелігіне кіру және шығу тәртібі, қабылдаудың қажетті рәсімдері (шоқындыру, ақшалай жарна және т.б.) анықталады.

Мүліктің құрылу көздері

Жарғыда діни бірлестік мүлігін құру мәселелері туралы мәліметтер көрсетіледі. Дәстүрлі түрде мұндай қайнар көздерге азаматтар мен ұйымдардың құрбандығы, тауар, жұмыс және қызмет айналымынан түскен түсімдер және т.б. жатады.

Құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібі

«Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңмен коммерциялық емес ұйымдардың жоғарғы басқарушы органының шектеуші құзыретіне коммерциялық емес ұйымдардың құрылтайшылық құжаттарын қабылдау, өзгертулер мен толықтырулар енгізу жатады.

Қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату шарттары

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңмен діни бірлестіктердің қайта құрылуы діни бірлестіктің құрылтайшылық құжаттарымен уәкілетті орган шешімі немесе сот шешімі бойынша (қосылу) бірігу, қосылу, бөліну, қайта құрылу және бөлініп шығу жолымен Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес жүзеге асырылуы мүмкін екендігі анықталады.

Діни бірлестік тек қана басқа діни бірлестікке немесе жеке мекемеге ғана құйта құрыла алады.

Діни бірлестіктердің қайта құрылуы нәтижесінде құрылған ұйымдар діни бірлестік ретінде осы Заң талаптарына сай болған жағдайда ғана тіркеле алады.

Мүлікті тарту жағдайында пайдалану тәртібі

Діни бірлестіктің жойылу немесе қызметін тоқтатуы кезінде оның жеке меншігіндегі мүлікті басқару оның жарғысы мен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Филиалдар мен өкілдіктер туралы мәліметтер

Филиалдар мен өкілдіктер тұрақты заңды тұлғалар болып саналмайды, алайда оларды құрған негізгі заңды тұлғалардың мүліктік және аумақтық жекеленген бөлімшелері болып табылады.

Негізгі заңды тұлғаның бөлігі бола отырып, филиал (өкілдік) бірде бір оның негізгі белгілерін иеленбейді:

а) оның өзіндік жекеленген мүлігі жоқ;

б) ол (филиал) өз атынан емес, оны құрған заңды тұлғаның атынан жұмыс істейді;

в) ол тұрақты мүліктік жауапкершілікке ие емес, керісінше оның іс-әрекеттері үшін негізгі заңды тұлға жауапты.

17-бап. Діни бірлестікті тіркеуден бас тарту

1. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, сондай-ақ құрылтай құжаттарындағы және өзге де ұсынылған құжаттардағы мәліметтер дәйексіз болса және (немесе) құрылатын бірлестік дінтану сараптамасының нәтижелері негізінде діни бірлестік ретінде танылмаған жағдайларда діни бірлестікті мемлекеттік

тіркеуден, оның құрылымдық бөлімшесін (филиалы мен өкілдігін) есептік тіркеуден бас тартылады.

2. Тіркеуден бас тартылған жағдайда сотқа шағымдануға болады.

«Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мен учетной регистрации филиалов и представительств туралы» Заңның 11-бабымен мемлекеттік (есептік) тіркеу және қайта тіркеуден бас тарту жағдайлары реттеледі, әсіресе:

- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген заңды тұлғаның құрылу және қайта құрылу тәртібінің бұзылуы;

- Құрылтайшы құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен сәйкес келмеуі;

- табыстау актінің немесе бөлу балансын ұсынбау немесе оларда қайта құрылған заңды тұлғаның құқықтық мирасқорлық туралы ереженің болмауы, немесе бір айлық есептік көрсеткіштен жоғары салықтық берешегінің болуы, сонымен қатар егер құрылтайшы әрекетсіз заңды тұлға болса және (немесе) егер құрылтайшы және (немесе) заңды тұлғаның басшысы құрылтайшылар және (немесе) әрекетсіз заңды тұлғалардың басшылары болса және (немесе) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 192, 216, 217-баптары бойынша қылмыстар үшін сотталған болса, және (немесе) жоғалған құжаттар, жеке куәлігі ұсынылса.

Егер құрылтайшы немесе басқа да ұсынылған құжаттардағы мәліметтер дәйексіз болған жағдайда және (немесе) құрылушы бірлестік дінтану сараптамасы нәтижелері негізінде діни бірлестік ретінде мойындалмаса, діни бірлестікті мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу кезінде бас тартуға қосымша негіз болады.

18-бап. Діни бірлестікті қайта ұйымдастыру және тарату

1. Діни бірлестіктерді қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қосылу, бірігу, бөліну, қайта құру және бөлініп шығу жолымен діни бірлестіктің құрылтай құжаттары уәкілеттік берген органның шешімі бойынша не сот шешімі бойынша жүзеге асырылады. Діни бірлестік тек басқа діни бірлестік болып немесе жеке мекеме болып қайта құрылуы мүмкін. Діни бірлестіктерді қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған ұйымдар осы Заңның талаптарына сәйкес келген жағдайда діни бірлестіктер ретінде тіркелуі мүмкін.

2. Діни бірлестіктің қызметін тоқтата тұру және оны тарату Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Түсіндірмелі бап заңды тұлғаны қайта ұйымдастырудың бес түрін қарастырады – қосылу, бірігу, бөліну, бөлініп шығу және қайта құрылу. Оның үстіне бұл түрлер үйлесуі мүмкін. Мысалы, жаңа заңды

тұлғаның бірігуші заңды тұлғасының біреуінің құрамынан бөліну арқылы бірігу, біртіндеп бірігумен бөліну, біртіндеп бірігумен бөліну.

Коммерциялық емес ұйым, қайта пайда болған ұйымды (ұйымдарды) мемлекеттік тіркеу кезінен бастап бірігу түрінде қайта ұйымдастыру жағдайын қоспағанда, қайта ұйымдастырылған болып саналады.

«Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңның 25-бабына сәйкес коммерциялық емес ұйымның оған басқа ұйымның қосылуы түрінде қайта ұйымдастырылуы кезінде олардың біріншісі заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеуіне қосылушы ұйым қызметінің тоқтатылуы туралы жазба енгізілгеннен бастап қайта ұйымдастырылған болып саналады. Қайта ұйымдастырылу нәтижесінде қайта пайда болған ұйымды (ұйымдарды) мемлекеттік тіркеу және заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеуіне қайта ұйымдастырылған ұйымның (ұйымдардың) қызметінің тоқтатылуы туралы жазба енгізілуі заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы белгіленген заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

19-бап. Мемлекет және шетелдік діни бірлестіктер

1. Шетелдік діни орталық уәкілетті органмен келіспей тағайындаған діни бірлестік басшысының қызметін жүзеге асыруына жол берілмейді.

2. Шетелдік діни орталық діни бірлестіктің басшысы лауазымына кандидатты келісу үшін уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

1) кандидат туралы, оның шетелдік діни орталықтағы бұрынғы қызметі туралы мәліметтер қамтылған қолдаухатты;

2) кандидатты Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін діни бірлестіктің басшысы етіп тағайындау туралы шешімді;

3) діни бірлестіктің басшысы лауазымына кандидаттың паспортының немесе жеке куәлігінің көшірмесін ұсынады.

Құжаттар қазақ және орыс тілдеріне аудармасының дұрыстығын Қазақстан Республикасында нотариат куәландырған және аударманы жүзеге асырған аудармашы қолының түпнұсқалығын Қазақстан Республикасында нотариат куәландырған түрінде табыс етіледі.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген құжаттарды уәкілетті орган олардың ұсынылған күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қарайды.

4. Егер Қазақстан Республикасындағы діни бірлестік басшысының қызметі конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпке, адам құқықтары мен бостандықтарына, халықтың денсаулығы мен имандылығына қатер төндіретін болса, уәкілетті

орган шетелдік діни орталықтың оны тағайындауына келісуден бас тартады.

Конституцияның 5-бабы 5-тармағымен Республика аумағындағы шетелдік діни бірлестіктердің қызметі, сонымен қатар республикада шетелдік діни орталықтардың діни бірлестіктердің басшыларын тағайындау республиканың сәйкес мемлекеттік органдарымен келісім бойынша жүзеге асырылатындығы анықталған.

Түсіндірмелі бапта аталмыш конституциялық ереженің жүзеге асырылу тәртібі анықталады.

Әсіресе, сақталуы тиіс талаптар жазылған. Мұндай талаптарға шетелдік діни орталықтың уәкілетті органға діни бірлестік басшысы лауазымына үміткерді келісіу үшін ұсынатын құжаттары жатады:

1. үміткер туралы мәліметті, оның шетелдік діни орталықтағы алдыңғы қызметін құрайтын қолдау хат;
2. Қазақстан Республикасы аумағында қызмет ететін діни бірлестік басшысымен үміткер тағайындау туралы шешім;
3. Діни бірлестік басшысы лауазымына үміткердің төлқұжат немес жеке куәлігінің көшірмесі.

Құжаттар Қазақстан Республикасының нотариалдық куәландырылған түрінде ұсынылады, қазақ және орыс тілдеріне аударманың сәйкес келуі, аударманы жүзеге асырушы аудармашының қолының түпнұсқалығы. Сонымен қатар, уәкілетті орган шетелдік діни орталықпен Қазақстан Республикасында діни бірлестік басшысын тағайындауды, егер қызметі конституциялық құрылымға, қоғамдық тәртіпке, адам құқығы мен бостандығына, денсаулығына және халық адамгершілігіне қауіп төндірсе, келісуден бас тартуға құзыретті.

5-тарау. ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ МҮЛІКТІК ҚҰҚЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ

20-бап. Діни бірлестіктердің меншігі

1. Діни бірлестіктердің өз қаражаты есебінен сатып алынған немесе жасалған, Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, ұйымдардың қайырмалдықтарға берген немесе Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да негіздер бойынша сатып алынған мүлікке меншік құқығы бар.

2. Меншік құқығындағы жылжымайтын және жылжымалы мүлік діни бірлестіктердің меншігі болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі мүлік те діни бірлестіктердің меншігінде болуы мүмкін.

4. Діни бірлестіктер ерікті түрде қаржылай және басқа да қайырмалдықтар сұрауға және оларды алуға құқылы.

5. Діни бірлестіктердің меншік құқығы заңмен қорғалады.

Аталмыш баптың 1-тармағының ережелері ҚР Азаматтық Кодексінің 109 «Діни бірлестік» бабының ережелеріне негізделеді, ол діни бірлестіктердің өз қаражаты есебінен сатып алынған немесе жасалған, азаматтардың, ұйымдардың қайырмалдықтарға берген немесе мемлекетпен берілген және заңнамалық актілерге қайшы келмейтін басқа да негіздер бойынша сатып алынған мүлікке меншік құқығы бар екендігін, сонымен қатар діни бірлестік қатысушылары (мүшелері) олармен осы ұйымға берген мүлікке, онымен қоса мүшелік жарнаға құқықтарын сақтамайтындығын орнатады. Олар діни бірлестік міндеттемелеріне жауап бермейді, ол діни бірлестік өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Сөйтіп, діни бірлестіктің өз қаражаты есебінен сатып алынған немесе қайырымдылыққа берілген және меншік құқығына жататын мүлікті өз қалауы бойынша пайдалануға және иелік етуге құқығы бар. Қайыр-садақа ұғымы жылжымалы және жылжымайтын мүлікті сыйлыққа беру ретінде түсіндіріледі. Мүлікті рәсімдеу кезінде ҚР Азаматтық Кодексінің сыйлықты іске асыруға келісім туралы ережелері қолданылуы мүмкін.

Сондай-ақ, мемлекеттік тіркелуге тиісті мүлікке (көлік, жылжымайтын мүлік және т.б.) құқықтары пайда болудың шарттары сақталу қажет.

ҚР «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңының 35-бабына сәйкес діни бірлестіктің ақшалай және өзге де түрде мүлік құруының қайнар көздері мыналар:

- 1) құрылтайшылардан (қатысушылардан, мүшелерден) түсім;
- 2) ерікті мүліктік жарналар және қайырмалдық;
- 3) белгіленген заңнамалық жағдайларда тауарлар, жұмыстар, қызметтерді жүзеге асырудан түскен түсімдер (пайда);

4) акциялар, облигациялар, басқа да құнды қағаздар және салымдардан (депозиттер) алынатын үлесқылар (кіріс), сыйақылар (мүдде);

5) заңмен тыйым салынбаған басқа да түсімдер.

Аталмыш баптың 2-тармағына сәйкес, діни бірлестік меншігінде оның жарғысында көрсетілген қызметін материалдық қамтамасыз ету үшін қажетті жер телімдері, үйлер, құрылыстар, ғимараттар, көлік, жабдық, дүние-мүлік, ақшалай қаражат, акциялар, басқа да құнды қағаздар және басқа мүлік болуы мүмкін.

Осылайша, діни бірлестіктер оларға меншік құқығына тиесілі мүлікті тек олардың жарғыларымен тікелей қарастырылған мақсаттарға қол жеткізу үшін ғана пайдалануға құқылы.

Діни бірлестік діни білім беру ұйымдарын, баспа, реставрациялық, көркемдік және басқа да кәсіпорындарды тек қана шаруашылық серіктестік түрінде ғана құруға құқылы. Сондықтан ол кәсіпорын құру жағдайында оның мүлігінің меншік иесі болып табылмайды, бірақ құрушы болып табылады және кәсіпорын мүлкіне міндетті құқығын сақтап қалады. Діни бірлестіктер коммерциялық емес ұйымдар тобына жататындығын ескерсек, олар кәсіпкерлік қызметін тек қана жарғылық мақсатқа қол жеткізу үшін ғана жүзеге асыра алады.

Аталмыш баптың 3-тармағы діни бірлестіктің, сонымен қатар Қазақстан Республикасы аумағымен қатар, шегінен тыс жерлерде де өз қаражаты есебінен сатып алынған, азаматтардың, ұйымдардың қайырмалдықтарға берген, мемлекетпен меншікке берілген немесе заңнамаға қайшы келмейтін басқа да тәсілдер бойынша сатып алынған жылжымалы және жылжымайтын мүлкі болуы мүмкіндігін айтады.

Аталмыш баптың 4-тармағы діни бірлестікке ерікті түрде қаржылай және басқа да қайырмалдықтар сұрауға мүмкіндік береді. Заң қайырымдылық жасаушы ретіндегі тұлғалар шеңберін шектемейді. Қайырмалдықтар ала отырып, діни бірлестік ешкімнің рұқсатын немесе мақұлдауын қажетсінбей-ақ құқыққа ие болуы немесе меншікке мүлік алуы мүмкін.

Діни бірлестіктердің меншік құқығы заңмен қорғалады. Азаматтық заңнамамен мүліктік мүдделерді олардың бұзылуы немесе таласуы кезінде меншіктеу және қорғауға азаматтық құқықтарды қалпына келтіруге немесе мойындауға бағытталған меншік құқығын қорғау құралдары қарастырылған. Сот органдарына талап ету арызын беру қорғау құралы бола алады (мысалы, бөтен заңсыз иеленуден мүлікті талап ету туралы; иеліктен айырылумен байланысты емес олқылықтарды жою туралы; меншік құқығын мойындау туралы; меншік иесіне жасалған залалды төлеу туралы; негізсіз сатып алынған немесе жинақталған мүлікті қайтару туралы; келісім бойынша пайдалануға берілген заттарды қайтару туралы).

Есте қаларлығы, күшін жоғалтқан 1992 жылғы 15 қаңтардағы «Сену бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңның нормативтік-құқықтық акінде, 16-бабында қандай объекттер діни бірлестіктің меншігі санала алатындығының түсініктемесі орын алған. Соған ұқсас ереже 1997 жылғы 26 қыркүйегіндегі Ресей Федерациясының «Ар-намыс бостандығы және діни бірлестіктер туралы» федералдық заңында да орын алған. Аталмыш заңда тек қана тұжырымдама ғана бар, оған сәйкес діни бірлестіктердің меншігі жылжымалы және жылжымайтын мүлік болып саналады.

ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» жаңа заңында негізгі ерекшелік ереже енгізу болып саналады, ол арқылы діни бірлестіктер қазақстан Республикасының заңды тұлғалары болуы міндетті емес **шетелдіктермен, азаматтығы жоқ адамдармен және ұйымдармен**, қайырымдылыққа берілген мүлікке меншік құқығын иеленуі мүмкін. Діни бірлестіктердің қызметін реттейтін алдыңғы заңда, сонымен бірге Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы және Өзбекстан Республикасы секілді мемлекеттердің осыған ұқсас нормативтік актілерінде де мұндай ереже болған жоқ.

Діни бірлестіктердің меншігінде Қазақстан Республикасынан тыс жерде орналасқан мүлік болуы мүмкін, оны иелену және пайдалану халықаралық жеке құқық принциптері мен ережелері реттеледі.

Діни бірлестіктер ерікті түрде қаржылай және басқа да қайырымалдықтар сұрауға құқылы. Аталмыш ереже қаржылық тұрақтылық және тәуелсіздік мәселелерінде діни бірлестіктердің қызметін көп жағдайда жеңілдетеді.

21-бап. Мемлекеттің, ұйымдар мен жеке тұлғалардың меншігі болып табылатын мүлікті пайдалану

1. Діни бірлестіктер өздеріне шарттық негізде берілген үйлерді, аумақты және мүлікті пайдалануға құқылы.

2. Діни мақсаттағы тарих және мәдениет ескерткіштері діни бірлестіктердің пайдалануына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілуі мүмкін.

Аталмыш бап діни бірлестік мемлекеттік мүлікті немесе басқа тұлғаға тиесілі мүлікті тек қана азаматтық заңнамамен және мемлекеттік мүлікті басқару және қарау мәселелері бойынша заңнамамен белгіленген тәртіпте пайдалану құқығында ғана пайдалана алатындығын айтады. Әсіресе, мемлекеттік мүліктің берілуі Қазақстан Республикасының Жер кодексімен, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңымен, 2011 жылғы 28 шілдедегі № 873 Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдаудың (жалға берудің) үлгі шартын бекіту туралы» қаулысымен, 2003 жылғы 13 қарашадағы № 1140 «Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты

(конкурстарды, аукциондарды) ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы» қаулысымен регламенттеледі.

Діни бірлестіктер, меншікке құқылы бола отырып, сол мезгілде оларға келісімді бастамаларда берілген ғимараттар, аумақ пен мүлік пайдалануы мүмкін. Айта кеткен жөн, 1992 жылғы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңда, осыған ұқсас баптың атында «жеке тұлғалар» түсінігі жоқ (мұның орнына «азаматтар» түсінігі бар), сонымен қатар «ұйымдар» түсінігі «қоғамдық» деп анықтап белгіленген. Тағы да бір маңызды аспект «облыстардың (республикалық маңыздағы қалалар, астаналар) жергілікті атқарушы органдары діни бірлестіктерге меншікке немесе ақысыз пайдалануға діни ғимараттар және басқа да мемлекет меншігіндегі мүлікті беруге құқылы».

Аталмыш баптың бірінші бабына келер болсақ, онда діни бірлестіктер өздеріне шарттық негізде берілген үйлерді, аумақты және мүлікті **пайдалануға құқылы** екендігі айтылады. Аталмыш ереже сонымен қатар Ресей Федерациясы мен Өзбекстан Республикасының діни бірлестіктерінің құқықтық қатынастарын реттейтін нормативтік-құқықтық актілерде де кездеседі. Бірақ 1992 жылғы ҚР «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңында «пайдалануға құқылы» тұжырымдамасы жоқ. Келесідей тұжырымдама орын алған – «діни бірлестіктер өздеріне шарттық негізде мемлекетпен, қоғамдық бірлестіктермен және азаматтармен берілген үйлерді, аумақты және мүлікті **пайдаланады**».

Жаңа заңда діни бірлестікпен аумағы іргелес діни ғимараттарды беруге басымдық құқық туралы айтылатын тармақ жоқ, ол өз кезегінде 1992 жылғы ҚР «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңында кездескен болатын.

22-бап. Таратылған діни бірлестіктің мүлкіне иелік ету

1. Діни бірлестік таратылған немесе қызметі тоқтатылған кезде оның меншігінде болған мүлікке иелік ету оның жарғысына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Құқық мирасқорлары болмаған кезде мүлік Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес мемлекет меншігіне өтеді.

Заң шығарушы діни бірлестікке өз жарғысында діни бірлестік таратылған немесе қызметі тоқтатылған кезде оның меншігінде болған мүлікке иелік ету оның жарғысына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыруға құқық береді. Бұл жерде аталмыш шарттар және тәртіп аталмыш Заңның 16-бабына сәйкес жарғының міндетті ережесі болып табылады. Яғни, діни бірлестік діни бірлестік қызметі тоқтатылғаннан кейін мүлікке құқық берілетін тұлғаны анықтай алады. Егер мұндай тұлға діни бірлестіктің жарғысында көрсетілмесе,

немесе тұлға мүліктен бас тартса, онда заң шығарушы мұндай жағдайда мемлекетті құқық мирасқоры ретінде анықтайды, және мүлік мемлекеттік мүлік туралы белгіленген заңнамаға сәйкес мемлекет меншігіне өтеді.

Діни бірлестік таратылған немесе қызметі тоқтатылған кезде ҚР азаматтық заңнамалық ережелер жұмыс істейді. «Ереже бойынша, мұндай жағдайларда барлық рәсімдік іс-әрекеттерден кейін мүлік туыс діни бірлестіктерге беріледі немесе қайырымдылық мақсаттарда пайдаланылады. Діни бірлестік коммерциялық емес ұйым екендігін ескерсек, мүлік діни бірлестік мүшелері арасында бөліне алмайды. Егер діни бірлестік жедел басқару құқығында оқшауландырылған мүлікке ие болса, мүлік құрылтайшыға қайтарылады».

Аталмыш бапта 1992 жылғы ҚР «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңында кездескен, сонымен қатар Беларусь Республикасы мен Өзбекстан Республикасының осыған ұқсас нормативтік құқықтық актілерінде бар діни бірлестіктердің діни мазмұндағы мүлікке несие берушілердің талаптары бойынша жазалауға тыйым салатын ереже жоқ.

6-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

23-бап. Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзушылық Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Түсіндірме беріліп отырған бап діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнаманың бұзылуына кінәлі жеке және заңды тұлғалардың жауапкершілікке тартылуын қарастырады. Бұл ретте тек қана діни қауым өкілдерінің жауапкершілігі ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының және т.б. жауапкершілігі жайында түсіндіріледі.

Құқық қолдану тәжірибесінде жауапкершіліктің мынадай екі түрі болуы мүмкін: әкімшілік және қылмыстық. Кінәнің мазмұны, сипаты және деңгейіне байланысты тиісті жауапкершілік шарасы қолданылады. Бұл жағдайда заңды жауапкершілік субъектілері болып жеке және заңды тұлғалар саналады.

Қазақстан Республикасының діни заңнамасын бұзушылық әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (бұдан әрі – ӘҚБК) 374-1 және 375-баптарында жаза қолданудың түрлері мен мөлшері белгіленген. Әкімшілік жауапкершіліктің негізі – ӘҚБК-да қарастырылған құқық бұзушылық құрамының барлық белгілерінен тұратын іс-әрекетті жасау болып саналады. Мәселе жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген төмендегідей талаптарды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы:

- діни жоралар, рәсімдер және (немесе) жиналыстар өткізу;
- қайырымдылық қызметті жүзеге асыру;
- діни әдебиеттерді және діни мазмұндағы (мақсаттағы) өзге де материалдарды, діни мақсаттағы заттарды әкелу, басып шығару және (немесе) тарату;

- ғибадат үйлерді (ғимараттарды) салу, үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп бейінін өзгерту (функционалдық мақсатын өзгерту);

- Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың тіркеусіз (қайта тіркеусіз) миссионерлік қызметті жүзеге асыруы, сол сияқты миссионерлердің дінтану сараптамасының оң қорытындысын алмас бұрын діни әдебиеттерді, діни мазмұндағы ақпараттық материалдарды және діни мақсаттағы заттарды пайдалануы және т.б.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер әкімшілік соттардың төрешілерімен қарастырылады, бұл жерде әкімшілік құқық бұзушылық

туралы хаттамаларды жасауға діни қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган құқылы.

24-бап. Өтпелі ережелер

1. Діни бірлестіктер осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жылдың ішінде осы Заңның талаптарына сәйкес өздерінің құрылтай құжаттарына тиісті өзгерістер енгізуге міндетті. Сонымен бір мезгілде тіркеуші органға діни бірлестіктің мәртебесін растайтын құжаттар табыс етіледі.

2. Діни мүдделері мен қажеттіліктерін қанағаттандырумен айналысатын және осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін діни бірлестіктен басқа өзгеше ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған заңды тұлғалар осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жылдың ішінде өздерінің құрылтай құжаттарына тиісті өзгерістер енгізуге міндетті.

3. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін өздерінің құрылтай құжаттарын осы Заңның талаптарына сәйкес келтірмеген заңды тұлғалар діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органның жүгінуі бойынша сот тәртібімен таратылады.

Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы 2011 жылдың 15 қазанында кезеңді баспа шығарылымдарында басып шығарылды. Заңның 25-бабына сәйкес, ол алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетіндігін ескерсек, оның қолданысқа енгізілу күні 2011 жылдың 25 қазаны болып табылады.

Осыған байланысты, 24-баптың 1-тармағы діни бірлестіктердің 2012 жылдың 24 қазанына дейін осы Заңның талаптарына сәйкес өздерінің құрылтай құжаттарына тиісті өзгерістер енгізуге міндетті екендігін білдіреді.

Осы Заңға сәйкес, діни бірлестіктің атауы ұстанатын діни мен мәртебесін қамтуға тиіс.

Заңды тұлға атауының өзгеруі кезінде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 42-бабы 6-тармағы 2) тармақшасына сәйкес заңды тұлғалар қайта тіркеуден өтуі тиіс және демек, жарғыға Қазақстан Республикасының «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңында және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2007 жылғы 12 сәуірдегі № 112 бұйрығында белгіленген тәртіппен өзгертулер енгізіледі.

Осы баптың 2-тармағы діни мүдделері мен қажеттіліктерін қанағаттандырумен айналысатын және осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін діни бірлестіктен басқа өзгеше ұйымдастыру-

құқықтық нысанда құрылған заңды тұлғалардың өздерінің құрылтай құжаттарына тиісті өзгерістер енгізуге міндетін белгілейді.

Осы баптың 3-тармағында өз құрылтай құжаттарын осы Заңның талаптарына сәйкес келтірмеген ұйымдар әділет органдарының жүгінуі бойынша сот тәртібімен таратылады деп айтылған.

25-бап. Қорытынды ережелер

1. Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» 1992 жылғы 15 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 4, 84-құжат; 1995 ж., № 20, 120, 121-құжаттар; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 205-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 13, 53-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат) күші жойылды деп танылсын.

Заң 2011 жылдың 15 қазанында «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» ресми мерзімді баспаларда, сондай-ақ Парламент Жаршысында жарық көрді. «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңның 36-бабы 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері егер актілердің өзінде немесе оларды қолданысқа енгізу туралы актілерде басқа мерзімдер көрсетілмесе, алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сөйтіп, осы Заң 2011 жылдың 25 қазанынан бастап қолданысқа енгізілді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Аталған түсініктемеде діни бірлестіктер мен мемлекеттік органдардың қызметінің тәжірибесінде аса жиі кездесетін проблемалар мен мәселелер баяндалды.

Заңның мазмұнын талдау оның қоғамдық және діни мүдделердің теңгерімін қолдауға бағытталғандығын көрсетті. Бұдан алдын қолданыста болған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңның ережелерімен салыстырғанда құқықтық нормалардың өзгеруі Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіруге бағытталған. Бұл – дін, мемлекеттік-конфессиялық қатынастар және конфессияаралық қатынастар саласындағы қоғамдық қатынастарды нормативтік құқықтық реттеудің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Заңның идеологиясы діни бостандық саласындағы мемлекеттік саясаттың үш маңызды қағидаттарына – бейтараптық, төзімділік және тең құқылыққа негізделеді. Және де діни бірлестіктердің ішкі жұмыстарына араласпауын ұйғаратын мемлекеттің бейтараптығы қағидаты басым орынға ие. Төзімділік қағидаты барлық діни сенімдерге құрметпен қарау, барлық діни нанымды ұстанушыларға төзімділік танытуды білдіреді. Тең құқылық қағидаты барлық діни бірлестіктер мен түрлі конфессия өкілдерінің заң алдында теңдігін білдіреді. Заң зорлыққа, конституциялық құрылысты құлатуға шақыратын, өзге түрде қолданыстағы заңнаманы бұзатын кез келген діни бірлестіктің қызмет етуі жолында қатаң бөгет қояды.

Түсініктеме түрлі діни сенім бағытындағы барлық діни бірлестіктерге бірыңғай құқықтық тұрғы ұстанымынан құрылды. Іс жүзінде діни бірлестіктердің көптүрлілігі, олардың заңдық терминологиямен және құқықтық нормалармен келістіруі қиын ішкі ұйымдастыруының, дәстүрлері мен ережелерінің ерекшелігін ескеру қажет екенін атап өту керек. Бұл, мысалы діни ережелерді тіркеу мен олардың жарғылық құжаттарына сараптама жүргізуге қатысты болуы мүмкін. Діни сенімге қатыстылығын көрсету, діни қызмет пен жоралардың, басқару құрылымының сипаттамасымен байланысты қиындықтар тууы мүмкін. Сондықтан құқықты қолдану тәжірибесінде белгілі қиындықтар мен әртүрліліктер туындауы мүмкін, бұл діни бірлестіктерге сараланған тұрғыдан қарау қажеттігіні тағы да дәлелдейді.

Соңында «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның қолданысқа енгізілуі оң құқықтық салдарға ие болады.

Заңда мемлекеттік-конфессиялық қатынастар саласында заңнаманы жетілдіруге кешенді тұрғыдан қарауға мүмкіндік беретін нормаларды қамтылған. Оның ішінде, заң діни бірлестіктерді тіркеу, қайта құру және тарату механизмдерін айқын анықтайды, бұл мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды ары қарай жетілдіруге ықпал етеді. Қазақстанда демократиялық және зайырлы құндылықтарды

дамыту жағдайында қабылданған нормалар ар-ождан бостандығы мен діни сенім бостандығы саласында адамның құқықтары мен бостандығын қорғау кепілдігін күшейтуге мүмкіндік береді.

Дін мәселелері бойынша заңнамалық және нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жұмысы Конституция мен заңнаманың талаптарына сәйкес жалғастырылатын болады.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның талаптарын іске асыру мақсатында мынадай құқықтық актілер қабылданды:

- «Дінтану сараптамасын жүргізу қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерін күші жойылған деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 ақпандағы № 209 Қаулысы;

- «Ғибадат үйлерін, ғимараттарды және өзге де мүлікті діни бірлестіктерге беру тәртібі туралы ережені бекіту жайында» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 желтоқсандағы № 1247 қаулысының күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 ақпандағы № 210 Қаулысы;

- «Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды тіркеуді және қайта тіркеуді жүргізу» мемлекеттік қызмет стандартын бекіту және «Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 ақпандағы № 211 Қаулысы.

Заңды қабылдағаннан кейін барлық діни бірлестіктерді қайта тіркеу басталды. Мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын реттеу үшін діни бірлестіктерді тіркеу (қайта тіркеу) барысында Әділет министрі мен Агенттік төрағасы арасында «Діни бірлестіктерді тіркеу (қайта тіркеу) мәселелері бойынша Агенттік және Әділет органдарының өзара байланыс тәртібін бекіту туралы» Бірлескен бұйрыққа қол қойылды.

Қосымша дін саласындағы қатынастарды құқықтық негіздер мен реттеу механизмдерін анықтайтын бірқатар мемлекеттік стандарттар дайындалып, қазіргі уақытта келісу процесінде. Бұл:

- «Республика аумағындағы шетелдік діни бірлестіктердің қызметін, шетелдік діни орталықтардың Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктер басшыларын тағайындауын келісу»;

- «Дін қызметі саласындағы құзыретті органмен келісу бойынша ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін анықтау, сондай-ақ үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешімдер беру».

Жергілікті атқарушы органдардың Заңның нормаларын іске асыруына бағытталған бірқатар нормативтік актілер дайындалуда.

Жалпы, Заңды қолдану үшін, оның ішінде жаңа заңнама жағдайында діни бірлестіктердің толыққанды қызметі үшін қажетті құқықтық негіз жасалған.

Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңын сауатты және жүйелі іске асыру республикадағы діни ахуалдың күйіне ғана емес, сонымен қоса жалпы қазақстандық қоғамның дамуына да оң әсер етуі мүмкін.

Дін саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық базаны ары қарай жетілдіру процесінде төзімділік, ар-ождан және діни сенім бостандығы қағидаттарын іске асыруға, сондай-ақ мемлекет пен діни бірлестіктердің әрі қарайғы ынтымақтастығына ықпал ететін жаңартулар енгізілуі мүмкін.

ҚР Үкіметі мен ҚР Дін істері агенттігінің нормативтік-құқықтық актілерінің тізімі

Агенттік Заң қабылдағаннан кейін барлығы 19 заңға қосымша актілер жасалды және қабылданды, олардың ішінде 12-сі күшіне енді, сонымен қатар Үкіметтің қолданыстағы 4 Қаулысы, таяу арада іс жүзінде енгізілетін Үкіметтің 2 Қаулысы (діни қызмет саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын бекіту туралы, сонымен бірге діни маңыздағы заттардың белгілері мен тізімін бекіту туралы) және Агенттіктің қолданыстағы 5 бұйрығы мен таяу уақытта іс жүзінде енгізілетін 1 бұйрық (діни қызмет саласындағы мемлекеттік қызметтердің тәртібін бекіту туралы).

Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулылары:

1. «Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі Кеңесті құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылдың 6 мамырындағы №683 қаулысы;
2. «ҚР Үкіметі жанындағы Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңестің ережесі мен құрамын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 27 шілдедегі №1140 қаулысы;
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы № 888 «Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің мәселелері» қаулысы;
4. «Дінтану сараптамасын жүргізу ережелерін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 7 ақпандағы № 209 Қаулысы;
5. «Діни қызмет саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 137 қаулысы;
6. «Қазақстан Республикасының әділет органдарында тіркелген діни бірлестіктер әкелетін, қосылған құн салығынан босатылатын діни мақсаттағы заттардың тізбесін және оларды іріктеу критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 сәуірдегі № 352 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Дін істері агенттігінің бұйрықтары

1. «Дінтану сараптамасын жүргізетін сарапшыларды іріктеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР Дін істері агенттігі Төрағасының 2012 жылғы 30 қазандағы № 112 бұйрығы;

2. «Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың, сондай-ақ ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын айқындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР Дін істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 23 шілдедегі № 34 бұйрығы;

3. «Жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 28 тамыздағы № 38 бұйрығы;

4. «Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің мемлекеттік қызметшілерінің қызметтік этикасының қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 22 қарашадағы № 43 бұйрығы;

5. «Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының санаттарына біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Дін істер агенттігі төрағасының 2014 жылғы 21 ақпандағы № 9 бұйрығы;

6. «Діни қызмет саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Дін істер агенттігі төрағасының 2014 жылғы 18 наурыздағы № 11 бұйрығы.

Дін саласында қызмет ететін Қазақстанның үкіметтік емес ұйымдарының тізімі

№	ҮЕҰ атауы	Жетекші	Мекен-жай	Телефондар
1	ОЮЛ «Бүлдіргіш діни ағымдардан зардап шеккендерге көмек көрсету орталықтарының ассоциациясы»	Денисенко Юлия Олеговна	Қостанай облысы,Мариям Хакимжанова көш., 7, 314 кеңсе	8 (7142) 55-89-29 8 705 911 8584 8701-832-77-55 www.antisekta.kz e-mail: antisekta.center@gmail.com antisektakz2007@rambler.ru
2	«Жаттығушы психологтар ассоциациясы» ҚБ	Куликов Алексей Вадимович	110000 Қостанай қ, . 1 Мамыр көш, 151 «а»	8 7142 54-73-79, 54-09-55 факс: 8 (7142) 54 14 69 8 777 30 20 420 www.stop-sekta.kz e-mail: kost_vols@mail.ru
3	«Единство» ҚБ	Лебедев Сергей Константинович	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ, Новосибирская 17 көш.	8 (7232) 26-18-29 8705-521-70-25 www.edinstvo.kz e-mail: edinstvo_vko@mail.ru
4	«Даналық» ҚҚ	Жоба үйлестірушісі - Қаирмағамбетов Архат Жоба жетекшісі - Оразғалинова Бақытжан Ермековна	Семей қ, Уранхаев көш 62а.	8 /7222/ 36-11-14, Факс 8 (7222) 52-26-24 8 775 342 21 82, 8 705 261 1881 email : baki_81@mail.ru , kairmagambetov.arhat@mail.ru
5	«Жайық» Бүлдіргіш діни ағымдардан зардап шеккендерге көмек көрсету орталығы.	Аханов Жарас Иебергенұлы	Орал қ, Д.Нурпеисова көш 12, 4 каб.	8 (7112) 51 46 80 8775-725-25-15 e-mail: antisekta_zko@mail.ru
6	«Дінтанулық - психологиялық құқықтық кеңес беру орталығы» ҚБ	Мырзахметов Давлат Болатович	100002, Қарағанды қ, Лободы көш 46/2, 81. 11	8 (7212) 97 45 85 8701-428-68-93, 8702-697-85-90, 8701-774-94-97 www.religioved.com e-mail: crppk@mail.ru
7	«Нұр-Мұра» ҚБ	Абдулла Бахадыр	160005 Шымкент қ, Желтоқсан көш. (Жастар орталығы ғимараты)	8 (7252) 33-92-51 сот.8 777 647 58 70 e-mail: abdullakaji@mail.ru

8	«Зерделі Ұрпақ» ЖҚБ, Көкшетау қаласы.	Мухамеджанова Айжан Женисовна Менеджер, экономист, 8 702 460 68 93	020000, Ақмолаобл, Көкшетау қ, Б. Момышұлы көш, 41/110	8 (7162) 25 57 16 87024606893 e-mail: zerdeli_yrpak@mail.ru
9	«Адал» ЖҚБ	Рандюк Иван Владимирович	Павлодар қ, Ак. Чокин көш 87/3.	8 (7182) 78-10-43 (телефон доверия) 8 771 426 22 58 www.adal-info.kz e-mail: ran_iwan87@inbox.ru
10	«Алматы облысының бүлдіргіш діни ағымдардан зардап шеккендерге көмек көрсету орталығы» ҚҚ	Саимов Рахат Жусупбекович	Алматы обл., Талдықорған қ, Тәуелсіздіккөш, 127/133,157е.21	8 (7282) 24 74 53 8 701 734 57 92 e-mail: antisekta_taldykorgan@mail.ru
11	«Прозрение-Көз жету» ҚБ	Доценко Максим Юрьевич	СҚО, Петропавл қ, Интернациональная көш 82, 6 кеңсе.	8 (7152) 46-21-88 8777-286-81-23 e-mail: max_dot@mail.ru
12	««Ареал» дін мәселелері бойынша ақпараттық қор» ҚҚ	Рустембекова Айман Мейровна	Астана қ, Республика көш 52/2 каб 6.	8 (7172) 31-11-88, 8 701-174-66-16 e-mail: arust2335@mail.ru
13	««Перспектива» ақпараттық-консультативтік топ» ҚҚ	Бурова Елена Евгеньевна	Алматы қ, Қарасай батыр көш 85, 308 кеңсе.	8 (7272) 61-95-80, 72-59-10, 72-58-06, 380-69-55, 393-31-72 8 777-270-07-21 8 -727-393-31-72 e-mail: eem@rambler.ru , bee1958@rambler.rux adavletova@rambler.ru сайт: perspective-group.kz
14	«Агрессивті культті зерттеу» ҚБ	Таржанов Бахытбек Медетович - үйлестіруші Турганкулов Танжарык Касымкулович	Жамбыл обл, Тараз қ	8 (7276) 51-19-30 8 705 335 46 66 8 702 721 74 70 olympiad-80@mail.ru
15	«Халық бірлігі жастарда» ҚҚ бірлесе отырып, «Шапагат» бүлдіргіш діни ағымдардан зардап шеккендерге көмек көрсету орталығы» ҚҚ	Үйлестіруші – Идрис Дамирбек Абайұлы Теолог - Медетов Ашабай Бауыржанович	Атырауобл, Атырау қ., Х. Досмухамедова көш 33.	8 (7122) 29-81-12 29-80-95 «Горячая линия» 29-81-13 87022355731 87023292004 87023523206 www.tagylym.kz m_maslihat@mail.ru

16	«Жарық» «Ақпараттық – консультативтік орталығы	Дюсенова Айгуль Егизбаевна	Ақтөбе қ Әбілхаир пр. 57, 2кеңсе	8(7132) 24-40-70 e-mail: zharyk_aktobe@mail.ru 87014944454 daigul2007@yandex.ru
17	«Рухани Қоғам әлемі» ҚҚ	Койшиева Лимана Куттыбековна	Астана қ, Алматы ауданы, Петрова көш 18/2, 201 каб.	77-93-38 8 702 529 09 27 Limana777@inbox.ru
18	«Рухани бірлік қоры» ҚҚ	Утепов Калкен Ныгманович – атқарушы директор	Астана қ Д. Конаева көш, 33пәт., 15 қаб., 1502 каб.	8 (7172) 34-63-17 8 702 220 66 11 kalken1979@gmail.com
19	«Пікір таласушылардың республикалық ассоциациясы» РҚБ	Муканова Айнур Жалгасовна	Астана қ., "Аружан" БО, Жансүгіров көш. 8/1, 606 кеңсе.	8 (7172) 41-77-96 8 775 913 33 32 rad_kaz@mail.ru
20	ЧМФ «Позитив Ақтау»	Ахмедов Ариф Шахбалаевич	Ақтау қ 8-39 Элит Альянс ғимараты	8 (7292) 600333, 30-28-88 8 701 512 16 17 600444@mail.ru positiveakta@mail.ru
21	«Конфессияарал ық қатынастарды дамыту және талдау орталығы»Коммун алдық мемлекеттік мекемесі	Раздыкова Гульназ Максutowна	Павлодар облысы	8 (7182) 32-81-10 32-80-74 8 701 213 12 42 8 705 986 32 32 gulnazkz@list.ru
22	«Болашақ» ҚБ	Калиева Галина Зейнуллаевна	Жамбыл обл., Тараз қ, Абай көш 98, 212/2 кеңсе.	8 (7262) 50 10 66 8 702 560 37 02 e-mail: bolashak@tarazinfo.kz

ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҚТАРЫ

23	«Бүлдіргіш секталардан зардап шеккендер үшін «Виктория» элеуметтік- психологиялық және құқықтық көмек көрсету орталығы».	Артемяева Виктория Арнольдовна	100008. Карағанды қ, Жангезин көш. 11.	8 (7212) 56 31 78 8 (7212) 49 36 31 8 701 501 27 80 e-mail: csr@mail.ru
24	«Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығы	Тусмагамбетов Жандос Бектайулы (Абуов Турар Тугелович)	Қызылорда обл, Қызылорда қ, Г.Мұратбаев көш, 13 уй Бизнес-орталық ғимараты «Бабас», 5-этаж, 513-офис	8 /7242/40-08-18 8 777 340 87 34 (Жандос Бектайулы) 8 701 672 67 41 (ТурарТугелович) www.antisekta-kyzylorda.kz 247246@mail.ru samryk87@rambler.ru

25	«Сана» дінтанулық ақпараттық-консультативтік орталығы ҚҚ	Оразбаева Гульнара Какеновна - Президент	Көкшетау қ Б.Момышұлы көш 41, каб. 110	8 (7162) 25-57-16 8701-729-70-62 e-mail: kokshe_antisekta@mail.ru
26	«Психикалық оңалту және дін мәселелерін зерттеу орталығы» ҚБ	Диханбаев Бауыржан Жақсылықұлы	Астана қ Орынбор көш 16 В	8 (7172) 50-24-98, 50-24-25 8 705 202 57 28 bauirzhan90@mail.ru
27	«Аңсар» консультативтік-оңалту орталығы	Сабдин Аскар Калимжанович	Ақтөбе қ, . 312 Стрелковая дивизия даңғылы 30/А	8 701 222 04 29 8 (7132) 744750 ansaraktobe@gmail.com
28	Ішкі саясат басқармасының «Әлеуметтік бастамалар орталығы» КММ	Тұрсынбай Нұржан Арыстанбекұлы	Шымкент қ, Бейбітшіліккөш №3	8(7252) 22-13-64,22-18-14 8 702 120 97 87 csi_uko.kz@mail.ru

**Қазақстан Республикасының территориясында соттың шешімімен
тыйым салынған террористік және экстремисттік
ұйымдардың тізімі**

I. 2004 жылдың 15 қазанындағы Қазақстан Республикасы Жоғары Соты шешімінің негізінде

1. «Аль-Каида»
2. «Шығыс Түркістан исламдық қозғалысы»
3. «Өзбекстанның исламдық қозғалысы»
4. «Күрдтік Халықтық конгресс»

II. 2005 жылдың 15 наурызындағы Жоғары Соттың шешіміне сәйкес

1. «Асбат аль-Ансар»
2. «Мұсылман бауырлар»
3. «Талибан қозғалысы»
4. «Боз гурд»
5. «Орталық Азияның моджахедтер жамааты»
6. «Лашкар-е Тайба»
7. «Әлеуметтік реформалар қоғамы»

III. 2005 жылдың 28 наурызындағы Астана қаласы сотының шешімі бойынша

1. «Хизб-ут-Тахрир» ұйымы

IV. 2006 жылдың 17 қарашасында Астана қаласы сотының шешімі бойынша

1. «АУМ Синрекё»
2. «Шығыс Түркістанның азаттық ұйымы»

V. 2008 жылдың 5 наурызындағы Астана қаласы сотының шешімі бойынша

1. «Түркістанның исламдық партиясы»

VI. 2011 жылдың 25 қарашасындағы Атырау қаласы сотының шешімі бойынша

1. «Джунд-аль-Халифат»

VII. 2012 жылдың 7 маусымындағы Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімі бойынша

1. «Сенім. Білім. Өмір» РҚБ

VIII. 2013 жылдың 26 ақпанында Астана қаласының Сарыарқа аудандық сотының шешімі бойынша

1. «Таблиғи джамағат»

Сонымен қатар 2009 жылдың 5-ші ақпанында Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімімен Қазақстан тұрғындарының денсаулығына зиянын тигізу арқылы мемлекет қауіпсіздігін бұзатын «Ата-жолы»ЖШС және «Ата жол»(Ақ жол) қозғалысының қызметін БАҚ арқылы тарату мен насихаттау жұмыстарына тыйым салынды.